

*Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шашпақ...*  
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**1/2018**

**қаңтар**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,  
Нұршиа Оразақынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

### *Таным табиғатында*

Ғ.ШӘРІБЖАНОВА.	Аудармаға үйретудегі әлеуметтік-мәдени тәсіл.....	3
Б.ЕСЕНОВА.	Сындарлы оқыту: бүгінгі мен келешегі.....	10
Г.ДӘРКЕНБАЕВА.	Сегіз серінің өмір жолына, өнеріне ықпал еткен әлеуметтік орта.....	16

### *Авторлық бағдарлама*

Ә.ХИТАРОВА.	«Дыбыстық әлемі».....	24
-------------	-----------------------	----

### *Латын әліпбиіне көшу*

Қ.ҚАДЫРҚҰЛОВ.	Тіл заңдылығына бағынған алфавите мін болмайды.....	30
Н.ЕСЕНҒАЗЫ.	Латын әліпбиіне көшу - заман талабы.....	38

### *Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс*

А.ЖЫЛМАСОВА.	Шалкиіз жыраудың «Би Темірге бірінші толғауы».....	40
К.МУХИТОВА.	М.Жұмабаев. «Түркістан» өлені.....	43
Б.ТҰРАҚБАЕВА.	Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы.....	46
Д.АХМЕТОВА.	Т.Әбдіқов «Қонақтар».....	53
М.ТИЕРМЕНОВ.	Ж.Аймауытов. «Әнші».....	59
Ү.ӘМІРХАНОВА.	С.Аронұлының өмірі мен шығармашылығы.....	63
А.УРАЗОВА.	Қазыбек бидің шешендігі.....	79
Г.АХМЕТОВА.	«Қобыланды батыр» жыры.....	83

### *Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс*

К.ӘЛМҰҚАНОВ.	Әдеп.....	88
С.НАБИЕВА.	Тасымал.....	93
Г.ТУРАЛШЕВА.	Денсаулық - зор байлық.....	97
Л.БЕКБОСЫНОВА.	Киім түрлері және талғам.....	101
А.ЖҰМАҒАЛИЕВА.	Қазақ халқының салт-дәстүрлері.....	104
Ш.МАЛЫШУБАЕВА.	Сын есімнен өткенді қайталау.....	108
Л.ӨМІРБАЕВА.	Төрт түлік жайындағы өлең-жырлар.....	115

### *Әдеби кеңіс*

А.ҮМБЕТӘЛІ.	Түркі халықтары арасынан шыққан ең үздік әлем ақыны.....	118
Н.МАТЖАНОВА.	Көктемнің жазға ұласар жайсаң жаны.....	123
П. АБДИШЕВА.	Ақын деген киелі аққу самғаған.....	130

### *Ұстаз мерейі*

Г.КАРМЕНОВА.	Еселі еңбек-ердің ісі.....	135
--------------	----------------------------	-----

### *Сыныптан тыс жұмыс*

Г.ТЕМІРҒАЛИЕВА.	Ана тілі - жүрек үні.....	139
-----------------	---------------------------	-----

ӘОЖ: 81-1-027.21

**Ғ.ШӘРІБЖАНОВА,**  
**Алматы энергетика және**  
**байланыс университетінің**  
**доценті, ф.ғ.к.**

## **АУДАРМАҒА ҮЙРЕТУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ТӘСІЛ**

Мақалада аудармаға үйретудегі әлеуметтік-мәдени тәсіл мәселесі қарастырылады. Шет тілін үйрену мен пайдалануда әлеуметтік институттардың өзара қатынаста болуының маңыздылығы талданады. Бұл тәсілдің болашақ аудармашы үшін өз кәсібі аясында қарым-қатынас жасау мәдениетін арттыруға да негіз болатыны ұсынылады.

Түйін сөздер: аударма, әлеуметтік-мәдени тәсіл, шет тілін үйрену, қарым-қатынас мәдениеті.

Кез келген сөз немесе пікір айту, пікір алмасу белгілі бір әлеуметтік ортада пайда болады, өтеді. Әлеуметтану және әлеуметтік психология жұмыстарының қазіргі даму кезеңінде әлеуметтік институт (заңмен бекітілген қоғам салты, дәстүрі, заңы) түсінігі кең қолданылады. «Әлеуметтік институттар – бұл белгілі бір әлеуметтік маңызы бар функцияларды атқаратын, өздерінің әлеуметтік рөлі бойынша мақсатқа жету жолында оның әрбір мүшесімен орындалатын әлеуметтік құндылықтар, нормалар мен мінез-құлық, тәртіп үлгілері бойынша бірлескен жетістігін қамтамасыз

етуші, ұйымдасқан адамдардың бірлескен тобы» [1]. Әлеуметтік институт-адамдардың үлкен тобын қамтитын білім беру орталығы. Ол ережелердің әдісін, тәртіптің стандартталған үлгілерін орнатады. Іс жүзінде кез келген қызмет институционалды шарттастықта болып табылады. Ғылым, дін, мектеп, отбасы, т.б. зерттеушілердің айтуынша, әлеуметтік институттар болып қарастырылады.

XX жүзжылдыққа дейін ғылым интеллектуалды элита өкілдерінің зерттеулері түрінде қолданылды. Өткен ғасырда ғылым мен техниканың қарқынды дамуы ғылыми мағлұматтардың үлкен дифференциациясына алып келді. Лайықты мамандарды дайындайтын институттар пайда болды. Ғылыми зерттеулерді үйлестіру және оларды іс жүзінде қолдану үшін ірі зерттеу орталықтары мен үйлестіру кеңестері құрыла бастады. Ғылым мен техниканың институттандыру үдерісі қазіргі заманғы білім беру жүйесін, мекеме, ұйым, қоғамдастықтың туындауын, әлеуметтік қатынастармен байланысты қызмет нормаларының жүйесін, сондай-ақ осы қызметтің мамандануын қамтиды [2]. Қоғамдық сана-сезім қатынастары мен формаларына сәйкес, қызметтің белгілі бір түрінің пайда болуы нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік қарым-қатынас саласы әрбір әлеуметтік институтпен ара қатынасын белгілейді.

Европадағы зерттеушілер кеңесі шет тілін үйрену мен пайдалануда қолданылатын келесі тілдесу аясын анықтауды ұсынды: «Тілдесу аясында әлеуметтік өзара

қатынас жүзеге асырылатын қоғамдық өмірдің кең шоғыры деген түсінік жатыр», соған сәйкес білім беретін, кәсіптік, қоғамдық және дербес салаларға бөлінеді [3]. Тілдесудің бұлай бөлінуі, толығынан алғанда, адамдар арасындағы өзара әрекеттестікті реттейтін және ғылым мен техника саласындағы тілдесуді бір мамандық аясында қарастыруға мүмкіндік беретін осы бөлінген салалар әлеуметтік институттармен өзара қатынаста болғандықтан орынды болып табылады.

Зерттеулер тілдесу функциясының көп түрлілігін көрсетеді. Кәсіби бағдарланған мәтін әлеуметтік институт пен кәсіби тілдесу аясының ерекшелігімен қамтамасыз етілген. Тілдесу адамдардың қоғамдық еңбек тәжірибесінде біріккен әрекетіне қызмет ете отырып, осы тілдесудің сыртқы мақсаттары кіретін нақты және арнайы қызметтерді атқарады. Мұндай қызмет-мақсаттарға төмендегілер кіреді: жалпы білім беру, тәжірибе тарату мен мұраға қалдыру, өзіндік сананы қалыптастыру, тұлғааралық қатынасты қалыптастыру мен көрсету, ұйымдастыру және басқару, тәрбиелеу және оқыту. Тілдесудің кәсіби саласында барлық бөлініп көрсетілген функциялар таныстырылған, бірақ тәжірибе тарату мен мұраға қалдыру үстем функция болып қала береді.

Аудармашы үшін шет тілді мәтінді түсіну мен аудару кезінде мәтінді жіберуші мен алушы сипатының білімі де маңызды сияқты болып көрінеді.

Адам өз өмірі мен қызметінде отбасына тән, кәсіби қоршаған орта үшін мінез-құлықтың қоғамдық нормасы

мен стереотиптерін әртүрлі ұйымдар мен институттар арқылы меңгереді. Мінез-құлықтың әлеуметтік нормалары әрқашан өзара байланысты және қоғамның мәдени құндылықтар жүйесімен қамтамасыз етілген.

Ғылым мен техниканың қарқынды дамуынан «ғылыми мәдениет» жалпы мәдениеттің ажырамас бір бөлігіне айналды. Дегенмен әрбір елде кәсіби ғылыми-техникалық салада өздерінің дәстүрлері, тілдесу ережелері бар. Ғылым мен техника саласындағы түсінік қазіргі заманғы тілдесу құралы жоқ болған кезде ежелгі дәуірде жинақталып, ұлттық-мәдени ерекшеліктерге алып келгендігімен түсіндіріледі. Бұл айырмашылықтарға көптеген зерттеушілер көңіл бөлді. Американдық зерттеушісі Т.Кун өзінің жұмысында оқыту үдерісінде игерілген және жазу көздеріндегі ғылыми білімдердің ережелерін ұсыну немесе ауызша тілдесудегі үлгілерді басшылыққа алғандығын жазады [4]. Әрбір ұлттық ғылымда айқындалған жұмыс істеу стилі, ойлау стилі, әдіснама стилі бар. Осымен байланысты орыс ғылымы мәдениетінің неміс, француз ғылымының мәдениетімен ортақ ерекшелігі болса, қазақ ғылымының мәдениеті туыстас түркі тілді халықтармен ортақ белгілері арқылы ерекшеленеді. Әртүрлі елдердегі ғалымдар мен мамандардың құндылықтар, тұжырымдар, түсініктер, қарым-қатынас, тәртіп арасындағы айырмашылықтарды атап көрсеткен француз зерттеушісі Д.Леман бұл өзгешеліктерді ұғынудың арнайы дискурсты түсіну үшін айқындаушы

мәні бар деп санайды [4].

Бұндай тәсіл зерттеушілерге мәдениеттің екі деңгейлес шегін бөліп алуға мүмкіндік берді: үйреншікті (онтогенез бен филогенездегі әлдеқайда ерте саты) және арнайы (индивидпен әлдеқайда кештеу сатысында меңгеріледі). Үйреншікті мәдениет адамдардың күнделікті өмірін қолдаумен байланысты, мамандандырылған мәдениет қоғамдық еңбек бөлінісімен және қызмет аясының жүйелік-институционалдығының барлығымен қамтамасыз етілген. Балдәурен кезде алынған арнайы білім адамға жас кезінде кәсіби мәдениетті түсінуге көмектеседі. Мамандандырылған деңгейдегі әрекеттің үйреншікті мәдениеттен айырмашылығы әлдеқайда ақыл-ойдың талабына ғана негізделген сипатта болады және қатал институционалдық шеңберде өтеді [5]. Қазіргі кезеңде мамандандырылған мәдениетке тілдесудің ұлттық ерекшелігі мен халықаралық сипаты араласып кетті.

Шет тілді мәтінді жіберушінің әлеуметтік мәдени ерекшеліктерін түсіну және мәтін аудармасын алушының әлеуметтік мәдени ерекшеліктерін ескеру аудармашы алдында тұрған барлық міндеттердің жиынтығын тауыспайтындығын атап өту керек. Аударманы кәсіби қызмет тұрғысынан қарастыру аудармашының әрекеті өтетін кәсіби органы түсінуді қажет етеді. Бұндай әлеуметтік мәдени тәсіл аудармашының кәсіби тапсырмаларының тізімін кеңейтеді және студенттерді тілдесудің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін кәсіби

ортада түсіну мен таратуға ғана емес, жұмыс берушімен, мамандармен және аудармашылармен қарым-қатынас жасауға дайындайды. Болашақ аудармашы қажетті ақпаратты аудармаға дайындық кезеңінде алуды, мәтінді талдау мен құрастыру үдерісінде мамандар мен аудармашыларға жүгіне отырып, мүмкін болатын сыртқы қорларды, т.б. пайдалана алуы керек. Ауызша аударма жасағанда ол өзін келіссөздер, жиналыстар кезінде тілдесу үстінде әдептілік, төзімділік танытып, құпиялық сақтауды да білуі керек.

Осылайша, аудармаға үйретудегі әлеуметтік-мәдени тәсіл кәсіби тілдесудің мәдениет аралық құралымен қамтамасыз ету ретінде аударма жасауға үйретудің әдістемелік негізін ұсынады. Бұл тәсіл шет тілдік мәтінді жіберуші мен аударма мәтінін алушының кәсіби салада тілдесудің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін түсіну мен таратуды үйрету ғана емес, сонымен қатар болашақ аудармашының өз кәсіби аясында қарым-қатынас жасай алуын да қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бим И.Л. Некоторые актуальные проблемы современного обучения иностранным языкам// Иностран. Языки в школе.-2001.-№4.-5-11с.

2. Астафурова Т.Н. Деловое общение как инвариант профессиональной межкультурной коммуникации./ Обучение иностранному языку как коммуникативному взаимодействию. //Астафурова Т.Н./ Сб. науч. тр. МГЛУ, вып.443 М.,1999 - С.35-43

3. Общевропейские компетенции владения



иностранном языке: Изучение, преподавание, оценка, Департамент современных языков, Страсбург, Cambridge University Press., М.: Изд-во МГЛУ, 2003: 256 с.

4. Астафурова Т.Н. Стратегии коммуникативного поведения в профессионально-значимых ситуациях межкультурного общения (лингвистический и дидактический аспекты): Автореф. Дисс. докт. пед. наук: 13.00.02;М., 1997.- 41 с.

5. Бим И.Л. Концепция обучения второму иностранному языку (немецкому на базе английского): Учебное пособие. Обнинск: Титул, 2001.- 48с.

#### **Социокультурный подход к обучению переводу**

В статье рассматривается социокультурный подход к обучению переводу. Анализируются важность взаимосвязи социальных институтов при изучении и использовании иностранного языка. Этот подход повысить уровень культуры общения будущего переводчика в рамках своей сферы.

Ключевые слова: перевод, социокультурный подход, изучение иностранного языка, культура общения.

#### **Sociocultural approach to learning to translate**

The article deals with the sociocultural approach to learning to translate. The importance of the interrelation of social institutions in the study and use of a foreign language is analyzed. This approach enhances the level of communication culture of the future interpreter within its scope.

Keywords: translation, socio-cultural approach, learning a foreign language, a culture of communication.

**Б.ЕСЕНОВА,**  
**№203 орта мектеп.**  
Қызылорда облысы,  
Жалағаш ауданы,  
Жаңадария ауылы

## **СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУ: БҮГІНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ**

«Ұстаздың биігі, ойлана қарасаң, биіктей береді, үңіле қарасаң тереңдей береді; қол созсаң-қарсы алдында, айналсаң-артыңда тұрғандай» деп Сократ айтқандай, егемен еліміздің алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің қатарына қосылуға табандылықпен жылжу саясаты білім саласына да түбегейлі өзгерістер енгізе отырып, жаңа талаптар қойып отыр. Бүгінгі таңдағы білім берудің жаңа жүйесі бәсекелестікке қабілетті, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеп шығаруды көздейді. Ұстаз алдында оқытудың жаңа технологиясын қолдана отырып, сапалы, салауатты, жан- жақты дамыған, заман талабын орындай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр. Біз, ұстаздар қауымы, әрқашан білімімізді жетілдіріп, шығармашылық ізденісте болуымыз керек. Себебі, бүгінгі мектеп партасында отырған бүлдіршін-ертеңгі ел тағдырын ұстайтын азамат. Мұғалімнің басты міндеті- оның сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету.

XXI ғасырда білім беруді дамытудың жолдары белгілі бір дәрежеде мұғалім даярлығынан басталып,

оның тәжірибе тұрғысынан ұшталып шыңдала түсуіне тікелей байланысты. Қазіргі заман талабы-мұғалімнен үздіксіз білімін жетілдіріп отыруды талап етеді. Мемлекетіміздегі білім беруді әлемдік деңгейге жеткізу барысында білім беру саласында Кембридж тәсілдері енгізіліп, педагог қызметкерлер осы бағытта өз білімдерін көтеру курстарынан өтуде. Осы орайда мен де облыстық педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтында Кембридж бағдарламасы бойынша үшінші деңгейлік курсынан өттім. Бүгінгі күні өз мектебімде тәжірибе жинақтап жүрмін. Бағдарламаны меңгерту кезеңінде әлемдік білім берудегі Кембридж тәсілінің теориясы толық таныстырылды. Бұл бағдарламаның басым бөлігінде, түрлі әдіс- тәсілдерді қарастырғанына қарамастан, сындарлы оқыту теориясы негіздері қамтылған. Бұл оқытудың басты бағыты-оқушының ойлауын дамыту. Оқушы өзіндегі бар білімді түрлі дерек көздері арқылы мұғалімнен, достарынан, оқулықтан алған білімдермен толықтырып, біріктіріп, оны іске асырады. Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған көптеген білімдерін тиімді сіңіре алмайды. Сондықтан да механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алып отырады. Дәстүрлі оқытудан алынған білім механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кезінде тиімді пайдалануға болады. Бірақ мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан тақырыпты оқыту аяқталған соң не емтихан біткен соң керексіз болып қалады және

оны оқушы өмірде пайдалана алмайды. Ал сындарлы оқытуда керісінше, оның мақсаты-оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыта отырып алған білімдерін кез келген жағдайда сыныптан тыс жерде тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сыни тұрғыдан ойланған оқушы өз ойын дұрыс түсіндіре алады және жауап беруге үйренеді. Осының нәтижесінде оқушы пәнді терең түсінетін болады. Оқушыларды оқыту барысында «сындарлы оқыту» бағдарламасындағы оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету негізінде жүргізілген сабақтар өз нәтижесін береді.

Оқушылар жұппен, топпен біріге отырып жұмыс жасауға дағдыланып, пәнге деген қызығушылықтары артады. Сөйтіп оқушы бойында ынтымақтастық, мейірімділік, шыдамдылық, ұжымдық жауапкершілік қасиеттері дамиды. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойландыра алатындай ашық сұрақтар мен деңгейлік тапсырмалар беріп және оқушыны сыни тұрғыдан ойландыра отырып, оның қай деңгейде екенін анықтауға болады. Сабақ барысында тақырыпты талқылаудың Мерсер ұсынған үш түрін қолдануға болады.

1. Әңгіме- дебат: оқушылар бәсекеге қабілетті, басқа адамдардың көзқарасын қабылдауды қаламайды.

2. Кумулятивтік әңгіме: мұнда оқушылар бір- бірінің үлесін сынамайды және сындарлылыққа негізделеді.

3. Зерттеушілік әңгіме: ұсыныстар жөнінде күмән туып, қарсы дау айтылып, негізделген дәлел мен сын тұрғысынан ойлайды. Дәлел ретінде «Бірге ойлаймыз», «Бірік, бөліс, ойлан», т.б. әдістері арқылы қызу

пікірталастық әңгіме өрбитінін сабақ барысында көріп жүрмін. Мәселен, «өлшемдер бойынша міндетті түрде жазып отыруымыз керек пе?», «постерге ойымызды қалай түсіреміз?», «дәлелдермен түсіре аламыз ба?» деген сияқты сұрақтар төңірегінде оқушы сыни тұрғыдан ойлана отырып, өз білгендерін біріктіруге талпыныс жасайды. Сыни ойлау- оқушының қай нәрсеге болса да терең оймен қарап, салыстыра талдау жасап, өз көзқарасын білдіруі, өзіндік менін қалыптастыруы.

«Сабақ - оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы» деп А.Сухомлинский айтқандай, өз сабақтарымда осы бағдарламадағы жеті модульдің бірнешеуін бірден пайдалануға болатынына көз жеткіздім. Бұдан ұтарымыз көп. Әр мұғалім - өз сабағының көшбасшысы. Көшті қалай бастап алып жүремін десе де өз қолында. Ал көшті дұрыс бағыттау білу – мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Бұл бағдарлама бойынша «Қызығушылығын ояту» кезеңі бұрынғы білетін білім мен жаңа білімді ұштастыру болып табылады. Білім беру мен білім алудағы жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқу барысында оқушылар бұрынғыдай тек тыңдап және көшіріп қоймайды, сонымен бірге белсенді әрекеттер атқарады. Бұл белсенді әрекеттерге ойлау, оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікірлесу, пікірталастар жатады. Сындарлы оқыту арқылы оқытуда білім дайын күйінде берілмейді, ол тек белсенді әрекеттер арқылы ғана игеріледі. Оқушылар өзара ынтымақтаса отырып қоян-қолтық қарым-қатынас жасайды, бірлесе әрекет жасап, диалог құрады.

Топтық әдісті қолдану барысында оқушылардың бір – бірімен ақылдасуы, оны топтан біреуінің шығып айтуы, ал болжау әдісін қолданғанда оқушылардың мәтінде не жазылуы мүмкін екендігі туралы өз ойларын диалог арқылы да көрсете біледі. Жаңа сабақты бекіту-мағынаны тану кезеңінде оқушы жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс жасайды, тапсырмалар орындайды. Сонымен бірге оқушылар идеяны жеткізіп қана қоймай, шешім табу үшін топқа сұрақтар қояды. Әр топтан бір оқушы шығып, сынып алдында мәтін мазмұнын қысқаша баяндайды. Ал сабақты қорытындылау – ой- толғаныс кезеңінде оқушы не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда қалай қолдану керектігін ұғынады. Бұл жерде балалар эссе жазады: өз ойларын қағаз бетіне түсіріп, түйгендерін анықтайды. Бұл модульдің нәтижесі зор. Себебі оқушылар өз ой- пікірлерін ашық, еркін айта алады, сабақ барысында бір- бірінің қателіктерін айтады, жақсы қасиеттерін үйренеді, өтілген тақырып естерінде көпке дейін сақталып, сабақ барысында өздері талдайды. Бір – біріне талап, өтініш, тілектерін білдіре алады. Бұл модульдің тағы бір ерекшелігі оқушыларды топтап оқыту. Топтап оқытудың пайдасы туралы Әбуғали ибн Сина былай деген болатын: «Егер бала жалғыз оқып, сыныптастары жоқ болса, бұл оқытушы мен үйретушіге ортақ қынжылыс болмақ. Сондықтан ең жақсысы – балалар оқу- тәрбие үрдісінде үлгілі мінезге бір-бірінен үйренетін ұжымдық оқытуды

ұйымдастыру». Топқа бөліп оқытқанда оқушылардың талпыныстары артады, әр оқушы өзін жеке керекті тұлға ретінде сезінеді және өз үлесін қосуға талаптанады. Бір адамның айтқанынан гөрі бірнеше адамның айтқаны есінде тез жатталады.

Ізденуші мұғалім бала бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктеріне баға беріп, әрі қарай өз бетінше дамыта түсуіне жағдай туғызуы керек, көмектесуі қажет. Бұл үшін ұстаздың өзі де өзгеруі керек, дәстүрлі оқытудан арылуы тиіс. Осылайша оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір мұғалім өзінен бастауы қажет. Мұғалім оқушыға білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл- ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөлуі тиіс. «Нашар мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» деп неміс педагогі А. Дистерверг айтып өткендей бүгінгі мұғалімдер жақсы мұғалім атану үшін түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып бала білімін ұштауда.

Мен 2050 жылғы Қазақстан әлемнің дамыған елдерімен терезесі тең, ақпараттық – технологиялық, ғылыми-техникалық, рухани-мәдени салалары жетілген, бірлігі жарасқан ел болатынына сенемін. Әділетті, сапалы білімді, саналы тәрбиелі, тілін құрметтейтін ұрпақ сабақтастығы жалғасын таппақ. Заманауи жетістіктермен ілгері жылжитын шуақты күндерді көргім келеді.

**Г.ДӘРКЕНБАЕВА,  
С.Ж.Асфендияров атындағы  
Қазақ ұлттық медицина  
университеті.  
Алматы қаласы**

## **СЕГІЗ СЕРІНІҢ ӨМІР ЖОЛЫНА, ӨНЕРІНЕ ЫҚПАЛ ЕТКЕН ӘЛЕУМЕТТІК ОРТА**

Қазақ халқының арыстарының бірі XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүріп, артында мәңгі мұра қалдырған елім, жерім деп жырлап, қазақ ауылдарына аянышпен қарағандығы үшін - ақ патшадан қуғын-сүргін көрген Сегіз сері Баһрамұлы Шақшақов болды. Сегіз Сері Баһрамұлы Шақшақов 1818 жылы наурыз айында, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты «Благовещенка» ауылының төңірегіндегі Гүлтөбе –Маманай деген қоныста дүниеге келген.

Сегіз серінің әнші, күйші, жыршы, ақын болып қалыптасуына оның өскен ортасы мен жақын туысқандарының әсер еткенін байқаймыз. Айталық, Баһрамның немере ағасы Жанкісіұлы Салғара (1750-1859) атақты әнші, күйші, композиторлығымен қатар, ақындығымен жұртқа белгілі болған (әйгілі “Жиырма бес” әнінің авторы). Бұдан да басқа сол елдегі Көшек Бауыржанұлы, Иманғабит Ырғызбайұлы сияқты сал –серілер үлгі, өнеге көрсетіп ұстаздық еткен. Сегіз серінің өскен ортасында ақындық пен сал-серілік дәстүр ешбір үзілмей буыннан-буынға жалғасып отырған. Сегіз сері өзінің шығармашылығы жайында “Қашқын келбеті” атты өлеңінде айқын айтқан:



*Гауһармын таразыға салынбаған,  
Қылышпын қынабынан алынбаған.  
Керейдің Сегіз атты саңлағымын,  
Секілді жанған оттай жалындаған.  
Көп жігіттің топ бастар серкесімін,  
Ортасында биігі – өркешімін  
Сал-серінің жетекші, өнерпазы,  
Үш жүздің бұл күндегі серкесімін [1]. (ӘӨИ  
-қорындағы М.Болатов материалдары. 45-б.)*

Баһрамұлының туған жері ну орманды, көкорай шалғынды, қаз-үйрекке толы Бұқпа көлінің жағасы, ол кезде Қожаберген ауылы аталатын елді мекен еді. Сегіз сері туған жерінің осындай тамаша табиғатына сүйсініп өскен. Сондықтан оның әсем көркін өз шығармаларына талай арқау еткен, көптеген өлеңдер арнаған. Осы жерде Сегіз серінің ұлы атасы Шақшақ шешеннен әкесі Баһрам батыр туған. Бұлардың арғы атасы Толыбай сыншы және оның әкесі Дәулен батыр Тұзарұлы да осы жерді ерте заманнан бері мекендеген. Қазақ халқының орта жүз тайпалық одағына жататын Керей тайпасының Ашамайлы Көшебе елінен шыққан Сегіз серінің бабаларының бәрі дарынды кісілер болған. Сондықтан осындай ортадан шыққан Сегіз серінің талантына таң қалмауға болмайды.

Енді осы Сегіз сері Шақшақовтың шыққан тегіне, туып өскен ортасына шолу жасасақ, оның жетінші атасы Дәулен батыр болса, алтыншы атасы Толыбай сыншы, ақын жырау болғанын білеміз. Толыбай сыншының ұрпақтары «Ер Көкше», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Ер Қосай», тағы басқа дастан-жырларымен бірге, 1723 жылғы қазақ халқының өміріндегі ауыр кезеңдерді суреттейтін өлеңмен жазылған тарихи-шежіре «Елім-ай» дастанының авторы Қожаберген

жырау, «Дәстемнама» тарихи дастанның авторы Дәстем сал, сондай-ақ Жанкісі Шақшақ, Салғара Жанак, өз әкесі Баһрам - барлығы өз жандарынан өлең шығарған әйгілі ақын, жырау, шешен, би болған [2,79]. Бәрі де шетінен білімді, сауатты болған, арабша парысша, көне түркі тілін, орыс тілін жақсы меңгергендері де бар. Аталарының ішінде ең биіктен көрінетіні- Қожаберген жырау.

Жоңғар жойқынына қарсы күрескен қазақ жасақтарына қолбасшылық еткен Қабанбай мен Бөгенбай батырлардың ерліктері мен ұрысты ұйымдастыру тәсілдерін көзбен көрген адамдардың бірі Толыбай сыншының баласы Қожаберген жырау екені белгілі. Әлі күнге дейін аза бойымызды қаза ететін, исі қазақ мұңының өшпес жыры «Елім-ай» тәрізді ұлы дастанды мұраға қалдырған да осы Қожаберген жырау. Ұлы жойқыннан туған ұлы жырды тебіренбей, толқымай оқу мүмкін емес. Көкірекке мұң, көзге жас толтыратын жырдың өзегі - өмір шындығы, халық тағдыры. Әрі мұны тудырған адам қатерлі оқиғалар мен сұрапыл соғыстардың бел ортасында, айқас өтінде жүрген. Әйгілі дастан тұңғыш рет, толық көлемде «Дала дидары» газетінде жарияланды (1992 жыл №20) Қожаберген жырау 1723 жылы жойқын ұрысқа да, «Бұланты, Өлеңті өзендері бойындағы шайқастарға да қатысқан адам» - деп жазады Төлен Қауыпбайұлы [3,79].

Нәбиден Әбутәлиевтің Әділ ақсақалдан (1873-1969 жж.) жазып алған (1956 ж.) шежіресінде Сегіз серінің аталары туралы толығырақ айтылған. Бұнда Ашамайлы Керей атанған елдің Көшебе Керейінен бастап Сегіз серінің ұрпақтарына дейін көрсетілген. Н.Әбутәлиев 1998 жылы Сегіз сері ата-бабалары жөнінде жаңғыртып

тағы мақала жазды. Осы шежірені жалғастырып Өтепберген Ақыпбекұлы «Сегіз сері ұрпақтары»-атты көлемді мақала шығарған [4,38-39].

Шежіреде атақты Қожаберген жырау Толыбай сыншының Ақбілек атты әйелінен туғаны айтылады. Осы Ақбілектен туған жиырма ұлдың ең үлкені Қарабас батыр болса, ең кішісі Қожаберген жырау. Толыбай сыншының жеңгедей алған Қалима атты әйелінен төрт ұл туған. Сыншының туған нағашысы Кіші жүз алты ата Әлімұлының бірі Төртқарадан шыққан, кезінде Самарқанды билеп, ондағы тамаша ғимараттарды салдырған атақты Жалаңтөс Баһадүр Сейтқұл ұлының ұрпақтары Әйтеке би де осы тұқымнан. Қожаберген сол нағашыларының қолында болып, Самарқанд медресесінде оқыған білікті адам болса керек. Өз өлеңінде Бұқар жырауға ұстаз еткендігі айтылады.

Белгілі фольклоршы Қаратай Биғожиннің мақаласында Бұқар жырау Қалқаманұлының өз ұстазы Қожаберген жырауға арнаған «Ғаділ ер», «Ұстазым» деген өлеңдері жарық көрді [5,27]. Онда Қожаберген жыраудың қолбасшылық еткені, өз еркімен билігін Бөгенбай батырға бергені айтылады. Ғаділ ерден бір шумақ келтіре кетейік:

*Көшебе Керей ағасы,  
Толыбай сыншы баласы  
Қол бастаған Қожакең  
Үш жүздің болды -ау данасы  
Қожаберген ғаділ ер  
Қадірін білген қалың ел  
Бөгенбайдай батырға  
Билігін берген ардагер...*

«Ұстазым» атты өлеңнен Тәуке ханға «Жеті жарғысын» жазуға көмектескен де Қожаберген

екенін оқимыз. Өлеңнің соңында Бұқар жырау былай жырлайды :

*....Қожакеңнен үлгі алған,  
Әкем аты-Қалқаман.  
Нұсқа үйрендім өзім де,  
Ермедік деп айта алман. [6, 30].*

Сегіз серінің әкесі Баһрам Маманай төңірегінде мешіт ашып, бала оқытып, ұстаздық еткен адам болатын. Ол «Жалаңтөс баһадүр», « Қанжығалы қарт Бөгенбай», «Ер Қабанбай», «Әз Жәнібек», «Әз Тәуке», «Қайғылы белбеу», «Салқам Жәңгір», «Азат Батыр» сияқты көлемді жыр- дастандар жазып қалдырған [31]. Ақындық өнер атадан балаға мирас болып келе жатқан осындай дарынды ортадан Сегіз сері секілді таланттың шығуы табиғи заңды құбылыс.

Баһрамұлы сегіз жасқа келгенде анасы Жамал ауырып қайтыс болған. Шешесінің қырқы өте салысымен бір аптадан кейін әкесі Баһрам қайтыс болады. Ата-анадан ерте айырылған Сегіз, атасы Шақшақтың қолында тәрбиеленеді. Сегіз жастайынан ата - анасыз қалсада жетімдік зардабын тартпаған. Ағасы Көрпеш Сегізді Қызылжар қаласындағы “Приходская школаға” орысша оқуға береді. Бұнда оқуды жақсы оқып бітіріп шығады. Осы кезде Сегіздің оқуға деген құштарлығы жан жақты қабілеттілігі көріне бастайды. Ол бес жасынан әскери спорт ойындарына әуес болады, осыны байқаған ағалары мен атасы Шақшақ ер жігітке қажетті әскери ойындар мен өнер атаулының бәрін үйретуге тырысқан. Толыбай сыншыдан бері қарай үзілмей келе жатқан қолөнер кәсібін, әскери ойындарды Шақшақ өзі жақсы игеріп алып, балаларына да үйреткен. Себебі Шақшақ өзінің жақсы көретін немересін еркелетіп, өсіріп әке - шешесінің жоқтығын білдірмеуге тырысқан. Шақшақ

немересін қол - өнеріне, әскери ойындарға ерте баулиды. Ол Сегізге садақ тарту, қылышпен шабу, мылтық ату, шокпарласу әдістерін үйретеді.

Сегіз ақындық, әншілік өнерді Имамғабит сері мен ағасы Көрпештен үйренген. Сегіздің осындай көп өнерін бағалап жұрт кейінірек оны сері атаған. Сегіз серінің дарындылығы туралы көпдеген деректер бар.

Әдеби мақалдар жазып жүрген Серік Негимовтың «Өнерпаздық өрнектері» атты әдеби жинағы жарық көрді [7,33б.]. Онда жазушы мәдениетін дамытуда, халықтың ой-сезімін, рухани дүниесін жаңартып байытуда сал-серілер мен әнші-ақындардың қосқан үлесін әділ бағалай отырып: «Өткен ғасырлардағы Арқа өнерпаздары Нияз сері, Сегіз сері, Сейткерей, Шәрке, Біржансал, Ақан сері және тағы басқалары өнер атаулының барлық түрлерін гүлдендіріп, құлпыртып ұстады», - деп жазады. «Бұлар өнерпаздық қырларымен ғана емес, сауттылығымен де белгілі адамдар болған. Мысалы Сегіз сері 1835 жылы Омбының Сібір әскери училищесін бітірген, орысша еркін сөйлеген. Ғұлама ғалым академик Әлкей Марғұланның «Сал, серілердің қазақмәдениетіне қосқан үлесі» деген қолжазбасындағы кейбір деректерге жүгінсек, Нияз сері парсы тілінен «Тотынамені» қазақшалаған. Сегіз сері, Ақан сері, Сейткерей «Мың бір түннің», «Мәлике» кітабының және «Тотынның тарауларын көркем, әсерлі, нақышты тілмен жырлаған», деп жазады С.Негимов, жоғарыда аталған еңбегінде. Сондықтан оларды әрі өнерпаз деп бағалауға әбден болады.

Сегіз деп атап кеткен, кейін оған «сері» атағы тағы қосылған. Оның Сегіз сері атануы туралы ғалым Е.Жақыпов: «Сегіз сері деп сегіз қырлы өнер иесі болған соң атаса керек», - дейді [8] Қазақстан Республикасы

Ғылым Академиясы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында сақтаулы «Керей шежіресінде» оның сегіз сері аталуына байланысты былай деп жазылған «Мұхаммед-Қанафия сегіз жасында әкесі, ағасы Шағырай сал және Жанат серімен бірге аңға шыққанда тайға мініп ере шығады да, сол арада ағасы Шағырай оқтап берген шиті мылтықпен көздеп атып, алдарынан қашқан бір киікті құлатады. Содан «сегіз жасында киік атып алды, мұның аты Сегіз болсын», -деп, ел-жұрт солай атап кеткен дейді. Ол жасынан өнерпаз, сегіз қырлы, бір сырлы жігіт болып өседі. Осы қабілетіне қарап, елі оған «сері» атағын таққан дейді.» Осы тұжырымдардың бәрі шындыққа сәйкес келеді.

Жанат сері Сегізге теңге ілуді үйрету үшін оны тайға мінгізіп, шауып келіп жерден күміс алудың амалын көрсеткен. Көз ілестірмей найза түйреу тәсілқойлықты талап етеді. Сондықтан Сегіз қайыңның қабығын теңгенің үлкендігіндей етіп кесіп, жүз данасын бір сызықтың бойымен тақырға шашып тастап, атпен шауып келіп шаншып алғанда, жерде біреуі де қалмайды екен. Оындай спорт ойындарын Сегіз өзінің жас досы Ниязға да үйретіп, екеуі бірге жаттығатын болған.

Сегіз ағаларынан шеберханада балташылықты үйреніп алып, ер-тоқым, арба киіз үйдің бөлшектерін, ағаштан ыдыс-аяқ, ән-күй аспаптарын, үй жиһаздарын және тағыда басқа да бұйымдарды жасайтын болған.

Ал, зергерлік өнерге немересін Шақшақ өзі баулыған. Талапкерлігінің арқасында Сегіз тері илеуді, таспа тілуді, өрім өруді үйреніп алған. Ол өз үйінің шеберханасында ұсталық құрал-саймандарды шебер жасайтын болған.

Үлкендердің ақыл-кеңесін көп тыңдайтын бала Сегіз

атасынан халық емдерінің тәсілдерін үйреніп, шөптен дәрі-дәрмек жасаған. Сөйтіп, ол науқасқа ем қолданар алдында тамырын ұстап көріп, аурудың себептерін айқындайтын болған.

Жасынан ақындық өнері байқалған Сегізге атасы Шақшақ оны ерте домбырада ойнап, күй тартуға баулиды да, Қожберген жыраудың күйлерін орындатқызатын болған. Кейін, Сегіз бұл шығармаларды қобызбен де орындап жүрген. Сондай ақ ол Дәстем салдың, атасы Шақшақ пен әкесі Баһрамның шығарған жыр-дастандарын жатқа айтып жүрген.

Жалпы қорытып айтқанда, әлеуметтік орта мен ата-бабалар жолы, Сегіз серінің жан-жақты тұлға болуына, саусақтарынан бал тамған шебер болуына ықпал еткен. Сегіз сері шығармашылығында өлеңнің неше түрі, ән мен күй, қисса-дастандар мен толғаулар табылатыны да сондықтан. Сегіздің бір өзіне бірнеше адамға жетерлік өнердің қалыптасуы да осыдан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ӘӨН қорындағы Болатов М. Материалдық дәптер. /45/
2. Әбуталиев Н. Сегіз сері. -Алматы. Жалын, 1991-79 б.
3. Қаупынбайұлы Т. Бабалар аманаты. -Алматы. Жалын, 1996 -110б/11/.
4. Ақыпбекұлы Ө. Сегіз ұрпақтары // Ақжелкен. -1998. №1. 38-39-беттер.
5. Биғожин Қ. Ғаділ ер. Ұстазым // Ауыл арайы. -1994. №27.
6. Тоғызбаев Б. Сегіз сері // Егемен Қазақстан. -1993. №82-83.
7. Негимов С. Өнерпаздық өрнектері. -Алматы, Ана тілі, 1996, -33б.
8. Жақыпов Е. Сегіз сері // Қазақ әдебиеті. 01.07.17

Авторлық бағдарлама

А.ХИТАРОВА,  
№ 42 «Ақ ниет» гимназиясы.  
Орал қаласы

## **5-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН «ДЫБЫСТАР ӘЛЕМІ» ҚОСЫМША КУРС БАҒДАРЛАМАСЫ**

Түсінік хат

Бұл бағдарлама тіл білімінің фонетика саласы бойынша оқушы білімін тереңірек меңгертуге арналады. Тіл қашанда ұлт мәдениетінің, өнер - білімнің ұлы қаруы, алтын тұғыры саналатындықтан, қазақ тілі мен әдебиетінің келешек көкжиектері білім беру ұйымдарының қазіргі таңдағы оқытылу жайынан бастау алады. Осы тұрғыдан алғанда курс оқушының талабын ұштап, шығармашылық, тұлғалық шарықтауына мүмкіндік береді, ой-өріс деңгейін биіктетеді. Қазақ тілінен жүргізілетін тәжірибелік жұмыстарға қойылатын талап ерекше. «Дыбыстар әлемі» қосымша курсы бойынша өткізілген сабақтарда әр оқушының белгілі тақырыптардан өзінше жұмыс жасауына мән беріледі. Бұл оқушының қабілетін дамытады, белгілі тақырыптардан терең теориялық білім алып, оны іс жүзінде қолдануға дағдыландырады. Сонымен қатар оқушының білімді шала түсінген тұстарын тәжірибе жүзінде нақтылауда атқаратын қызметі зор. Бұл бағдарламаның қамтитын мәселелері: фонетикадан берілетін білім мазмұны мен меңгерілетін ұғымдардың



жүйесі, фонетиканы оқыту ұстанымдары мен әдіс - тәсілдері; фонетикалық талдау; фонетикалық жаттығу және оның негізгі түрлері; фонетикалық диктанттар.

Мақсаты:

Оқушыларды фонетика тарауы бойынша алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету, қазақ тілін математикамен байланыстыра отырып сыни ойлау дағдыларын дамыту, фонетика саласы бойынша қойылған сұрақтарға түсінікті жауап беру тәсілдерін меңгерту.

Оқушылардың орфографиялық, орфоэпиялық нормаға сай жаза білуге, қазақ тіліне тән дыбыстарды айыра білуге, сауатты жазуға, жеңіл, қысқа мәтіндердегі сөздерге дыбыстық талдау жасауға, буын және дыбыс үндестігінің жасалу жолын білуге үйрету, яғни оқушыға толық фонетикалық сатылай кешенді талдауды меңгертіп шығару.

Міндеттері:

1. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту;

2. Талдауға дағдыландыру үшін, пайдаланылатын басты материал – мәтін. Мәтінді түсініп оқу, мазмұнын айту, сұрақтарға жауап беру.

3. Сөздік қорын молайтуға, өз ойын дұрыс жеткізуге дағдыландыру үшін мазмұны тартымды, тілі көркем фонетикалық жұмбақтар, анаграмма, метаграмма, ұйқасты өлеңдер құрғызу.

Күтілетін нәтиже:

Қазақ тіліне тән дыбыстарды меңгерген, сөз ішінде дұрыс айта білетін, дұрыс жаза алатын, сөздерді орфоэпиялық нормамен айтуға жаттыққан, тіл дыбыстарын сатылай кешенді талдай алатын тұлға қалыптасады.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, орыс тілі, бейнелеу.  
Уақыт көлемі: Бағдарлама аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.  
Ұйымдастыру формасы: топтық жұмыс, жұптық жұмыс.  
Қолданылған технологиялар: «Сыни тұрғыдан ойлау».  
Қорытындылау формасы: интеллектуалды сайыстар, пәндік олимпиадалар.  
Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесі:  
• Интеллектуалды сайыстарға қатысқан оқушыларды мадақтау;  
• Қалалық олимпиадаларға қатыстыру.  
Оқушы пайдаланатын әдебиеттер:  
1. С.Желдербаева «Қазақ тілі сабағында ойландырып, ойнатайық». Алматы: 2013 ж  
2. С.Ахметов «Қуыр- қуыр, қуырмаш». Алматы: 1993 ж  
3. «Айгөлек», «Бала би», «Мөлдір бұлақ» журналдары. 2013, 2014 жылдар.  
4. Нұртазина Р. Қызықты грамматика, Алматы. «Мектеп», 1998 ж.  
5. Ж.Жеткізген. Кестелі грамматика. Алматы, 1997 ж.  
Мұғалім пайдаланатын әдебиеттер:  
1. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі. «Атамұра», 2013 ж  
2. Ишмұхамбетов Д. Қызықты грамматика. -Алматы: 1995 ж.  
3. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың редукциясы. Алматы: 1984 ж.  
4. Кеңесбаев С., Мұсабаев Т. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. -Алматы: 1996 ж.

5. Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы. -Алматы: 1993 ж.

6. Жиентаев С. Жаттығу, емле және тіл дамыту. -Алматы: 1990 ж.

7. Сыздықова Р. Емле және тыныс белгі. Алматы: 1990 ж.

**Оқу пәнінің базалық мазмұны:**

I бөлім. Фонетика-тіл дыбыстары туралы ғылым.(2 сағат)

«Дыбыстар әлемі» қосымша курсының мақсаты мен міндеті.

Дыбыс туралы түсінік. Дыбыстау мүшелері. Дыбыс және әріп. Алфавит.

II бөлім. Дауысты және дауыссыз дыбыстар (10 сағат)

Дауысты дыбыстар. Дауысты дыбыстардың жіктелуі. Дауысты дыбыстардың емлесі.

Дауысты дыбыстарға жаттығулар. Фонетикалық диктанттар.

Дауыссыз дыбыстар. Дауыссыз дыбыстардың жіктелуі. Дауыссыз дыбыстардың емлесі. Дауыссыз дыбыстарға жаттығулар. Фонетикалық талдау.

III бөлім. Буын. Тасымал. (3 сағат)

Буынның түрлері. Фонетикалық жаттығулар.

IV бөлім. Дыбыстардың үндесуі. (9 сағат)

Буын үндестігі. Дыбыс үндестігі.Түрлері. Үндестік заңын меңгертуге жаттығу жұмыстары. Фонетикалық сатылай кешенді талдау. Орфография. Орфоэпия. Екпін.

Фонетикалық диктанттар. (2 сағат)

Фонетикалық сатылай кешенді талдау. (3 сағат)

Шығармашылық жұмыстар. (3 сағат)

Қорытынды сынақ жұмысы. (2 сағат)

**«Дыбыстар әлемі» қосымша курсының  
күнтізбелік- тақырыптық жоспары**

№	Мазмұны	Сағат саны		Түрі	Пәнаралық байланыс
I. Фонетика -тіл дыбыстары туралы ғылым.( 2 сағат)					
1	Курстың мақсаты мен міндеті. Дыбыс туралы түсінік. Дыбыстау мүшелері	1			
2	Дыбыс және әріп. Алфавит.	1		Дәріс сабақ	Орыс тілі
II. Дауысты және дауыссыз дыбыстар. (10 сағат)					
3-4	Дауысты дыбыстар. Дауысты дыбыстардың жіктелуі	2		Ізденіс сабақ	әдебиет
5-6	Дауысты дыбыстардың емлесі.	2		Кіріктірілген сабақ	Орыс тілі
7	Дауысты дыбыстарға жаттығулар.	1		Жарыс сабақ	Бейнелеу
8	Фонетикалық диктант.	1			Қазақ тілі
9	Шығармашылық жұмыс. (Дыбыстар тізбегі)	1		Ізденіс сабақ	Әдебиет
10 - 11	Дауыссыз дыбыстар. Дауыссыз дыбыстардың жіктелуі	2		Ізденіс сабақ	Орыс тілі
12 - 13	Дауыссыз дыбыстардың емлесі.	2		Кіріктірілген сабақ	Орыс тілі
14	Дауыссыз дыбыстарға жаттығулар. Фонетикалық ойындар.	1		Жарыс сабақ	Бейнелеу
15	Математикалық тәсілмен дыбысқа мінездеме беру.	1			Қазақ тілі
16	Фонетикалық сәйкестендіру тест	1		Бекіту сабақ	Орыс тілі
17	Шығармашылық жұмыс. (Анаграмма, ұйқасты жұмбақтар).	1		Түрлендірілген сабақ	Әдебиет
III бөлім. Буын. Тасымал. (3 сағат)					
18	Буынның түрлері.	1		Дәріс сабақ	Әдебиет

19	Тасымалдану жолдары	1		Дәріс сабақ		
20	Фонетикалық жаттығулар	1		Ізденіс сабақ	Бейнелеу	
21	Фонетикалық кешенді талдау	1			Бекіту сабақ	
IV бөлім. Дыбыстардың үндесуі. (9 сағат)						
22	Буын үндестігі.	1			Дәріс сабақ	Әдебиет
23	Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар.	1				
24	Шығармашылық жұмыс.	1			Сайыс сабақ	Бейнелеу
25-26	Дыбыс үндестігі. Түрлері.	2			Дәріс сабақ	Қазақ тілі
27	Үндестік заңын меңгертуге жаттығу жұмыстары.	1			Практикалық сабақ	Қазақтілі
28	Фонетикалық сатылай кешенді талдау	1			Ізденіс сабақ	
29	Фонетикалық диктант	1				Қазақ тілі
30-31	Орфография. Орфоэпия	2			Дәріс сабақ	Орыс тілі
32-33	Екпін. Түрлері.	2			Дәріс сабақ	
34	Еске сақтау тестілері	1			Бекіту сабақ	

Оқушылардың білім мен біліктілігіне қойылатын талаптар:

- Әріп, дыбыс, буын түрлерін меңгере алуы;
- Дауысты дыбыстардың жіктелуін білуі;
- Дауысты дыбыстарды емлесіне сай жаза білуі;
- Дауыссыз дыбыстардың жіктелуін білуі;
- Дауыссыз дыбыстарды емлесіне сай жаза білуі;
- Орфографиялық және орфоэпиялық нормаға сай жаза білуі;
- Үндестік заңын оның түрлерін толық меңгерту;
- Өздері қалаған мәтіндегі сөздерге фонетикалық сатылай кешенді талдай білу.

Латын әліпбиіне көшу

**Қ.ҚАДЫРҚҰЛОВ,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
аға оқытушысы,  
филология ғылымының  
кандидаты.**

## **ТІЛ ЗАҢДЫЛЫҒЫНА БАҒЫНҒАН АЛФАВИТТЕ МІН БОЛМАЙДЫ**

Қазақ тілі алфавитін латын әрпіне көшірудің саяси, халықаралық тұрғыдағы маңыздылығынан гөрі ана тіліміздің тіл ретінде қолданылу, оқытылу, зерттелу маңыздылығындағы алатын орны ерекше. Алфавитті қанша өзгертсе де, тілдің даму деңгейі, сөздік қорының молаю қарқыны төмендемейді. Алфавит қанша өзгерсе де, алдыңғысында жазылған қажетті дүниелер кейінгісі арқылы да оқылып, қоғамға тиімділігін жоймайды. Бұрынғы араб, латын және кириллицамен жазылған көркем шығармалар (бір жазушының шығармасы болса да) құндылықтарын жоғарылата түспесе, төмендеткен емес. Сондықтан жаңа алфавитті меңгеру немесе бұрынғы алфавитте жазылған рухани құндылықтарымызды игеру мәселесі - қиындық туғызбай шешімін табатын іс. Жаңа технология заманында электронды бағдарлама арқылы алфавиттен алфавитке көшіре салады. Бұл тұста ең басты назарда болатын дүние - жаңа алфавитті қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне негіздеу. Қазіргі қазақ тілінің даму

межесі кириллицаны қабылдаған тұстағы деңгейде емес. Қазіргі қазақ тілінің мәртебесі де ешбір әлемдік тілдің шыққан биігінен кем емес. Тәуелсіздік алғаннан бергі мамыражай саясат, биліктің бірлікке жүгінуі, Президентіміздің ұлттық мәселені елдің өзіне талдатып-таңдатуы Ана тіліміздің абыройын асқақтатудың тағы бір жолы - латын алфавитіне түбегейлі көшу ісін жеделдетумен жалғасты. Ендігі мәселе - қазақ тілінің дыбыстарын латын алфавитінің жетегіне жібермей, керісінше, латын алфавитін мүмкіндігінше қазақ тілінің ерекшелігіне бейімдеп қабылдау еді. Ол үшін төрт жұп және бір жалаң дыбыстан тұратын дауыстыларды білсе жеткілікті (*a - ə, o - ø, ʏ - ʘ, ы - i* және *e*). Төрт жұп дауысты қазақ тіліндегі төл сөздеріміздің бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке түбірден тұратындығын анықтайды. Егер түбірде жуан және жіңішке дауысты кезіксе, кірме сөз екенін білеміз. Әлемдегі тілдердің бәрі арнайы ережеге негізделсе, біздің тіліміз ғасырлар бойы қалыптасқан заңдылыққа бағынады. Ол - үндестік заңы. Үндестік заңы - осы дауыстылардың тілдік қызметі. Дауыстылардың тағы бір ерекшелігі - түбір сөзде қатар келмеуі және қосарланбауы (дифтонг бола алмайды). Кириллицаның басты кемшілігі осы болды. Қазақ тіліндегі дауыстылардың қатарына И мен У - ды қосты да, екі дауыстыны қатар жазғызды, әрі жуан, әрі жіңішке дауысты қылды, дауыстыдан дифтонг (*ii, ый - и, үу, ұу - у*) жасады. Нәтижесінде сөздегі буын ырғағы бұзылды (*су - ық*), буынға тиесілі ереженің бәрі аталмыш екі дауыстыға келгенде теріске шығарылды

(жалаң ашық және тұйық буындар сөздің басында ғана кездеседі десе, біз керісінше оқыттық: *жу - ық, әу - ли - е*). Емлеге қатысты ережелеріміз де сын көтермеді. Латын алфавиті дауыстыларымызды бір жүйеге келтірсе, сол дауыстылардың жұптық таңбаларын бір-біріне ұқсас үлгіде белгілегеніміз жөн. Жұртшылыққа ұсынылған латын алфавитінің алғашқы жаңа үлгісінде қазақ тіліне тән *Ә, Ө, Ү* дауыстылары диграф тұлғада (*Ae, Oe, Ue*) берілді. Біздің айтар уәжіміз: біріншіден, диграф дауыссыз дыбыстардың қосарлануына тиесілі ұғым да, дифтонг дауысты дыбыстарға қатысты (не екеуі, не біреуі дауысты болу) термин болып есептеледі; екіншіден, кісінің аты-жөніндегі -ев жұрнағымен қатар келген *a, o* дауыстыларын қалай оқыр екенбіз (Сапаев, Мирзоев – *Sapaev, Mijrzoev*); үшіншіден, қазақ тілінде жиі кездесетін күшейтпелі буынды қос сөздерді жазу да күрделене түсетін секілді (*ән-әдемі – аер-aedemi, үп-үлкен – иер-uelken*). Бас әріптері қысқартылып алынған сөздерді таңбалау да қиындық тудырады (*ІЖӨ - IZhOe*).

Латын тілінде екі дауыстыдан тұратын дыбыстардың барекені рас. Олар-*ae, oe, ai, eu*. Бірақ*ae, oe* дифтонгтары жеке-жеке буында келгенде дербес дауыстыға жіктеліп, *e* дыбысының үстіне қос ноқат (..) қойылады да, бөлек оқылады. Ал *ai* мен *eu* екі дыбыс болып айтылады (*ay, ey*). Бізге керегі - латын тілінің ерекшелігі емес (қазіргі таңда бұндай тіл қолданыста жоқ), алфавиті ғана. Латын алфавитінің елге ұсынылған жаңа үлгісінен кейін ақпарат құралдарында қазақ алфавитінің 25 әріпке дейін ықшамдалғаны айтыла басталды. Қазақ



тіліне тән және үндестік заңының ұйытқысы болатын Ә, Ө, Ү дауыстылары әріппен белгіленбей қалған. Бұлар жуан айтылатын сыңарларынан оқшауланған. Сондықтан төрт жұп дауыстының жіңішке сыңарларын айшықтайтын белгіні жуан сыңарларына үстемелеп берген нұсқаларға таңдау жасағанымыз орынды. Айшықты белгілер латын тіліндегідей қос нокат немесе шұғыл дауыстыға қойылатын брехе және созылыңқы дауыстыға қойылатын макрон түрінде берілсе де болар еді. Егер дауыстылар дифтонгпен берілсе, оларды оқыту үдерісі қазақ тіліне тән заңдылықтарды түсіндіруге кедергі туғызады. Қазақ тіліне тән дауыстыларға біткен сөздерге қосымша жалғау нұсқалары да сөздегі таңба санының шамадан тыс молаюына әкеп соғады. Тіліміздегі тоғыз дауыстының алтауы қазақ тіліне тән екенін естен шығармайық (кириллица қазақтың Ы дауыстысын орыс тіліндегі Ы (ый) - мен шатыстырып келеді: *балық* - *рыба* сөздерінде Ы басқаша айтылады). Алфавитте дауысты дыбыстардың транскрипциясын беріп жүргендер де кездеседі. Олардың айтылуын жазып көрсету мүмкін емес секілді. Ал дауыссыздардың бәрі өзінен кейінгі дауыстыға байланысты айтылады. Дауыссыз Б-ның тоғыз түрлі айтылуы бар. Сөздің мағынасын айқындауда дауысты - дауыссыздардың қызметтері ерекшеленіп тұрады (тоң - тон, күн - көн). Әйтсе де, дауысты дыбыссыз сөз болмайтындықтан, латын әліпбиіне көшер тұста 9 дауыстының таңбасын қосарламай, жеке - жеке берудің жолын екшей түсейік.

Латын тіліндегі диграфтар, яғни дауыссыздардың

қосарланып берілуі латын тілінде жоқ сөздерді (кірме сөздердің дыбыстарын) жазу үшін алынған. Ал өз сөздерінде кездесетін дыбыстардың ешбірін не дифтонгпен, не диграфпен таңбаламаған. Осы тұрғыдан келгенде, латын алфавиті қазақ тіліндегі дыбыстарды таңбалайтынын ескерген жөн. Ал басқа тілден енген сөздердегі өзімізде жоқ дыбыстарды таңбалау үшін қосарлы таңбаларды (диграфтарды) ала беруге болады. Өйткені кірме сөздердің дауыстыларын таңбалау ісін біздің дауыстыларымыз толық қанағаттандыра алады. Бірен-саран дауыссыздарды таңбалауда ғана қосарлы таңбаларға жүгінуге тура келер. Бұл тұстағы тиімді жайт - кірме сөздердегі бізде жоқ дауыссыздардың кейбірі латын алфавитінен балама таңбасын тапқан. Дауыссыздардың айтылу ережесіне сай (салдыр мен үннің қатысына қарай) үш топқа бөлінуін ескере отырып, әр топтағы дыбыстардың таңбалануын қазақ тілінің ерекшелігіне бейімдеуді мақсат тұтайық. Ұяң дауыссыздардың қатарынан (б, в, г, ғ, д, ж, з) Ғ дауыссызын Г дыбысының таңбасына сәйкес (арнайы белгімен) жұптастырсақ, бірі жіңішке, бірі жуан түбірде қолданылатын ерекшелігін жоймайды. Ғ-ны таңбалау үшін Г-ні басқа дыбыспен қосарлаудың (диграф қылудың) қажеті шамалы. Себебі бұл дыбыс қазақ тіліне тән дауыссыз болуымен айшықталады. Түбір сөз түрленгендегі қосарлы таңбалардың жазылуына назар аударып көрейікші: *күнәға-киенаеҒһа*. Осы тұрғыдан алғанда, диграфтың зардабы қазақ тілін оқыту барысында толық сезіледі. Қиындықты сезетін -

Тілді зерттеу институттарының мамандары емес, қазақ тілінен сабақ беретін оқытушылар. Латын тілінде Ж дауыссызын диграф түрінде берілуі (*zh*) өзге тілден енген сөздерді таңбалау қажеттілігінен туындаған. Бізде Ж дыбысы төл сөздерімізде қолданылады. Сондықтан оның нұсқасы орынды секілді. Ұяңдардың қатарындағы В дауыссызын қалдырар болсақ, оның өзіне лайықты таңбасы (*v*) бар. Нәтижесінде ұяң дауыссыздардың қатарында қосарлайтын (диграф жасайтын) дыбыс болмай шығады. Үнді дауыссыздардың (й, л, м, н, ң, р, у) қатарында да жалғыз Ң дыбысы қазақ тіліне тән ерекшелігімен оқшауланады. Бұны да Н дауыссызын айшықты белгімен ерекшелеу арқылы жеке әріппен берген орынды. Болмаса, ұсынылып жүрген нұсқалардағы «ң» таңбасымен берейік. Әйтпесе, қосарланған кездегі жазылу үлгісі көз сүріндіреді: *әңгүдік – aengguedik*. Ал енді кириллица түрінде көбірек саналатын қатаң дауыссыздардың (12) алтауы ғана (қ, к, п, с, т, ш) қазақтың төл сөзінде кездеседі екен. Латынша таңбасын таба алмай, жаңа нұсқада қосарланып (диграф болып) кеткені – Ш дауыссызы (*sh* түрінде). Бұлардан кейін жиі кездесетіні - араб-парсы тілдерінен енген сөздердегі Х және Ф дыбыстары. Екі дауыссыздың да өзіне лайық таңбасы бар (*x, f*). Ал Ц мен Ч-ны қазақ алфавитінің (латынша таңбаланған) қатарына енгізгеніміз жөнсіздеу сияқты. Оқу үдерісі барысында жарытып мысал да келтіре алмайтын дыбыстарға таңба іздемей-ақ қояйық. Тіліміздің тарихында Ч дыбысы қолданылғанымен, қазір Жетісу диалектісінен басқа

(шал-чал, шық-чық) ешқандай сөзде кездеспейді. Болашақта үш тұғырлы тілді оқитын бала үш алфавитті меңгеретін болғандықтан, цирк, Чапаев тәріздес сөздерді өздері-ақ түсініп алады. Латынша біресе *c*, біресе *ц* болып жүрген «С» таңбасымен Ш қатаң дауыссызын белгілейік. Сонда қатаңдар да қосарлы дыбыстардан құтылады. Латын алфавитінің алғашқы үлгісі туралы өз ойымызды осылай тұжырымдап үлгере бергенімізде, Елбасының жарлығымен бекітілген жаңа үлгісі жарық көрді.

Апострофқа негізделген латынша алфавиттің бұл нұсқасы бір дыбыс - бір әріп қағидасын басшылыққа алып, 32 таңбаны қамтыған. Бекітілген үлгі - жүзеге асатын үлгі. Сондықтан, алфавиттің тіл заңдылығына қайшылау көрінетін тұстарын тек емле ережелерінің мықтылығымен ғана жөнді жолға бастай аламыз. Тіл дыбыстарының жүйесіндегі ережелеріміздің біразына бағына бермейтін «И» дыбысы жаңа алфавитімізде қалдырылды. Оны қайтадан дауыстылар қатарына енгізсек, қазақ сөздерінің жазу барысындағы берекесінің қашатыны белгілі. Ал басқа тілден енген сөздерде ғана қолданылатын дыбыс ретінде ерекшелесек, төл тілімізге ешқандай ықпал жасай алмайды екен. Жүп дауыстылардың сәйкестік ұстанымдарын сақтау да алфавитте маңызды қызмет атқаратынын мақаламыздың басында айтып өттік. Ы және І дауыстыларының таңбалану сәйкестігін де (і және у үлгісінде емес) шешімін табар істің қатарынан көрерміз. Емле ережесін түзу барысында тіл мамандары

(ғалымдар, оқытушылар, мұғалімдер) ғана белсенділік таныта алады. Көлденең көк аттылардың пікірлері назардан тыс қалатынына сенімдіміз.

Қазақ тілінің білгір маманы, академик Рабиға Сыздық апайымыздың «Орфографиялық сөздіктердің» соңғы басылымдарының бірінде «емлеміздегі тіл заңдылығына қайшы келетін тұстар латын алфавитіне көшкен кезде жөнді шешімін табады» деген ойға саятын пікірі берілген болатын. Шынында да, латын алфавиті емле ережелерін түбегейлі өзгеріске ұшыратады. Кириллица қазақ тілінің заңдылығын да, сол заңдылықтан туындайтын ережелерді де белінен басып келеді. Кезінде бұл алфавиттің қабылдануына қуанып, дәріптелуіне атсалысқан «зиялы» қауымның болғаны да ақиқат. Қазіргі зиялы қауым Мәңгілік Елдің Мәңгілік Тілінің ертеңін ойлайтын еркіндікте.

Елбасымыз тілдің нәзік те қатал табиғатын түсінгендіктен, латын алфавитіне көшу үдерісіндегі қазақ тіліне тиімді тұстарын ел болып пайымдауға мүмкіндік беріп, оны 2022 жылдан бастап оқыта бастауды қолға алу керектігін нақтылап берді. Тілдің заңдылығына бейімделіп қабылданған алфавитті меңгеру де, меңгерту де мінсіз қабылданған емле ережесінен кейін ғана жүзеге асырылуы тиіс. Бұған қоса, латын алфавитінің нақты бекітілген нұсқасын жоғары оқу орындарының тіл мамандарын даярлайтын факультеттерінде келесі оқу жылынан бастап оқыта бастаған тиімдірек секілді. Өйткені жаңа алфавитті және сол алфавитпен жазылған емле ережесін меңгерген маман 2022 жылы оқытушылық қызметін бастайды.

**Н.ЕСЕНҒАЗЫ,  
Кеңес Одағының Батыры  
Мәншүк Мәметова атындағы  
Ақтөбе медициналық колледжі.**

## **ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Әлемнің 100-ден астам мемлекетінде латын әліпбиі қолданылады. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясында латын әліпбиіне көшу 2025 жылдан басталатыны туралы жарияланды. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында қазақ әліпбиін латынға көшіру мәселесіне қайта оралу керектігін айтып, қазақ тілі мамандарына мәселені зерттеп, нақты ұсыныстар айтуды тапсырған еді. Елімізде латын әліпбиі туралы мәселе көтерілгенде, қазақ жастары, әсіресе шетелдерде жүрген қазақ жастары қатты қуанды.

Латын әліпбиіне көшу Қазақ елінің Тәуелсіздігінің мәртебесін көтереді!

Елбасының қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы, 2017 жылғы 26 қазанындағы № 569 Жарлығымен Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі дер кезінде бекітілді! Құтты болсын!

Біздің мақсатымыз-Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - Қазақ тілінің мәртебесін көтеру,

бағытымыз Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту болуы шарт! Латынға көшу арқылы дүние жүзіндегі қазақ ағайындардың басын қосуда үлкен жеңіске, жетістікке жетуге болады. Қазақ тіліндегі жазуының бірлікке келуі арқылы Қазақстан Республикасының бірлігін нығайтуға, дүниежүзі қазақтарының мәдениет және тәжірибелерін алмастыруда игі істер атқарылады деп сенемін. Латынға көшудің үлкен арнасы қазақ ұлттық құндылықтарына жақын батыстың мол мәдениетін және дамыған өнеркәсіп техникасын қабылдауда және қазақ халқының дүниежүзі өркениеті мен руханиятына үлес қосып, Қазақ елінің мемлекеттік идеологиясын бекемдеуде тарихи рөлі зор болмақ деп ойлаймын.

Латын әліпбиіне көшірудің 2025 жылға дейінгі нақты кестесін жасауға Елбасы тапсырма берді. Ең бастысы, сең қозғалды. Латын әліпбиінің қазақ тіліндегі нұсқасын қабылдау үлкен жетістік болатынын ескеруіміз қажет. Қазақ жастары өте сауатты: ағылшын, неміс, француз, т.б. тілдерді латын әліпбиімен оқыды. Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар телефондарда, компьютерлерде қазақ латын әліпбиі орнатылғанша өздерінің қол жазбаларын қаламмен жазып қолдарын жаттықтыра беретіндеріне, дайындалатындарына сенімдімін.

Қазақ елі тілдік реформа жасауға кірісті. Бұл дүниежүзінде қалыптасқан қазіргі заманға сай қажеттіліктен туындауда. Зиялы қауым өкілдері, қазақ тілі мамандары, жастар одағы тілдік реформаның қажеттігін өздері ғана түсініп қоймай халыққа жеткізсе, ұғындырса, насихаттаса нұр үстіне нұр болар еді.

**А.ЖЫЛМАСОВА,**  
**№19 орта мектеп.**  
Қарағанды облысы,  
Қарқаралы ауданы,  
Талды ауылы

## **ШАЛКИІЗ ЖЫРАУДЫҢ «БИ ТЕМІРГЕ БІРІНШІ ТОЛҒАУЫ»**

*(9-сынып)*

**Мақсаты:** Би Темір образын сомдау, оның ел алдындағы дана тұлғасын жан-жақты шын көрсетіп, елге сіңірген еңбегіне тоқталу.

**Міндеттері:** білімділік-елге ұйытқы, ер азаматқа ақылгөй Шалкиіз жырау туралы мағлұмат беру, жырау және оның шығармашылығы туралы оқығандарын ортаға салып, сын тұрғысынан ойлап талқылауға үйрету; дамытушылық-көне заманға үңілдіру, оқушылардың жыраулық поэзия туралы дүниетанымын кеңейту, ой өрісін дамыту, ойлануға, қорытынды жасауға дағдыландыру; тәрбиелік- білімдерін өз бетінше қолдануға, көркем дүниеге құрметпен қарауға үйрету, жан-жанқы мәдениетті жеткіншектер тәрбиелеу.

**Түрі:** іскерлік ойын сабағы.

**Тегі:** жаңа білімді меңгерту.

**Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау, салыстыру, талдау жинақтау.

**Көрнекілігі:** Шалкиіз жырау өмірі мен шығармашылығына арналған слайд көріністер, жырау



өлеңдерінен үзінділер, Шалкиіз жырау туралы зерттеу еңбектері: М.Мағауин. «Қобыз сарыны». Алматы, 1969; Ж.Тілепов. «Елім деп еңіреген ерлер жыры». Алматы, 1995.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіру.

III. Үй тапсырмасын тексеру:

«Араның ұясы» техникасы арқылы тексеріледі. Мұғалім әрекі оқушыдан тұратын жұпқа кім не білгендігі туралы ой бөлісуді, әр жұп кезекпен сұрақтарын қоюды сұрайды. Сұрақтарға жауапты басқа оқушылар береді. Соңында жауаптары қорытындыланады.

IV. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі:

1. Оқулық мәтінімен, толғау өлеңмен жұмыс;

2. Автор туралы түсінік, Би Темір жөнінде түсінік әңгіме;

3. Түсіндірме сөздікпен жұмыс:

*Қу* – аққу;

*Көкшіліден* – бұл жерде су айдынында деген мағынада;

*Арабы торым* – бұл жерде ауыспалы мағынада «асыл тұқымды» дегенді білдіреді;

*Алдаспан* – наркескен қылыш. Сабында көлденең салынған болат қалқасы бар семсер;

*Қазба* – Меккедегі мұсылмандардың құлшылық ететін қасиетті орын, ғибадат үйі;

*Күдік* – сәйгүлік, жүйрік жылқы;

*Кепке* – бас деген мағынада;

*Ғазизлеген* – құрметтеген деген мағынада.

4. Толғау өлеңге талдау:

1) Толғауды түсініп, мәнерлеп оқындар. Жырау би Темірді қалай мақтайды? Оны дала өміріндегі қандай нәрселерге балайды?

- 2) Толғауда қандай өсиет сөздер айтылады?
- 3) Толғаудан метафораларды тауып, жасалу жолын түсіндіріңдер. Жырау тағы қандай көркемдегіш құралдар пайдаланған?
5. «Дана үкілер» ойыны. Интерактивті тақтада аталған техниканың шарты көрсетіледі:
- а) Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері: толғаудан жаңа ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік ретте жазыңдар. Сендер күтпеген, сендердің бұрынғы ұғымдарыңа қарсы тұрған ақпаратты табыңдар. Сендерге жаңалық болған мәліметті жазыңдар.
- ә) Маңызды өмірлік даналық: толғаудың негізгі ойын бір сөйлеммен білдіріңдер.
- б) Таныс және таныс емес: толғаудан сендерге алдында таныс болған және сендерге мүлдем таныс емес мәліметті табыңдар.
- в) Иллюстрациялық бейнелеу: толғаудың негізгі ойын сурет, сызба, кесте арқылы бейнелеп көрсетіндер.
- г) Үлгі боларлық қорытынды: толғаудан келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма? Оқушылар көрсетілген шарт бойынша жұмыс істейді.
- V. Сабақты бекіту:  
Толғау өлеңдері дегеніміз не? Ерекшеліктері қандай?
- VI. Оқушылар білімін бағалау.
- VII. Үй тапсырмасы: жыраудың өсиет сөздерін оқи отырып, «Жақсыдан-шарапат, жаманнан-кесапат» тақырыбына өз ойларыңды жазыңдар.
- VIII. Рефлексия кезеңі:  
Сабақ бойынша ойыңды білдір.  
Қандай жаңа білім алдың?  
Алған біліміңді қолдана аласың ба?  
Саған қиындық тудырған түсініктер.

**К.МУХИТОВА,**  
**Новоселовка орта мектебі.**  
 Ақмола облысы,  
 Шортанды ауданы

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ. «ТҮРКІСТАН» ӨЛЕҢІ (8-сынып)

1. Оқып үйренудің негізгі мақсаттары	2. Оқуда қолданылатын әдіс-тәсілдер	3. Өзге тілден енген сөздерді үйренудегі тіл тосқауылын жеңу	4. Оқып үйренудің нәтижесі	5. Үйрену мақсатында бағаны қоса бағалау	6. Барлығын қосқанда	7. Негізгі дерек көздер
1 Тақырыбы: Мағжан Жұмабаев. «Түркістан» өлеңі. Мақсаты мен күтілетін нәтижесі. Оқушыларға Мағжан Жұмабаевтың өмір жолы мен шығармашылық әлемінен көбірек ақпарат бере отырып «Түркістан» өлеңінің басты тақырыбы мен идеясын ашу. Өлеңді теориялық жағынан талдай білуге үйрету. Бір-бірімен топпен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру.	1. Көш-басшылық және басқару (психологиялық ахуал ) шеңберге тұрып түстер арқылы топқа бөліну. 2. АКТ (интер-белсенді такта, ақын туралы деректер) 3. Сыни тұрғыдан ойлау (Топтық жұмыс постер қорғау) 4. Жас ерекшеліктеріне сай оқыту (Оқулықтың ішіндегі оқып талдау) 5. Дарынды және талантты балалармен жұмыс (топтық жұптық тапсырмалар)	Өзге тілден енген сөздерге түсінік беру сөздікпен жұмыс жасау Көне – ескі Түрік-ұлт атауы Түркі-түркі тілдес халық	Мағжан Жұмабаевтың өмірінен мәліметтерді біліп, топтық жұмысқа деген дағдысын қалыптастыру «Түркістан» өлеңін талдай білуге дағдыландыру.	Өр жұпқа бағалау парағын тарату Сабак соңында смайликтер жұлдызшылар тарату.	Өр оқушы ақынның өлеңін оқып талдайды, топта бірлесіп жұмыс атқарады. Өз ойын сабақ барысында ортаға салып, білімін көрсетеді.	Қазақ әдебиеті. 8-сынып. Авторы Қ.Әбдезұлы, Г.Д. Рыскелдиева С.Ч. Тұрсынғалиева Шың. Қазақ әдебиеті. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы.

Білу керек: Жазушы өмір жолы мен шығармаларын Түсіну: Шығармаларының мән-мағынасын ұғыну Қолдана білу: Автордың айтпақ ойын білу Білу: Топпен бірлесіп жұмыс істей білу	6. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер (ой толғаныс) 7. Бағалау (формативті, жиынтық)					
Сабақтың тақырыбы		Уақыты		Сынып		
Мағжан Жұмабаев. «Түркістан» өлеңі		Сабақ ұзақтығы: 45 минут		Оқушылар саны 8		
Тренинг: Сабақ барысында шаттық шеңбер құрып, түстер бойынша топқа бөліну						
Үй тапсырмасын тексеру: Өткен тақырып бойынша өздері оқыған шығарма бойынша						
3) Мақсаты: Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығымен таныса отырып, «Түркістан» өлеңінің тақырыбы мен идеясын ашу. Өлеңді теориялық жағынан талдай білуге үйрету. Оқушылардың сөз мағынасын, өлең шумақтарын түсіне білуіне, сын тұрғысынан ойлап, «халқым» деп соққан ақын жүрегінен шыққан сыршыл өлеңдерін оқытып, сусындау. Міндеті: тарихи деректер бойынша тұжырым жасай білу дағдысын үйрету, түсініктерді деректермен, дәйексөзбен дәлелдеуге жаттықтыру, өлең талдау дағдысын, өлең оқу техникасын дамыту.						
Сабақта қолданылатын ресурстар: оқулық, ноутбук, бағалау парақшалары, флипчарт, кесте парақшалары.						
4) Қызығушылығын ояту		Мағжан Жұмабаевтың өлеңін ұнтаспадан тыңдату				
5) Мағынаны тану		Мағжан Жұмабаевтың мен өмірі мен шығармашылығымен танысып, «Түркістан» өлеңін оқып талдау.				
Мұғалімнің іс-әрекеті		Оқушының іс-әрекеті				
Бағалау		Оқушыларға бағалау парағын беру				
Оқушыларды топқа бөлу		Сабақ барысында шаттық шеңбер құрып, түстер арқылы топқа бөліну				
Үй тапсырмасын тексеру. 1. Сыныптан тыс шығарма бойынша өздері оқыған шығармаларын айту.		Оқушылар берілген сұраққа жауап береді? Өздері ұнаған өлеңді жатқа айтады.				
Жаңа сабақ. Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңі.		Слайд. Ақынның портреті және ол туралы деректер.				

<p>Оқулықпен жұмыс: 1-тапсырма:  Эр топқа ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы оқулықтан ақпарат алып, флипчартқа түсіреді,оны қорғайды</p>	<p>Топпен бірлесіп жұмыс істейді, Мағжан Жұмабаев туралы мәлімет жинастырып, флипчартқа түсіреді, әр топтан бір оқушы шығып жобаны қорғайды  II топ: Өлеңге жоспар құру.  I топ: Өлеңнен белгілі тарихи тұлғаларды топтастырады.  II топ: Өлеңнен белгілі өзен, тау атауларын тауып жазу.  I топ: Сниквейн стратегиясы.  Ақынға бес жолды өлең құрастырады.  II топ: <i>Түркістан</i> сөзіне бес жолды өлең құрастырады.  Топ бірлесіп бір-бірінен топтың ішінен жауап береді.  Қартадан көрсету.  Қожа Ахмет Иассауи кесенесі.</p>								
<p>Ой шақыру кезеңі: сұрақ-жауап.  - Түркістан қайда орналасқан?  - Ол жерде қандай аты әлемге әйгілі ғимарат бар?  - Түркістанның 1500 жылдығы қай жылы тойланды?  Поэманы оқымас бұрын түрік пен түркі сөзінің мәнін ашып алайық.  I топ: <i>Түрік</i> сөзінің мағынасын ашу.  II топ: <i>Түркі</i> сөзінің мағынасын ашады.  Сөздікпен жұмыс.  <i>Көне-ескі</i>.  I топқа тапсырма.  «Түркістан» өлеңін оқиды, сатылай-кешенді талдау жасайды.</p>	<p>Топпен бірлесіп берілген сұраққа жауап береді.  Түрік-ұлт атауы.  Түркі-туыстас, туысқан халықтар атауы.(түркі тілдес халықтар тіліне: қазақ, қырғыз, өзбек, балқар, татар, башқұрт, т.б. тілдер жатады)  Топпен бірлесіп жұмыс істейді. Өлеңді сатылай кешенді талдайды.  Үлгі:  Өлеңнің аты: Түркістан.  Өлеңнің авторы: Мағжан Жұмабаев.  Жанр түрі: поэзия.  Ғақарымы: Ежелгі, көне Түркістан.  Идеясы: Туған елінің табиғатын, көлін, тауларын, хандарын, билерін, қолбасшыларын, ғұлама ғалымдарын суреттейді.  Шұмақ: 24  Тармақ: 4  Бунақ: 3  Буын: 11  Ұйқас түрі: кара өлең ұйқасы.  Әдеби теориялық ұғым:  а) теңеу: отты желдей  ә) эпитет: апнақ шаштар, отты қайрат, жүйрік қиял  б) Аллитерация <i>Түранның елі иексіз, шөлі қандай,  Теніздің кезірі жоқ көлі қандай!</i>  Берілген тапсырманы бірлесіп оқиды, өлеңге жоспар құрады.  Үлгі:  1. Қасиетті Түркістан жерін сипаттау.  2. Туран жері-түркілер елі.  3. Ғұлама ақындар, билер хандар есімі.  4. Хандардың билік құрғаны.  5. Туған жерінің өзен таулары.  6. Туған жердей ел болмас.  Берілген тапсырманы топпен белгілі тұлғаларды топтастырады.  Топпен бірлесіп жұмыс істейді. Өлеңнен өзендер атауын тауып жазды.  Топпен бірлесіп бес жолды өлең құрастырады.  1. Мағжан Жұмабаев.  2. Дарынды, әйгілі.  3. Жазды, жырлады, танылды.  4. Мағжан жалынды, талантты ақын.  5. Ақын.  1. Түркістан.  2. Көне, әдемі.  3. Барады, көреді, таңданады.  4. Түркістанда Қожа Ахмет Иассауи кесенесі бар.  5. Қала.</p>								
<p>Қорытындылау: Ой толғаныс.  Екі түрлі түсініктеме күнделік тарату.</p> <table border="1" data-bbox="427 1406 703 1485"> <tr> <td>Қатты әсер еткен жер</td> <td>Үзінді жайлы пікірім</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	Қатты әсер еткен жер	Үзінді жайлы пікірім			<p>Берілген тапсырманы орындайды. Екі түрлі түсініктеме кестені толтырады.</p> <table border="1" data-bbox="734 1395 1163 1462"> <tr> <td>Қатты әсер еткен жер</td> <td>Үзінді жайлы пікірім</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	Қатты әсер еткен жер	Үзінді жайлы пікірім		
Қатты әсер еткен жер	Үзінді жайлы пікірім								
Қатты әсер еткен жер	Үзінді жайлы пікірім								
<p>7) Мұғалім іс-әрекеті</p>	<p>Оқушы іс-әрекеті</p>								
<p>Бақылайды</p>	<p>Әр топ өз жұмысын қорғайды</p>								
<p>Талдау жасау</p>	<p>2 топтың жауаптарын жинақтаған кезде</p>								
<p>8) Бағалау</p>	<p>Өзін-өзі бағалайды, топ басшысы бағалайды, мұғалім бағалайды.  Кері байланыс жасау. Оқушы сабақтан алған әсерін екі үш сөйлеммен жазды.</p>								
<p>9) Үйге тапсырма</p>	<p>«Түркістан» өлеңінен үзінді жаттау.</p>								
<p>10) Оқу нәтижесі</p>	<p>Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет алды.  Өлеңді оқып, талдай білді.</p>								

**Б.ТҰРАҚБАЕВА,**  
Атырау аграрлы-  
техникалық колледжі.

## **ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВТЫҢ «АҚЫН ӨЛІМІ ТУРАЛЫ АҢЫЗ» ПОЭМАСЫ**

Қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі ретінде студенттердің білім сапасын арттыруды қарастыруға болады. Осы мәселені шешу мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Осы орайда көптеген батыл қадамдар жасалып, жаңа өзгерістер енгізіліп отыр. ҚР жалпы білім беретін педагогтерінің біліктілігін арттыру курстары-сондай өзгерістердің бірі. Бұл курс өзінің жаңа идеясы бар арнайы бағдарлама аясында жүргізіліп, оқу мен оқытудың жеті модулін қамтиды. Бағдарламаның жеті модулін қамтып, өзара ықпалдастыра сабақ өткізу оқытушыдан үлкен шеберлікті қажет етеді.

Әдістемелік нұсқаудың негізгі міндеті- мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіріп, бағалауға Үшінші деңгей бағдарламасы оқу үдерісінің орталығына өзін-өзі реттей алатын, өзінің оқу жағдайынан ой түйе алатын, қоршаған орта мәнмәтінінде өзінің білім қорын сын тұрғысынан ойластыра алуға қабілетті студент тұлғасын қалыптастыру арқылы оны тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Бағдарламадан күтілетін нәтижелер студенттің қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын студент ретінде қалыптасуын қамтиды. Оқытушы осы бағдарламаның модульдерін толық түсініп, қолдана алғанда ғана өзін өзгерте алады деп ойлаймын. Өзін-

өзі реттеу немесе басқару- адамның өзінің жақсы қасиеттерін жетілдіру және теріс қасиеттерін жою жөніндегі саналы және мақсатты іс-әрекеті. Өзін-өзі реттеудің басты шарты – өзі туралы шын көріністің, өзін-өзі дұрыс бағалаудың, өзін-өзі түсінудің белгісі.

Бұл сабағымда оқытудағы Кембридж тәсілі негізінде өткізілген сабақ туралы түсініктеме беріліп, сабақта бағдарламаның жеті модулін қалай кіріктіре сабақтастырғаным сөз болады. Жеті модульде қарастырылған идеялар сабақта пайдаланылатын жекеленген стратегиялар мен тәсілдер өзара байланыста көрсетілген.

Тақырыбы: Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы.

Мақсаты: білімділік-поэманың сюжеттік мазмұнын ашу, композициясына және көркемдік ерекшелігіне талдау;

Дамытушылық-студенттердің ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін арттыру, ойын жүйелі жеткізе білуге үйрету, танымдық іс-әрекетін дамыту;

Тәрбиелік-ерлікке, батырлыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, ерлікке тағзым етуге тәрбиелеу;

Күтілетін нәтиже:

- бейнелі сөздердің мәтінмен байланысын анықтап, сөздік қорын байытады;

- сын тұрғысынан ойлана отырып, ұсынылған мәселе, жасалған жұмыс бойынша өз ойына талдау жасап, өз көзқарасын шығармашылық тұрғыдан көрсете алады;

- ерлік пен өлең өлмек емес екеніне, адамзатпен бірге жасайтынына көз жеткізеді;

Негізгі идея: сын тұрғысынан ойлаудың әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану арқылы Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасына жан-жақты талдау жасау;

Қолданылатын модульдер: Диалогтік оқыту, Сын

тұрғысынан ойлауға үйрету, Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау, АКТ пайдалану, Талантты және дарынды балаларды оқыту, Жас ерекшелігіне сәйкес оқыту және оқу, Оқытуды басқару және көшбасшылық.

Әдіс-тәсілдер: «Аристотель ұсынған танымның 10 қасиеті», «Алты ойшыл қалпақ», «РАФТ», «Топтастыру», «Сатылай кешенді талдау» әдістері, сергіту сәті.

Типі: талдау сабағы.

Ресурстар: бейнежазба, таратпа парақтар, ақын портреттері, слайд;

Пәнаралық байланыс: тарих, музыка.

Сабақтың барысы: Кіріспе

а) Сәлемдесу.

ә) Сабаққа дайындықтарын тексеру. Студенттерді ынтымақтастық қарым-қатынасқа түсіру;

б) Жұмыс жасау ретімен таныстыру;

I. Қызығушылықты ояту

а) «Сіздер жасаған ерлік мәңгі біздің жадымызда» бейнежазба көрсетіледі.

ә) Топқа бөлінеді;

б) Әр топ өзіне берілген сөзге байланысты «Аристотель ұсынған танымның он қасиеті» кестесін толтырады;

1-топ: Ақын

2-топ: Соғыс

3-топ: Бейбітшілік

4-топ: Ерлік

1. Болмыс-кім?не?

2. Сапа-қандай?

3. Сан-неше? қанша?

4. Орын-қайда?

5. Уақыт-қашан?

6. Қимыл-не істеді?

7. Қатынас-кіммен?



8. Жағдай-қалай?
9. Иелену-кімдікі?
10. Қуану-одағай сөздер (эмоция)
- II. Мағынаны тану
- а) Қ.Аманжоловтың өмірі мен шығармашылық жолынан бейнежазба көру. Қ.Аманжолов кім? Топтастырады.
- ә) «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасын аудиокітаптан тыңдатамын.
- б) Поэманы студенттер жалғастырып мәнерлеп оқиды..
- в) Мәтінмен жұмыс жасайды. Интернетті қолдануға рұқсат етіледі.
- в) «Алты ойшыл қалпақ» әдісін ұсынамын.
- 1-топ: Ақ қалпақ. Ақ – Ақпарат. Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасына сатылай кешенді талдау.
- 2-топ: Қызыл қалпақ, көк қалпақ. Қызыл - Көкіректегі ішкі кернеу. Поэмадағы Абдолла бейнесіне талдау. Көк – Келесі қадамдарды анықтау. Поэма туралы басқа қаламгерлер пікірі.
- 3-топ: Жасыл қалпақ. Жасыл – Жаңа идеялардың жандануы. Ақын Абдолла Жұмағалиев туралы ақпарат.
- 4-топ: Сары қалпақ, қара қалпақ Сары - Сәулелі өмірге талпыныс. Поэмадағы табиғат құбылыстары. Қара - Адам көзі қорқатын барлық жамандық. Ұлы Отан соғысы әдебиетте.
- Сергіту сәті. Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» әнін тыңдатамын. Студенттер қосылып айтады.
- III. Ой толғаныс.
- «РАФТ» әдісін ұсынамын. Берілген рөлге сәйкес өз идеясын ұсынады.
- 1-топ: Рөл-Қасым  
Аудитория-Бүгінгі ұрпаққа  
Форма-Арнау

Тақырып-Сен неткен бақытты едің , келер ұрпақ!

2-топ: Рөл-Абдолла

Аудитория-Жау жендеттеріне

Форма-Эссе

Тақырып-Елін, жерін сүйген адам ғана батырға айналады.

3-топ: Рөл-Жау жендеті

Аудитория-Қазақ халқына

Форма-Хат

Тақырып-Қаһармандық-қазақ халқының төл қасиеті.

4-топ: Рөл-Бүгінгі ұрпақ

Аудиторты-Қасымға

Форма-Алғыс

Тақырып-Абдолла өлімі-өлімді жеңген өмір.

Бағалау. Өзін-өзі бағалау бетшелері таратылады.

Кесте студенттің топтағы өз жұмысын нақтырақ бағалап, оқытушыға алдағы уақытта жасайтын жұмысын жоспарлауына көмегін тигізеді. С т у д е н т кестені толтырады. Әркім топпен жұмыс істегенде іс-әрекеттерді қаншалықты жиі атқарды, өзінің деңгейін анықтайтын сөзді белгілейді.

Кері байланыс. Студенттер өздерінің бүгінгі сабақтағы іс-әрекеттері қай даналық сөзге сәйкес келеді, стикерлерге өз ойын жазып, жапсырады.

Даналардан шыққан сөз:

1. Өркениеттің басты мақсаты-адамдарды ойлауға үйрету. (Т.Эдисон)

2. Даналықтан мынадай үш ерекшелік шығады:тамаша шешімдер ұсыну, қатесіз сөйлеу және қажетті нәрсені ұсыну. (Демокрит)

3. Тіл қаруы-сөз, сөз қаруы-ой.Ақылды ой, алғыр сөз-адамның ең жоғарғы қасиеті. (Ғ.Мұстафин)

4. Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе-оның басқа адамдармен қарым-қатынасы.(Абай)

Үйге тапсырма: а) Поэмадан үзінді жаттау.

ә) А.Жұмағалиев шығармашылығымен танысу.

б) Ұлы Отан соғысына қатысқан Атыраулық ардагерлер туралы мәлімет жинау.

Қорытынды:

Қасым ақын жанының бар толғауын, кек күшін, сезім тереңін түгел бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сезімімен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін, жүрегін тербей шыққан. (Ғ.Мүсірепов)

Оқытушы жазбалары

• Сабақтың тақырыбы: Қасым Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы.

• Мақсатқа сай қол жеткізген нәтижем: Топ болып жұмыс жасау барысында өзара сыйластыққа, мәдениеттілікке үйренді. Сабағымда ынтымақтастық атмосферасы қалыптасты.

• Қызығушылықты ояту мақсатында «Сіздер жасаған ерлік мәңгі біздің жадымызда» бейнежазбасын тамашалау арқылы дүниетанымы кеңейді. «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модулінің «Аристотель ұсынған танымның он қасиеті» кестесін толтыру арқылы бұрын білетін мәліметтерін пайдалана отырып, сөздердің мағынасын ашты, зейіні шоғырланды.

• Мағынаны тану кезінде ақынның өмір жолы туралы бейнебаян тамашалап, поэма мәтінін аудиокітап арқылы тыңдадық. «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модулінің «Алты ойшыл қалпақ» әдісі бойынша интернет желісін пайдалана отырып, мәтінмен жұмыс жасадық. Сабақтың бұл кезеңінде бағдарламаның «АКТ» қолдану, «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер модулінің «Диалогтік әңгіме» әдісі жүзеге асты. Студенттер бір мәселені түрлі көзқарас тұрғысынан қарастырып, өз көзқарасын, ойларын ортаға салды. Олардың жұпта, топта жұмыс жасауына мүмкіндіктер берілді. Студенттер пікірлерін ашық білдіруге тырысты, сол арқылы өзгенің пікіріне құлақ қоюға, әркімнің өзіндік пікірі болатынына көз

жеткізді.

- Сергіту сәтінде ақынның сазгерлік өнерімен танысып, «Өзім туралы» әнін тыңдадық.

- Ойтолғаныс бөлімінде «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модулінің «РАФТ», «Автор орындығы» әдістері бойынша өз ойын шығармашылық тұрғыдан көрсетуіне мүмкіндік бердім. Әр топқа рөл, аудитория, форма, тақырып беріліп, осы рөлдердің негізінде шығармашылықпен жұмыс жасады.

- Бағалау бөлімінде студенттердің алдарына «Өзін-өзі бағалау» бетшелерін бердім. Әркім өз жұмысына сын көзбен қарап, өзін-өзі бағалауы-бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі. Студент өзінің жетістігі мен кемшілігін өзі анықтаса, оны түзету де өзінің қолынан келеді деп ойлаймын.

- Кері байланыс бөлімінде қабырғаларға даналық сөздерді іліп қойдым. Студенттер өзінің бүгінгі сабақтағы іс-әрекетіне сәйкес келетін сөзді таңдау арқылы өзіне-өзі есеп берді. Бұл жерде «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» модулі жүзеге асырылды.

- Жетістігім: студенттерім сабақтың барлық бөлімдерінде ынтымақтастықпен, қызығушылықпен жұмысқа бірден кірісіп кетті. Таңдаған тапсырмаларым олардың жас ерекшелігіне сәйкес келіп, шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпалын тигізді. Өртүрлі әдіс-тәсілдерді игеріп, оларды қолдануда білік-дағдыларының қалыптасқаны көрініп тұрды.

- Кездескен кедергілер: студенттерге менің берген уақытым аздық етті де, мен оларды асықтыруыма тура келді. Уақыттың тапшылығы- менің басты кедергім.

- Нені дамытар едім: өзімді де, студенттерімді де шапшаң жұмыс жасауға үйрету. Уақытқа бағынып жұмыс жасап үйрену.

**Д.АХМЕТОВА,**  
**С.Сауранбаев атындағы**  
**орта мектеп.**  
 Алматы облысы,  
 Райымбек ауданы,  
 Сарыбастау ауылы

## Т.ӘБДІҚОВ. «ҚОНАҚТАР»

Сабак негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	Әңгіменің мазмұнын түсіну, негізгі ойды анықтап, нақты ақпарат бойынша талдау жасау.
Сабак мақсаттары:	<p><b>Барлық оқушылар:</b> әңгіменің мазмұнын түсінеді.</p> <p><b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> әңгіменің мазмұнын түсініп, негізгі ойды анықтап, оқығаны бойынша түсінігін айта алады.</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіріп, талқыға, пікірталасқа түсе алады.</p>
Тілдік мақсат	<p>Оқушылар: әңгіменің мазмұнын түсінеді, негізгі идеяны анықтайды.</p> <p>Негізгі сөздер мен тіркестер: қонақ, қара шаңыраққа ие болу, ата-ана қарызы, баланың парызы.</p> <p>Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:          -Үлкен үй, шаңырағың шайқалмасын, босағаң берік болсын, қызды қияға, ұлды ұяға қондыру, отау құру, кенже ұл, қасиетті қара шаңырақ, медет ету, мұрагер болу.</p> <p>Талқылауға арналған тармақтар:          Қара шаңырақ деген не? Қара шаңыраққа кім ие болу керек?          Баланың ата-ана алдындағы парызы қандай?          Сіз неліктен...екенін айта аласыз ба?</p> <p>Құндылықтар: Шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлай алатын, қарым-қатынас жасау қабілеті жоғары, жауапкершілікті, қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық мерекелерін білетін, ұлттық құндылықтарды қастерлейтін тұлға қалыптастыру.          «Қазақ даласы -Ұлы Түркі елінің қара шаңырағы».....</p>

				<p>– Н.Назарбаев жорыққа «Жолаушылар, жорыққа шығатындар-ертеде қара шаңырақтан дәм татып, үлкендерден бата алып аттанады екен...» Ата-бабамызда «қасиетті қара шаңырақ» деген сөз бар. Мұндағы «шаңырақтың» киіз үйдің қақ төбесіндегі ең қасиетті, киелі бөлігі екені белгілі. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. Жаңадан отбасын құрып, өмірге қол ұстасып бірге аттанған жастарға «Шаңырағың биік болсын!» деп бата береді. Бұл – құрған отбасының тұғыры берік, мәртебесі жоғары болсын деген сөз. Отбасы туралы тереңнен толғанған Елбасы мұның «Қазақстан-2050» стратегиясына сай екенін айтып өтті. «Отбасы – береке-бірліктің қайнар көзі. Отбасының бірлігі – Отанның бірлігі, ағайынның татулығы – Атамекеннің тұтастығы. Біз жас ұрпақтың білімді, дені сау болуы, әрбір некенің мызғымас берік болуы, қарттардың зейнетті өмір кешуі үшін барлық жағдайды жасап келеміз».</p> <p>Жазылым бойынша ұсыныстар: мақал-мәтел, эссе жазу.</p>
Алдыңғы оқу				Жазушының өмірі жайлы мәлімет біледі. Баланың ата-ана алдындағы парызын біледі.
Жоспар				
Өлшемдер	Дескрипторлар			
	төмен	орташа	жоғары	

<p>Мәтіннің мазмұнын, идеясын түсінеді, түсінігін айтады, өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстырады, өз идеясын ұсынады.</p> <p>2. Нақты ақпараттарға негізделген сұрақтар құрастырады.</p>	<p>Мәтін мазмұнын түсінеді, бірақ түсінігін толық жеткізе алмайды</p> <p>Ақпаратқа негіздеп 1-2сұрақ құрастырады</p>	<p>Мәтін мазмұнын түсініп, мазмұнын айтады, мәтін идеясы бойынша өз пікірін білдіреді</p> <p>Нақты ақпаратқа негізделген сұрақтар құрастырады, сұрақтарға жауап береді</p>	<p>Мәтін мазмұнын түсініп, сюжет желісі бойынша әңгімелейді, өз пікірлерін өзгелердің пікірімен салыстырады, өз идеясын ұсынады.</p> <p>Нақты талқыға түсетін сұрақтар құрастырып, автордың айтпақ ойы арқылы өз ойын байланыстырып талдап, тұжырым жасайды.</p>
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)	Ресурстар	
Басталуы. 2 мин.	Сыныпта жақсы атмосфера қалыптастыру. Әр оқушы өз атына қосып жағымды сөз айтады.		
2 мин.	Түрлі-түсті асықтар арқылы топқа бөлу.		
Ортасы. 5 мин.	<p>1. «Қоржын сұрақ» әдісі. Қоржынға бірнеше сұрақ жазылған қима қағаздар салынған. Оқушылар алып сұрақтарға топпен бірлесе отырып Жауап беру арқылы тақырыптың мазмұнын, тәрбиелік мәнін болжайды.</p> <p>1. Қара шаңырақ деген не?</p> <p>2. Қара шаңырақтың иесі кім?</p> <p>3. Қара шаңыраққа кім ие болу керек?</p> <p>4. Баланың ата-ана алдындағы парызы қандай?</p>	Үлестірме қағаз	

15 мин.	1. «Пазл» әдісі. Әңгіменің сюжетін топтарға бөлініп баяндау. Оқушыларға әңгіме бөлімдері қиылып беріледі.	Үлестірме қағаз
7 мин.	I топ. Ерғабыл шал мен оның кейіпкерінің баласын сағына күтуі. II топ. Қалада тұратын ұлы Сапабектің қарт әке-шешесіне салқын, жасанды қарым-қатынасы. Жетпіс бес жасқа келген Ерғабыл шалдың арманы.	
5 мин.	Сағына күткен баласының әңгімесіне көңілі толмаған Ерғабыл шал.	
7 мин.	III топ. Қарияның ендігі бір үміті – немересі Жеңісті алып қалып тәрбиелеу. Баласы мен келінінің қартты бұл қуаныштан айыруы. IV топ. Қалаға асығыс аттанған Сапабек. Ұлымен қимай қоштасқан ата-ананың құлазыған көңілі.	
	Қалыптастырушы бағалау. 3. «Сұрақ қой, қайта сұрақ қою» әдісі.Әр топ мәтін мазмұны, мәтіндегі ақпарат бойынша бірнеше сұрақтар дайындайды. Сұрақтарын келесі топпен ауыстырып сұрақтарға жауап береді 4. «Әріптестер» әдісі арқылы ширату жаттығуын өткізу. Әр оқушыға не жауабы бар, не сұрағы бар қағаз беремін. Оқушылар сынып ішінде жүріп, сәйкес келетін сұрақ пен жауапты іздейді. Күрделілік деңгейін арттыру үшін, оқушылар үндемей орындай алады.Сұрағы мен жауабын тапқан оқушылар белгі беріп сұрағы мен жауабын оқиды.	



	<p>Қалыптастырушы бағалау. Сергіту сәті. 5. «Төрт сөйлем» тәсілі.</p> <p>1. Пікір. Тыңдаған мәтіндегі кейіпкер бейнесін бір сөйлеммен жеткізеді. - Әңгімедегі Сапабектің іс-әрекеті қазақи болмысымызға жат қылық, меніңше....</p> <p>2. Дәлел. Мәтіннен үзінді келтіре отырып өз пікірін бір сөйлеммен дәлелдейді. - Автор әңгімеде ұрпақ тәрбиесіне байланысты құнды идея келтірген, өйткені ....</p> <p>3. Мысал. Пікірін тарихпен байланыстырып, мысал келтіреді. Қазақта, қазақи болмысымызда кара шаңыраққа ұл бала ие болған, олай дейтінім...</p> <p>4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарады. - Менің ұғымдағы азаматтық парыз мыналар,...</p> <p>Қалыптастырушы бағалау. «Екі жұлдыз, бір тілек»әдісі арқылы.</p>	
<p>Аяқталуы. 3 минут.</p>	<p>Үйге тапсырма. «Мен ата-анам алдындағы перзенттік борышымды қалай түсінемін?» тақырыбына эссе жазу. Кері байланыс. 1. Маған .... қызық болды. 2. Маған .... қиын болды. 3. Мен ..... түсінбедім.</p>	

<p>Қосымша ақпарат.          Үйге тапсырма: «Мен ата-анам алдындағы перзенттік борышымды қалай түсінемін?» тақырыбына эссе жазу.</p>		
<p>1. Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз?          Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>1. Саралау тапсырмасын төменнен жоғарыға қарай күрделендіремін.          Қабілетті оқушылар берілген өлшемдер бойынша бар тапсырманы орындайды.</p>	<p>2. Бағалау- оқушының білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?          Нұсқаулық беремін, мадақтау, ынталандыру, бір-біріне кері байланыс береді. Қабілетті оқушылар әр топқа өз пікірлерін білдіруге жетелейді.          Мәтіннің түйінді тұстарын анықтап, оған пікір білдіруге көмектеседі.          Критерий мен дескрипторды алдын ала беремін.          Әр тапсырмаға қалыптастырушы бағалау жүргіземін.</p>
<p>Рефлексия          Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?          Бүгін оқушылар не білді?          Сыныптағы ахуал қандай болды?</p>	<p>Рефлексия.          - Сабақ мақсаты мен оқу міндеттері белсенді оқу әдіс-тәсілдерімен жүзеге асты.          - Мәтін мазмұнын түсінді, сұрақтар құрастырды, сұрақтарға жауап берді, кейбір оқушылар өз пікірлерін білдірді.          «Қоржын сұрақ» әдісі мен «әріптестер» деген ширату жаттығуы оқушылардың қызығушылығын оятты.          - «Пазл» әдісі арқылы бүгінгі сабақ мазмұнын меңгерттім          - Сұрақтар құрату арқылы тақырыпты меңгергенін тексердім.          - «Төрт сөйлем» әдісі оқушылардың білім деңгейін көрсетті.          - Сабақтың қорытынды бөлімі сәтті болды.</p>	
<p>Қорытынды бағалау.          Қандай екі нәрсе табысты болды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)          1. Белсенді оқу әдіс-тәсілдері.          2. Оқушыны топқа бөліп, топпен жұмыс істеу.          Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)          1. Оқушы деңгейіне қарай саралап оқыту.          2. Кері байланыс жасап отыру.          Сабақ барысында мен келесі сабағымды жетілдіруге не көмектесетін білдім.          - Кері байланыс жүргізіп отыру.          - Оқушыны мадақтап, қолпаштап отыру.          - Сыныптың атмосферасына мән беру, көңілдерін көтеріп отыру.          - Оқушының тапсырманы дұрыс орындағанына көз жеткізіп отыру.</p>		

**М.ТИЕРМЕНОВ,**  
**Ғ.Садвақасов атындағы**  
**орта мектеп.**  
 Алматы облысы,  
 Ұйғыр ауданы,  
 Үлкен Ақсу ауылы

## **Ж.АЙМАУЫТОВ. «ӘНШІ»** *(II-сынып)*

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	а) білімділігі: Жүсіпбек Аймауытовтың өмірбаянын, шығармаларын оқыта отырып, қайталанбас суреткер екенін таныту. Өнерді сүю, әнге құштарлық, өнер адамдарына деген көзқарасты қалыптастыру, өнер күдіретін сезінуге тәрбиелеу, мәгінді арқау ете отырып, рухани-адамгершілік бағытында тәрбие беру.	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: жазушы өмірі жайлы толық мәлімет айта алады.	
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Мәгінді оқи алады, мұғалімнің көмегімен қажетті ақпараттарды шағын мәтіндерден таба алады.	
	Кейбір оқушылар орындай алады: Тақырып бойынша талдау жасай алады. Өз ойларын ашық айта біледі. Өмірлік жағдаяттарда қолдана біледі.	
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: шығарманы түсініп оқи алады. Тақырып бойынша талдау жасай біледі. Өз ойларын ашық айта біледі.	
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер. Әнші, Жетішатыр, суреттеу, шеберлік, т.б.	
	Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Жетішатыр қаласы, домбырасын күйлеп, әйгілі Әміре Қашаубаев, Әмірқанның прототипі, т.б.	
	Талқылауға арналған сұрақтар: Мәтіннің негізгі ойы неде?	
	Не себепті Әмірқандай әнді ешкім сала алмайды? Себебі неде деп ойлайсыз?	
Ишара:		
Алдыңғы оқу:		
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар

Басы. 5 мин.	Сабактың барысы: а) Ұйымдастыру кезеңі. «Жүректен-жүрекке» психологиялық сергіту арқылы сыныпта жағымды ахуал тудыру. Оқушылар бір-біріне тілек тілей отырып, жақсы сөздер айтады. Сынып оқушыларын ойын арқылы екі топқа бөлемін.	
Ортасы. 6 мин- 25 мин.	<p>Жаңа сабақ. Қаламгердің өмірі мен шығармашылығын сағылай кешенді талдау арқылы түсіндіру</p> <p>Топтастыру: Жүсіпбек Аймауытов кім?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Драматургия саласына қосқан үлесі қандай?</li> <li>2. Директорлық қызметін қай жерде атқарды</li> <li>3. Сазгер әрі әнші ретінде қалай танылды?</li> <li>4. Қай жерде журналист, редакторлық қызметін атқарды?</li> </ol> <p>Мұғалім сөзі: Сонымен, біздің бүгінгі сабағымыз Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесі.</p> <p>«Әнші» әңгімесін түсіндіру жоспары:</p> <p>Әншімен алғаш танысу. Ән құдіреті. Наурыздағы сауық той. Аруакты әнші. Әмірханның үйінде. Әншінің жүдеу тұрмысы. Ән салу - үлкен өнер. Әнші де жылайды екен. (Қысқаша мазмұнын түсіндіру)</p> <p>Әңгімедегі Әмірханның прототипі – әйгілі қазақ әншісі Әміре Қашаубаев. Ол - Парижде өткен дүниежүзілік этнографиялық концертте бүкіл әлем жұртшылығына танылған тарланбоз әнші. Сол Парижде ол Исаның әні «Желдірмені» орындаған. Шетелдіктер ол әнді күйтабаққа жазып алған. Кейіннен Қазақстандықтар Париж мұражайынан сол жазбаны алдыртқан. «Желдірме» әні тыңдатылады.</p> <p>Мәтінге композициялық талдау.</p> <p>Оқиғаның басталуы – Жетішатыр қаласының тұрмыс-тіршілігі.</p> <p>Оқиғаның дамуы – Қымыз ішкен жастардың Әмірқанмен кездесуі.</p> <p>Шиеленісуі – Наурыз мерекесі.</p> <p>Әмірқан-театр сахнасында.</p> <p>Шарықтау шегі – Әмірқан басынан кешірген бір оқиға</p> <p>Шешімі – Ән тәңірісінің құдіретті әні.</p>	Оқулық.  А4 қағаз. Қалам, қарындаштар.

	<p>Әдеби-теориялық ұғымдар:</p> <p>1. Теңеу: атқан таңдай, шайдай, сыбызғының үніндей, асқар тауындай, күзді күнгі дауылдай, тас бұлақтың суындай.</p> <p>2. Портрет: Әмірқан-кісіге тез үйір болатын, жолдасқа жанын қиятын жігіт.</p> <p>Сөздікпен жұмыс: <i>Бержабай, қашаба, шүлңгір, құжсыра, шәулі</i> сөздерінің мағынасын ашып жазу.</p> <p>Ой толғаныс стратегиясы. Әр топқа әр түрлі тапсырмалар беріледі</p> <p>1-топ. Әмірханның мінездемелік сипаты. (Мәтіннен тауып жазу)</p> <p>2-топ. Сөз төркінін ашу. Түсіндірме күнделігін толтыру</p> <p>3-топ. Мәтіннен теңеу сөздерді табу.</p>	
Соңы 10мин.	<p>Сабақты бекіту. Сабағымызды қорытындылай келе, біздер Жүсіпбек Аймауытов – қазақтың ән өнерін жоғары бағалай білетін талғампаз жан екенін білдік. Ол әнді сүйіп өсті, өзі де ән айтудан әсте жалыққан емес. Сондықтан да ән мен әнші тақырыбы – жазушы ұлылығының айғағы десек те болады.</p> <p>Үйге тапсырма: «Әнші» әңгімесінің мазмұнын айту.</p>	
Қосымша ақпарат	<p>- Әміре Қашаубаев - ән асқары, қазақ өнерінің жарық жұлдызы, ұлттық мақтанышымыз. «Бұратана» саналған қазақ халқының бай өнері мен жоғары мәдениетін барша халыққа паш етті. Франция секілді өркениетті елге өнеріміздің құдіреттілігін мойындатты. Сол үшін де қазақ халқы Әміре сынды ұлы тұлғасын ешқашан ұмытпайды.</p>	
<p>Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? Сабақ оқытылған соң, барлық оқушылардың қызығушылығы мен дарындылығы ескерілген.</p>	<p>Бағалау–оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Сабақтың әр бөлігінде тиісті бағасын қойып отырады. Сабақ соңында кері байланыс арқылы өзіміздің нені бақылағанымды айтамын.</p>	<p>Пәнаралық байланыс – Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі). Орыс тілі, қоршаған орта пәндерімен байланысты. Денсаулығына, эмоциясына салмақ түседі.</p>

<p>Рефлексия.</p> <p>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?</p> <p>Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?</p> <p>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?)</p> <p>Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p>	<p>Сабақтың мақсат-міндеттері орындалды.</p> <p>Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесін толық түсінді. Теориялық ұғымдар туралы мәлімет алды. Сабақ жақсы өтті. Жоспарланған саралау іске асты. Сатылай кешенді талдау арқылы жаңа сабақты түсіндірдім.</p>
<p>Қорытынды бағалау. Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. АКТ пайдалану оқушылардың ынталарын арттырды.</li> <li>2. Топтық жұмыс бірлесе оқуға жетеледі.</li> </ol> <p>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (оқыту мен оқуға қатысты)?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тапсырманы күрделендіру.</li> <li>2. Постерге көбірек көңіл бөлу.</li> </ol> <p>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кейбір оқушылармен сөздіктер бойынша жұмыс жүргізу.</li> <li>2. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта білуге қалыптастыру.</li> </ol>	

**Ү.ӘМІРХАНОВА,**  
**Қаптанбек аграрлық-**  
**техникалық колледжі.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Сарыағаш ауданы

## **СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

Сабақтың мақсаты:

а) білімділік: Сүйінбай Аронұлының өмірі, ақындық жолға түсуі, шығармаларының тақырыбы, айтыс өнеріндегі өшпес орны туралы оқушылардың білімдерін кеңейту.

ә) тәрбиелік: Сүйінбай шығармаларының тақырыбын аша отырып, оқушыларды Сүйінбай аталарындай әділ, батыл болуға, адам бойындағы жат мінездерден аулақ болуға тәрбиелеу.

б) дамытушылық: Ұлы ақынның шығармаларын оқыта отырып, Сүйінбайдың шығармашылығына деген қызығушылықтарын арттыра түсу.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: Түсіндіру, топтық және жеке жұмыс, СТО технологияларының әдістері.

Сабақтың көрнекілігі: Сүйінбайдың өміріне, шығармашылығына байланысты тұсаукесер, Сүйінбайдың суреттері, Сүйінбайдың ескерткіштері бейнеленген суреттер, деректі фильмдер.

Пайдаланылған әдебиеттер: С.Қирабаев, З.Қабдолов, Х.Әдібаев. «Қазақ әдебиеті. 11-сынып». Алматы «Мектеп», 2007 жыл;

Аронұлы Сүйінбай. Ақиық. Толғаулар, сын-

сықақтар, айтыстар. Алматы, 1975 жыл.

Пәнаралық байланыс: тарих.

Сабақтың мазмұны

I. Ұйымдастыру бөлімі.

а) Сабақта жоқ оқушыларды тізімі бойынша белгілеу.

б) Дәрісхананың және оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

в) Оқушылардың өткен сабақтан түсінбеген сұрақтарына жауап беру.

г) Оқушыларға сабақтың мақсатын баяндау.

II. Өткен сабақты қайталау.

1. Оқытушының кіріспе сөзі.

*Мен - мен едім, мен едім!*

*Мен Нарында жүргенде*

*Еңіреген ер едім.*

*Исатайдың барында*

*Екі тарлан бөрі едім.*

*Қай қазақтан кем едім?*

*Бір қазақпен тең едім,*

- деп, қазақтың жауынгер ақыны жырлап өткен еді. Олай болса, үй тапсырмасына «Махамбет Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығы» туралы оқып келу берілген болатын. Үй тапсырмасын қайталау үшін «Бақытты сәт» оқыта-үйрету ойыны бойынша білім сайысына түсеміз. Сайыс 5 кезеңнен тұрады.

1-кезең. Бойсергіту. «Жұлдызды жауын» сұрақтар жаудыру.

2-кезең. «Шеңбер бойымен әңгімелеу»

3-кезең. «Тұлғаны танып біл».

4-кезең. «Сен-маған, мен - саған».

5-кезең. «Көсемдікке ұмтылу».

Сендердің әрбір жауаптарың қазақтың ұлттық ою - өрнектерімен бағаланады.



«5» көк туды көк аспанда желбірет  
«4» жасыл желектей жайқалып өс  
«3» жақсы оқуға әрекет жаса, қызарып ұялма.

- Сайыс соңында жалпы ұпайларыңды есептеп, жеңімпаз топты анықтаймыз. Іске сәт, сайысымызды бастаймыз.

1-кезең. «Бой сергіту».

«Жұлдызды жауын» ойыны арқылы сұрақтар жаудыру. Интербелсенді тақтада біртіндеп жұлдыздар ашылып сұрақтар шығады. Әр командаға 4 сұрақтан беріледі. Команданың бір өкілі жауап береді, ал бәсекелес команда жауаптың дұрыстығын қадағалап отырады. Сұрақтар тізімі:

1. Махамбет Өтемісұлы қай жерде дүниеге келді?
2. Махамбет өлеңдерінде Исатай образы қалай беріледі?
3. Махамбет өмір сүрген қоғам жайлы не білесіңдер?
4. Ақынның жалынға толы қандай жырларын білесіңдер?
5. Ел мен жер туралы қандай өлеңдері бар?
6. Ерлік тақырыбында қандай жырлар жазды?
7. Бізге мұра болып қалған күйлерін атаңдар?
8. Махамбет қай жылы қастандықпен қаза тапты?
9. 19-ғасырдың бірінші жартысы мен 20-ғасырдағы қазақ әдебиеті неше тарауға бөлінді?
10. Дулат Бабатайұлының «Еспембет» дастанының мазмұнын айтыңдар?
11. Ақынның хат танитын сауаттылығы туралы не айтуға болады?
12. Махамбет Жәңгір ханның ордасында неге қызмет етуден бас тартады?

2-кезең. «Шеңбер бойымен әңгімелеу». Әр топтың ортасына Махамбеттің өлеңі беріледі. Оны топ

мүшелері шеңбер бойымен талдап, мазмұнын айтады.

1. «Алғырлар» тобы. «Тайманның ұлы Исатай»
2. «Тапқырлар» тобы. «Нарын»
3. «Зейінділер» тобы. «Ерулі атқа ер салмай»

3-кезең. «Тұлғаны танып біл». Интербелсенді тақтада қазақ халқының ақын-жазушыларының портреттері жасырылынады. Оқушылар ол ақын-жазушының кім екенін, оның әдебиеттің қай тарауына жататынын, қандай шығармалары бар екендігі туралы түсінік алады.

Жасырылынған тұлғалар:

1. Дулат Бабатайұлы.
2. Махамбет Өтемісұлы.
3. Ақан Сері Қорамсаұлы
4. Ыбырай Алтынсарин
5. Ахмет Байтұрсынов.
6. Міржақып Дулатов.

4-кезең. «Сен-маған, мен - саған». Топтар бір-біріне сұрақтар қояды. Өзара пікір алмасып, ойларын тұжырымдайды.

5-кезең. «Көсемдікке ұмтылу». Сайысымыз соңғы, шешуші кезеңі, мұнда әр топтан оқушылар шығып Махамбеттің өлеңін мәнерлеп оқиды.

Жеңімпаз топты жинаған оюлары бойынша есептеп, шығарамыз.

III. Жаңа сабақты баяндау.

Жоспар:

1. Сүйінбайдың ақындық жолға келуі.
2. Сүйінбай - шебер тілді, жүйрік ақын.
3. Айтыс өнерінің майталман жүйрігі.

Сабақтың эпиграфы

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз,

жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» дегендей, біз бүгінгі сабағымызды қазақтың айтыс өнерінің алтын діңгегі Сүйінбай Аронұлының өмірі және шығармашылығымен танысып, ұлттық өнеріміздің қыр – сырына терең үңілетін боламыз.

*Бата берген Сүйінбай, -  
Жырдың тіккен туындай...*

*Ақындардың ақыны,  
Айдын көлдей ақылы...*

*Менің пірім – Сүйінбай,*

*Сөз сөйлемен сиынбай, -*

деп жырлап өткен жыр алыбы Жамбылдың ұстазы Сүйінбайға баға берген болатын.

*Сүйінбай – айтыс өнерінің алтын діңгегі.*

Мұхтар Әуезов.

*Сүйінбайдың бүкіл Жетісу ақындарына, әсіресе ең талантты шәкірті, келешегінен зор үміт күткен Жамбылға берген ақындық, ұстаздық жолында екі үлкен ерекшелік бар. Бірі – айтыста болсын, шындықты жеткізіп, өткір, шешен, тапқыр тілмен тыңдаушыны құмарландырып сөйлеуі, екіншісі – тарихта болған батырларды үнемі желілі жырға айналдырып айтуы.*

Есмағамбет Ысмайылов.

Сүйінбайдың ақындық жолға келуі

Сүйінбай Аронұлы Алатау бөктеріндегі Алматы облысының Жамбыл ауданы, Қарақыстақ ауылының Бұлақ деген жерінде 1815 жылы туып, 1898 жылы 83 жасында дүние салған.

Оның өлеңдері мен айтыстарында XIX ғасырдағы казакелінің өмір-тіршілігі, арман-мұраты көрініс тапқан. Жасынан қолында билігі мен байлығы барлардың кедей-кепшікке көрсеткен зорлық-зомбылығын көріп-біліп өскен ол қара халықтың жоқтаушысы болған. Атқамінерлердің халыққа жасаған қиянаттарын алмастай өткір жырларымен естен кетпестей қып беттеріне басты. Ел бірлігін, оның тәуелсіздігін, сол жолдағы ерлердің жанқиярлығын талмай жырлады.

Болашақ даңқты ақын жасында жоқшылық тауқыметін көп тартқан. Жастай жетім қалып, байдың малын бағып, тамағын асыраған. Ол туралы өлеңдерінде ақынның өзі де айтады. Ал ақын Қожахмет Тұрлыбайұлы бір өлеңінде:

*Сүйінбай он жасында қалды жетім,*

*Жылаумен секпіл басқан екі бетін.*

*Жетімді жетілдіріп, жүйрік еткен,*

*Алланың көрмеймісің құдыретін, -*

деп, жетім баланың ақындық өнердің шыңына шыққанына таңданады.

Сүйінбай 13-14 жасында ең алғаш рет “Түс” деген өлеңін шығарады. Бұл өлеңде болашақ ақын Шүйбек деген байдың қойын бағып жүргенде, бір күні түс көріп, ұйқысынан өлеңдетіп оянғандығын баяндайды.

Болашақ ақынның айтуы бойынша түсіне Қызыр баба келіп, көген аласың ба, өлең аласың ба дегенде, Сүйінбай «өлең, өлең» деп айқайлап, ұйқысынан оянған екен. Осыдан бастап оның ақындық қасиеті дами бастаған.

Белгілі бір адамның бойындағы басқаларда жоқ ерекше қасиеттері, соның ішінде ақындық өнері туралы да халық: «тұқымында бар», «өлең қонған» дейді. Мұның мәнісі: тегінде – аталары немесе нағашыларында

бар ақындық түбінде ұл-қыздарының біріне көшеді немесе адам жаратылысынан бойына дарыған ерекше қасиет-қабілетпен дүниеге келеді дегенді білдіреді.

Бұл жағынан келгенде жыраудың арғы атасы Күсеп әрі ақын, әрі қобызшы болса, нағашы атасы Қабан Жетісудағы ақындық, жыраулық өнердің ірі өкілі болған. Сүйінбай бозбала кезінде жеті тәулік бойы нағашы атасының көшінен қалмай, ілесіп жүріп, батасын алыпты.

Сүйінбай өлеңге жасөспірім шағынан үйір болып, 13-15 жасынан ақындық жолын қуады. Баяғының алуан жыр-дастандарын, аңыз-қиссаларын жиын-тойларда жатқа айтып, өз жанынан да өлең шығарады.

Сүйінбай - шебер тілді, жүйрік ақын

Сүйінбайдың ақын аты шығып, ел таныған шағы жиырма бестер шамасындағы кезі болса керек. Өзінің айтқандары да сол шамаға келеді. Сүйінбайдың туындылары оның табан астында тауып айтатын ғажайып тапқыр, сөздің реті келгенде “ешкімнің атағына бас ұрмайтын, басынан құс асырмайтын” әділ де турашыл, арғы-бергіні сергек санамен саралаған даңғыл, дана ақын болғанын көрсетеді.

Сүйінбайды қырғыз елінің мықтылары да ақындықтың көшбасшысы ретінде бағалаған.

Бір ғасыр бойы өмір сүрген жыр алыбы Жамбыл атамыз да осы Сүйінбайдың ақындығына тәнті болып, іздеп барып жыраудың батасын алған.

Жамбыл Сүйінбайды ұстазым деп пір тұтқан:

*Бата берген Сүйінбай, -  
Жырдың тіккен туындай...  
Ақындардың ақыны,  
Айдын көлдей ақылы...  
Менің пірім – Сүйінбай,*

*Сөз сөйлемен сиынбай...* – деп бағасын берген. Осы жерде Сүйінбай Аронұлының «Бала Жамбылға бата» өлеңінің шығу тарихына тоқталып өтелік. Жарапазан айтуды сылтауратып, Жамбыл Сүйінбайдың аулына келеді. Жас ақын домбырасын ала салып, Сүйінбайдың назарын аудару үшін ескі жырларын айтумен қатар өзінің тың өлеңдерін де айтады. Сол кезде Сүйінбай Жамбылды жылы шыраймен қарсы алып, оның үстіне өзінің иығындағы шапанын жауып жатып: «Жолың болсын, бақытың ашылсын, балам!» - дейді. «Бала Жамбылға бата» өлеңі осы жерде туады:

*О, Жамбыл, бата дедің – бердім саған,  
Бақытты өмірі боп жүргін аман.  
Батасын ат орнына берді ғой деп,  
Қоймағын былай шығып кінә маған  
Соңынан Сүйінбайдың орнын басып,  
Тіліңнен балың тамсын сорғалаған.  
Жапаға риза болсын айта барғын,  
Осымен өкпелемей жүрсін маған.*

Сүйінбай – ірі ақын. Сондықтан оның қозғаған тақырып, көтерген мәселелері де ірі болып келеді, соған орай ойы да өрелі, тілі де өрнекті шығады.

Сүйінбай үнемі халыққа арқа сүйеп, ру емес, тайпа емес, тұтас елдің мүддесін алға тартып жырлайды. Ерлік, елдік идеясы – Сүйінбайдың өлеңдері мен жыр-дастандарының, айтыстарының өн бойына тартылған өзекті идея.

Ақын шығармаларының бір парасы тікелей осы елдік пен ерлік тақырыбына арналған.

Оның «Бөрілі менің байрағым», «Ту алып жауға шапсаң сен» деген өлеңдері осы тақырыпта жазылған:

*Бөрілі байрақ астында  
Бөгеліп көрген жан емен.*

*Бөрідей жортып кеткенде,  
Бөлініп қалған жан емен.  
Бөрілі найза ұстаса,  
Түйремей кеткен жан емен,  
Бөрілі байрақ құласа,  
Күйремей кеткен жан емен..*

Сүйінбайдың «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңінде атынан көрініп тұрғандай, жақсы мен жаман адам, оларға тән қасиеттер бір-біріне қарама-қарсы қойылып сипатталған. Ол – өмірде асыл мен жасықты, ер мен ездi, жақсы мен жаманды, ізгi мен зұлымды көп көріп, көңілінде таразылап, осы өлеңінде жырлаған:

*Жақсы жігіт ел-жұртының қаласындай,  
Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай.  
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,  
Көреді бәрін де өз баласындай...  
Жаманның көкірегі – көр, көзі – соқыр,  
Жүрер жолдан тал түсте адасып-ай...  
Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,  
Жанбай қалған ағаштың шаласындай.*

Сүйінбайдың шығармашылығында арнау өлеңдер қомақты орын алады. Оның «Датқалар», «Төрелерге», «Үмбетәліге» сияқты өлеңдері арқылы ол сол кездегі «атқамінерлердің», төрелердің әділетсіздігі, жағымпаздығы, қарапайым халыққа жасаған қиянаттарын, тайсалмай беттеріне шыжғырып, басып айтады.

Сүйінбай – ХІХ ғасырдың 30-жылдарынан бастап, 80-жылдардың соңына дейін алпыс жылға жақын үзіліссіз жырлаған, айтыста жеңіліп көрмеген аса көрнекті ақын-жырау.

Сүйінбай – ірі айтыс ақыны. Ұлы жазушы, ғұлама

ғалым Мұхтар Әуезовтің де оған аса жоғары баға беруі мұны дәлелдей түседі.

Айтыстарының қай-қайсысында да Сүйінбайдың ақындық мұраты анық көрініп тұрады. Қайырымсыз байларды мінеп, есесі кеткен нашарды жақтайды, ел ішінің бірлігін жырлайды, әділдікті, батырлықты дәріптейді. Бір қызығы, бұл өнерді Сүйінбай өзін құстың бір түрі – кәдімгі қарғамен айтыстырудан бастаған.

Жоғарыда айтылғандай, ақын бала кезінде жетім қалып, бай ағайындарының алдымен қозы-лағын, кейін қойын бағып, тамағын асырайды. Сөйтіп жүрсе де, зерек, ақылды бала үлкендердің сөздері мен іс-әрекеттерінен байлардың, атқа мінерлердің зорлығын, өктемдігін көріп, қатты налиды. Сондай күндердің бірінде бірімен-бірі таласып, ұшып-қонып шуылдасқан қарғаларға он екі жасар Сүйінбайдың назары түседі. Соларға қызықтап қарап отырып, әрі Сүйінбай, әрі Қарға болып, өзімен-өзі айтысады. Бұл өзі — әлеуметтік мазмұны мәнді әрі өлеңдік сапасы да жоғары, едәуір ұзақ, қызықты айтыс. Бұл айтысты Сүйінбай өз елінің жағдайын суреттеуден, әділеттілік жоқ, жуандар қарапайым халықты қанайды деуден бастайды. Әрі қарай Қарға да олардың ішінде жуандар барлығын, өзара руға бөлініп жауласатындығы туралы баяндайды. Бірақ тағдырға шара бар ма деп налиды.

Сүйінбай:

*Ассалаумағалейкум, қара Қарға,*

*Қиялап ұя сапсың биік жарға.*

*Шуылдап ертелі – кеш бас қатырдық,*

*Еліңде арыз тыңдар биің бар ма?*

*Саңқылдап екеуара дес бермейсің,*

*Еншіге бөліспеген үйің бар ма?*

Қарға:



*Сүйінбай, жастайыңнан қозы бақтың,  
Жазуына кім қарсы жазған хақтың.  
Шыбын талап, маса жеп, байғұс бала,  
Тәніңді жапырақпен талай жаптың.  
Сені жеген жауызға біз қас болып,  
Тор салып, қақсап құрып, талай қақтым.  
Мен – дағы сен секілді сорлы жанмын,  
Баяны, тұрағы жоқ,  
Ісіне жаратқанның мен де таңмын.*

Айтыс соңында Сүйінбай: «Бүйтіп берекесіз шулағанша, бірігіп егін салыңдар, бастарыңды қосып, әділ, турашыл болыңдар» - деп кеңес береді де, өріп кеткен қозы-лағының артынан жүгіреді.

Айтыс өнеріндегі осы әдепкі адымынан-ақ Сүйінбайдың әділдік, шындық, бірлік, адал еңбек жолын таңдағанын көреміз. Сонымен қатар Сүйінбайдың Тезек төремен, Қатағанмен айтыстары туралы да аңыз-әңгімелер көп.

Халықтың айтуына қарағанда, Тезек те мықты ақын болыпты. Алғаш Сүйінбай Тезектің үйіне барған сәтінде өзі аттандырған екі ұрысы мал ала алмай жараланып қайтып келгендігіне төре ыза болып, сол екі ұрысын өлеңмен жерлеп отырғанының үстінен шыққан Сүйінбай:

*Ассалаумағалайкүм, Тезек төре,  
Елден жылқы қоймаған кезеп төре.  
Телі менен тентекті тыят десе,  
Өзің ұрлық қыласың, әттегене!...*

*Хан Тезек, қарамысың, төремісің,  
Жемесең ұрлық етін өлемісің?!  
Жетім менен жесірдің ақысын жеп,  
Барғанда ақыретке беремісің?!*

*...Қаптаған жердің жүзін қалың қаза  
Көзіңе көрінбейді бір тиындай.  
Жанымды Құдай берген Құдай алар,  
Құдайдың алшаңдама кенже ұлындай...*

Сүйінбайдың өткір сөзіне әрең шыдап отырған Тезек төре:

*Тұсында Абылайдың Бұқар жырау,  
Хан Әділдің кезінде Түбек тұр – ау!  
«Әр заманның бар дейді сұрқылтайы»  
Сұрқылтайым менің де екен мынау!...*

*Сүйінбай тегін емес, қызыр көрген,  
Қол жайып жаман болмас бата берген,  
Жылгелді, бір қой әкеп бата сұра,  
Ырысын ап қалалық осыменен, - дейді.*

XIX ғасырда Ыстықкөл жайлауында қырғыз ханы Орман үлкен ас берген екен. Сол асқа қазақ, қырғыздың ақсүйек, би – болыстары мен манаптары және қарапайым, бұқара халық та көп жиналады.

Қырғыз елінің белгілі манабы Бәйтiк қазақтан келген топқа: «Тезек төре! Мына бадана көз, сары жігіт Сүйінбай ақын емес пе?» - дейді. Сонда Сүйінбайдың айтқаны:

*Ассалаумағалайкүм, сәлем бердік,  
Мүбәрәк жүздеріңді жаңа көрдік.  
Атақты ас-жиынды құттықтауға,  
Бауырлас қырғыз елі, саған келдік.*

*Алдыңа қалың қырғыз келгеннен соң,*

*Жарай ма қайтып кету көңіл айтпай?  
Қырағы аспандағы ақиықтай,  
Құмарым басылмайды борандатпай!*

Осы сәтте Бәйтіктің тасасында отырған қагілез қара жігіт қарғып тұрып, қолына домбырасын ала салып Сүйінбайға тиісе сөз бастайды. Ол Қатаған еді. Қатаған:

*Сүйінбай, тоқтат сөзіңді,  
Ояйын ба көзіңді!  
Ақынмын деп ойлайсың,  
Мен тұрғанда өзіңді.  
Сүйінбай, бәлем, сені ме,  
Келе алмайсың теңіме!  
Аузыңды ашып сөйлеме,  
Орманжан, Жантай бегіме –*

деп демін алғанда, Қатағанның екпінінен жасқанған Тезек төре Сүйінбайға жалтақ – жалтақ қарай береді.

Сүйінбай Аронұлы – қазақтың XIX ғасырдағы көрнекті ақындарының бірі, айтыс өнерінің ірі өкілі. Елдігіміздің аса маңызды нышаны – тұңғыш теңгемізде Сүйекең бейнесінің болғаны халықтың қадірменді ақынына деген зор сүйіспеншілігін танытса керек.

IV. Жаңа сабақты бекіту.

1. «Топтастыру» стратегиясы бойынша «Сүйінбай кім?» деген сұраққа жауап іздеу үшін Сүйінбай әлеміне саяхат жасайды. (Оқушылар дәптерлеріне жазады)

2. Кестемен жұмыс.

Төмендегі өлең шумақтары қай өлеңнің үзінділері екендігін тауып, белгілеңдер.

Өлеңнен үзінді  Өлеңнің тақырыптары	Сүйінбай мен Қапаған айтысындағы Сүйінбайдың сөзі	Бөрілі менің байрағым	Сүйінбай мен Қапаған айтысындағы Қапағанның сөзі	Әлілеттік орынаса	Сүйінбайдың Тезек төреге көңіл айтуы
Жау басынар халықты, Басқарушы онбаса. Малша айдап адамды, Орынсыз қатты зорласа.					
Бөрілі байрақ астында, Бөгеліп көрген жан емен. Бөрідей жортып кеткенде, Бөлініп қалған жан емен.					
Хан Тезек, карамысың, төремісің, Жемесең ұрлық етін өлемісің?! Жегім менен жесірдің ақысын жеп, Барғанда ақыретке беремісің?!					
Сүйінбай, тоқтат сөзіңді, Ояйын ба көзіңді! Ақынмын деп ойлайсың, Мен тұрғанда өзіңді					
Тұра тұрғын, Қапаған, Шығарармын жаныңды. Мен қазақтың атынан Бір қағайын дабылды.					

3. «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» атты өлеңге сатылай кешенді талдау жасау.

*Жақсы жігіт ел - жұртының қаласындай,*

*Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай.*

*Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,*

*Көреді бәрін де өз баласындай.*

*Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады,*

*Қыранның қырдан байқар баласындай.*

*Жаман парқы жақсымен бірдей емес,*

*Жақсы жігіт елінің ағасындай.*

*Жақсының сөзін әркім пайдаланар,*

*Миуалы алма, өріктің ағашындай.*

*Жаманның көкірегі - көр, көзі - соқыр,*

*Жүрер жолдан тал түсте адасып - ай.*

1. Авторы: Сүйінбай Аронұлы 1815-1898 жылдар аралығында Жамбыл ауданында өмір сүрген айтыс шебері, әділ сыншы, Жамбылдың ұстазы.

2. Тақырыбы: «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері».

3. Жанр түрі: Лирика (көңіл- күй лирикасы)

4. Идеясы: адамгершілік асыл қасиеттерді дәріптеу

5. Шумақ саны: 3...

6. Тармақ саны: 42...

7. Бунақ саны: 3.

8. Буын саны: 11-12.

9. Ұйқас түрі: аралас.

Оқушыларға үлгі беріледі, сол бойынша Сүйінбай өлеңін сатылай кешенді талдау жасайды

1. Авторы \_\_\_\_\_

2. Тақырыбы: \_\_\_\_\_

3. Жанр түрі: \_\_\_\_\_

4. Идеясы: \_\_\_\_\_

5. Шумақ: \_\_\_\_\_

6. Тармақ: \_\_\_\_\_

7. Ұйқас түрі: \_\_\_\_\_

3. «Сүйінбай-сөздің пірі». Поэзия минуты. Оқушылар Сүйінбайдың айтысын рөлге бөліп, мәнерлеп оқиды.

1. Сүйінбай мен Тезек төре айтысы.

1-оқушы:

Сүйінбай: *-Ассалаумағалайкүм, Тезек төре,*

*Елден жылқы қоймаған кезеп төре.*

*Телі менен тентекті тыят десе,*

*Өзің ұрлық қыласың, әттегене!...*

*Хан Тезек, қарамысың, төремісің,*

*Жемесең ұрлық етін өлемісің?!*

*Жетім менен жесірдің ақысын жеп,  
Барғанда ақыретке беремісің?!  
...Қаптаған жердің жүзін қалың қаза  
Көзіңе көрінбейді бір тиындай.  
Жанымды Құдай берген Құдай алар,  
Құдайдың ашаңдама кенже ұлындай...*

2-оқушы: Тезек төре:

*- Тұсында Абылайдың Бұқар жырау,  
Хан Әділдің кезінде Түбек тұр – ау!  
«Әр заманның бар дейді сұрқылтайы»  
Сұрқылтайым менің де екен мынау!...  
Сүйінбай тегін емес, қызыр көрген,  
Қол жайып жаман болмас бата берген,  
Жылгелді, бір қой әкеп бата сұра,  
Ырысын ап қалалық осыменен.*

V. Үйге тапсырма беру.

«Сүйінбай – айтыс өнерінің шебері» атты тақырыпқа шығарма жазыңдар.

VI. Бағалау. Оқушылардың білімін бағалау.

VII. Қорытындылау. Сүйінбай Аронұлының өмірі мен шығармашылығына сұрақтар қою арқылы сабақты қорытындылау.

1. «Сүйінбай – айтыс өнерінің алтын діңгегі» деп бағалаған жазушы.

2. Сүйінбайдың ең алғашқы өлеңі қалай аталады?

3. Сүйінбай неше жасында елге ақын ретінде танылды?

4. Сүйінбай ең алғаш рет немен айтысқа түсті?

5. “Менің пірім – Сүйінбай” деп Сүйінбайдың ақындығына тәнті болған кім екенін табыңыз.

6. Сүйінбай шығармашылығында қомақты орын алатын қандай өлеңдер?

**А.УРАЗОВА,**  
**А.Тайманов атындағы**  
**№34 мектеп-гимназиясы.**  
 Батыс Қазақстан облысы,  
 Орал қаласы

## ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ШЕШЕНДІГІ

Сабақтың танымдық мақсаты		Оқушыларға Қазыбек би туралы мәлімет беру, танымдық ой-өрісін кеңейту, сөздік қорларын молайту, өзіндік пікір айта білу қабілетін дамыту.			
Сілтеме		«Қазақ әдебиеті» оқулығы. 9-сынып «Мектеп» баспасы. 2013; Мұғалімге арналған нұсқаулық; Үшінші деңгейге арналған ресурстар.			
Дереккөздер мен жабдықтар		Интербелсенді тақта, стикер, флипчарт, маркер, шешен, билер портреті, интербелсенді тақта, накыл сөздер, интернет материалдары.			
Күтілетін нәтиже		1. Қазыбек би туралы жалпы мәлімет біледі. 2. Толғаулардағы негізгі ойды аша біледі. 3. Қазыбек айтқан өсиеттер, накылдар, аталы сөздердің құндылықтарын ашады.			
Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Тапсырмалар	Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау
Кіріспе Тұсау-кесер	2 минут	Ұйымдастыру, амандасу, сынып оқушыларын түгелдеу, сыныптың сабаққа дайындығын қадағалау. Психологиялық ахуал. Оқушылардың назарын сабаққа аудару. «Мен қандаймын?».	«Мен қандаймын?» Сынып оқушылары шеңбер бойына тұрып, өз бойындағы 1 жақсы және 1 жаман қасиеттерді атайды.		Қол шапалақтау

		<p>Сынып оқушыларын нақыл сөздер қиындылары арқылы топқа бөліп, топ басшысын тағайындау. Бүгінгі сабақ барысында орындалатын тапсырмаларға сәйкес бағалау бетшесін дайындап, топ басшыларына беремін және топ басшысын бақылаушы ретінде бағалайды.</p>	<p>Қиындылар арқылы 3 топқа бөлінеді.  1. <i>Атадан ұл туса игі, Ата жолын қуса игі.</i> (Төле би)  2. <i>Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, Анадан қыз туса, құң боламын деп тумайды</i> (Қазыбек би)  3. <i>Суалмайтын суат жоқ, Тартылмайтын бұлақ жоқ</i> (Әйтеке)</p>		
5 мин.	<p>Үй тапсырмасы  Сұрақ- жауап  1. Қазактың шешендік сөз тарихы туралы не білеміз?  2. Шешендік сөздердің өзіндік ерекшелігі қандай?  3. Төле би шешеннің өмірі туралы не білесіңдер?  4. «Жас Төленің билігі.  5. Төле бидің толғауларын айтыңдар?  6. Төле бидің өмірінде айтқан соңғы өсиеті қандай? Бүгінгі сабағымызды бастамас бұрын үн таспаға құлақ түрейік.  / Үнтаспадан Қаз дауысты Қазыбек бидің Қонтайшының алдында сөйлеген сөзі тыңдалады/ жаңа тақырыпқа шығамыз.</p>	<p>Үй тапсырмасы бойынша сұрақтар қойылады. оқушы сұрақтарға жауап береді. Топ басшылары үй тапсырмасы бойынша сұрақтарға дұрыс жауап берген өз тобының оқушыларын берілген бағалау бетшесіне бағалайды.</p>	/үй жұмысын қайталау/	<p>ҚБ «Ауызша марапаттау» Керемет! Тамаша! Жарайсың! деген сөздер арқылы марапаттау.</p>	



Негізгі бөлім  Қорытынды	15 мин.	Үш топқа оқулықтағы тақырыпшаны оқып шығуы, соған байланысты тапсырмалар беріледі . Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін Болатқожа атасынан шыққан ол 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген.	Оқушылар оқыған 3 тақырып бойынша түсінгендерін қорытып, постер қорғайды I топ – Қазыбек бидің тарихи бейнесі және ел басқару қызметі II топ – Қазыбек бидің әрі шешен, әрі батыр екенін дәлелде. III топ – Қазыбек бидің толғаулары, нақылға толы өсиет сөздері: Қаз дауысты Қазыбек би, Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының XVII – XVIII-ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Арғы аталары Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек — есімдері елге белгілі әділ билер болған.	«Бірге оқимыз, бірге ойлаймыз» әдісі. Оқулықтан тақырыпты оқып шығып, сол бойынша постер қорғау.	
	5 мин.	Төрт сөйлем әдісі. 1. Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз. 2. Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.			

		3. Мысал. Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір. 4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз. Шешендік өнерді өз дәуірінде жарқырата танытқан, халықаралық елшілік, дипломатиялық саясатта биік белеске көтерген – Қаз дауысты Қазыбек бидің ұлттық шешендік өнердегі орыны айрықша.	Өз ойларын нақты, анық жазады		Мадақтау, қол шапалақтау  Бағалау бетшесіне топ басшысы өз тобының мүшелерін критерий арқылы бағалайды
Бағалау	2 мин.	Бағалау парағы арқылы оқушылардың өлшемдер бойынша бағалауынан қорытынды бағаны шығарамын.	Топ басшысы дискрипторлардағы ұпай санын қосып, топ мүшелерін бағалайды.		Бағалау бетшесіне топ басшысы өз тобының мүшелерін критерий арқылы бағалайды
Үй тапсырмасы	2 мин.	Қазыбек бидің өсиет, толғауларын жаттап келу.	Дәптерлеріне жазып алады.		
«Рефлексия 1 мин.		4. Маған бәрі де түсінікті 3. Мен есте сақтадым 2. Сұрақтар пайда болды. 1. Түсінбедім	Кері байланыс Пирамида әдісі бойынша		

**Бағалау парақшасы**

Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасына дайындығы	Жаңа сабақты меңгеруі	Төрт сөйлем әдісі	Топта өз идеясын қосу

20-18 ұпай - «5»  
17-15 ұпай - «4»  
14-9 ұпай - «3»

**Г.АХМЕТОВА,**  
**Мәди Бәниұлы атындағы №44 ЖОББ**  
**мектебінің базасындағы тірек мектебі (РО)»**  
 Қарағанды облысы,  
 Қарқаралы ауданы,  
 Қарқаралы қаласы

## «ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫ. КЕЙІПКЕР БЕЙНЕСІ

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Т/ЖЗ Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу. А/И1 Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен карама-қарсы суреттеулерді табу.
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар: Шығармадағы кейіпкер бейнесін, іс-әрекетін анықтайды Оқушылардың басым бөлігі: Кейіпкер образын аша алатын салыстырмалы суреттеулерді таба алады Кейбір оқушылар: Шығармадағы карама-қарсы суреттелерді талқылап, пікірін білдіре алады.
Бағалау өлшемдері	1. Шығармадағы кейіпкер образы мен іс-әрекетін ашады 2. Нақты ақпараттарды салыстырып, карама-қарсы суреттеулерді анықтай алады.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар: Көркем шығармадағы әдеби теориялық ұғымдар арқылы кейіпкер образын ашады. Негізгі сөздер мен тіркестер: тұяқсыз өту, ақ алмасқа қол салу, енші, қорасан, қамқа, қозы жаурын жебе Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Талқылауға арналған тармақтар: Қазіргі кезде Қобыланды батырдың бойындағы ерлік істер мен адамгершілік қасиеттер кездесе ме? Сіз неліктен... екенін айта аласыз ба? Қобыландыға ұқсағың келе ме? Неліктен? Жазылым бойынша ұсыныстар:
Құндылықтарға баулу  Осыған дейін меңгерілген білім	Өз елінің өткен тарихына, ата-бабаларымыздың әдет-ғұрыптарына құрмет көрсету Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттай алады.

Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дереккөздер
<p>Сабақтың басы 3 минут</p> <p>4 минут</p> <p>3 минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды жылы қабақпен қарсы алып, жақсы атмосфера қалыптастыру. Психологиялық дайындық. Стикерлерге өзінің көңіл күйін смайлик арқылы көрсетеді. Сабаққа қызығушылығы оянады. Топқа бөліну. Асықтар арқылы топқа бөлу. Қалташадан асық алу арқылы оқушыларды жырда кездесетін кейіпкерлер атымен 3 топқа бөлу. 1-топ. Құртқа 2-топ. Қараман 3-топ. Аналық Үй тапсырмасы. ЖЖ. «Қобыланды батыр» жырының мазмұны бойынша оқушыларға сұрақтар қойылады, жауап береді. 1. Қобыландының ерлік істері мен адамгершілік қасиеттері жырда қалай бейнеленген? 2. Құртқаның ақыл парасаты қандай оқиғалардан көрінеді? 3. Жырдағы кейіпкерлерді ата? ҚБ1. «Басбармақ» әдісімен бірін-бірі бағалайды.  «Ой қозғау» әдісі. Интерактивті тақтада батыр суреті көрсетіліп тұрады. Оқушылар не себепті тұрғанын табады.</p>	<p>Стикерлер</p> <p>Белсенді тақта суреттер</p> <p>1-слайд</p> <p>2-слайд</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>9 минут</p>	<p>1-тапсырма. Ж. «Портрет» жинақтау. Мәтіннен өзіңізге тиісті кейіпкерлердің сипаттауларын іздеп тауып, портретін жинақтаңыз. 1-оқушы</p>	

Кейіпкер	Жырдағы портреті	Кейіпкердің ең маңызды 3 әрекеті	Кейіпкер образына қатысты көзқарасым	Слайд №3  Үлестірме қағаздар Кесте №1
Қобыланды	Кәмшат бөркі басында, Тобылғы торы астында	1. Алты жасында атқа мінген 2.		
<b>2-оқушы</b>				
Кейіпкер	Жырдағы портреті	Кейіпкердің ең маңызды 3 әрекеті	Кейіпкер образына қатысты көзқарасым	
Токтарбай	Сексеннен асқан	1.Халықтан асқан бай		
<p>Дескрипторлар:  1.Әр оқушы кейіпкер портретіне қатысты сөз тіркестері мен сөйлемдерді анықтайды;  2.Әр оқушы кейіпкердің ең маңызды 3 әрекетін анықтайды;  3.Кейіпкер образына қатысты өз пікірін 1 сөйлеммен жеткізеді.  2-тапсырма. ЖЖ  Шығармадағы кейіпкерлерге қатысты 5 қарама-қарсы немесе салыстыра суреттеуді тауып, көркемдік түрін анықтаңыз.</p>				
р/с	Суреттеу	Қарама-қарсы немесе салыстыра суреттеу	Бейнелеу түрі	
1	Сонда Бурыл гүледі, Табаны жерге тимеді...	Астындағы бурылдың, Жоғарғы ерні көк тіреп, Төменгі ерні жер тіреп...»	Әсірелеу	
2				
<p>Дескрипторлар:  1. Жырдан кейіпкерлерге қатысты бір суреттеуді анықтайды;</p>				

	<p>2. Анықталған суреттеуге қарама-қарсы немесе салыстыра суреттеуді табады;</p> <p>3. Суреттеулердің көркемдегіш құрал түрлерін ажыратады.</p> <p>ҚБЗ «Екі жұлдыз, бір тілек».</p> <p>3-тапсырма. «Төрт түрлі сөйлем» тәсілі арқылы кейіпкер әрекетін мысалмен дәлелдендер. ТЖ</p> <p>Бірінші сөйлем <i>«Біздің ойымызша...»</i></p> <p>Екінші сөйлем <i>«Себебі біз былай түсіндіреміз...»</i></p> <p>Үшінші сөйлем <i>«Осыған байланысты біз мынандай қорытынды шешімге келдік...»</i></p> <p>Дескрипторлар:</p> <p>1. Шығармадағы іс-әрекетіне мысалмен дәлел келтіреді.</p> <p>2. Өзіндік қорытынды шығара алады.</p> <p>ҚБ4. «Көңіл-күй» смайликтері.</p>	<p>3-слайд</p> <p>Үлестірме қағаздар 1-кесте</p> <p>4-слайд 2-кесте</p>						
<p>Сабақтың соңы</p> <p>10 минут</p> <p>3 минут</p>	<p>4-тапсырма. Ж.</p> <p>«Біздің қазақ батырлары...» эссе жазу.</p> <p>Жазған эссені «Автор орындығы» арқылы тексеру</p> <p>Дескрипторлар:</p> <p>1. Эссе жазу арқылы сабақта жинақтаған мәліметтерді пайдаланады.</p> <p>2. Тапсырмаға сай нақты ақпарат таба алады.</p> <p>Саралау.</p> <p>Бейнелі сөздерді пайдаланып, түйінді ой-пікір жазу.</p> <p>Рефлексия.</p> <p>«Білемін, білдім, білгім келеді» кестесі.</p> <table border="1" data-bbox="619 1420 975 1509"> <tr> <td>Білемін</td> <td>Білдім</td> <td>Білгім келеді</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Үй тапсырмасы.</p> <p>«Ер қанаты-ат». Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, қазақ халқының әдебиетінде кездесетін тұлпарлар бейнесіне шолу жасау.</p> <p>Бағалау. Бағалау парақшалары арқылы бағаланады.</p>	Білемін	Білдім	Білгім келеді				<p>5-слайд</p> <p>3-кесте</p>
Білемін	Білдім	Білгім келеді						

### Қосымша ақпарат

Саралау – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?	Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)
Топтар бір-біріне қолдау көрсетеді. Анағұрлым қабілетті оқушыларға бейнелі сөздерді пайдаланып, түйінді ой-пікір жазуды тапсырамын.	Менгеруді бақылау Сұрақ және жауап  Өзара кері байланыс, топтар бір-бірінің жауабын дескрипторлар арқылы бағалайды. ҚБ1. «Басбармақ» әдісімен ҚБ2. «Бағдаршам» ҚБ3 «Екі жұлдыз бір тілек» ҚБ4. «Көңіл-күй» смайликтері	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс
Ойлану Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырылды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неіктен?	Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.	
Жалпы баға Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1: 2: Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1: 2: Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым		

Қосымша.

ТЖ. 1-тапсырма. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.

1-топ. Құртқа. Кейіпкерлерді анықтайтын жырдан үзінділерді тауып, постер құрастырады.

2-топ. Қараман. «Қобыланды батыр» жырының тақырыбын, негізгі идеясын анықтап, жырдан көркемдегіш құралдарды табады.

3-топ. Аналық. Қобыланды батырдың тарихтағы орны туралы мәліметтер дайындайды.

Дескрипторлар:

1. Кейіпкер образын анықтайтын сөздерді табады.
2. Көркемдегіш құралдарды табады.
3. Кейіпкер бейнесінің ерекшеліктерін дәлелдей алады.

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

**Қ.ӘЛМҰҚАНОВ,**  
**№3 жалпы орта білім**  
**беретін қазақ мектебі.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Жаңақала ауданы

## ӘДЕП

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	5.06. Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу; ӘТН1. Қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлесілік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу.
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Мәтіннің мазмұнын түсінеді, нақты ақпараттарды табады, орфография ережесін еске түсіреді.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Тақырыпқа байланысты өз ойын білдіреді, сөздерді орфографиялық нормаға сай жаза алады.
	Кейбір оқушылар орындай алады: Тақырыпты өмірмен байланыстырып, сөздердің орфографиялық нормаға сай жазылу ерекшеліктерін түсіндіре алады.
Бағалау өлшемдері	– Оқылым стратегияларын қолданады; – Мәтіннің жалпы мазмұнын түсінеді; – Мәтін мазмұны негізінде нақты ақпараттарды анықтайды; – Тақырыпқа қатысты өз ойын білдіреді; – Сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады;
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: Тақырыпты болжап, негізгі ақпаратты анықтайды, өмірмен байланыстырып, өз ойларын білдіре алады.
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Әдеп, әдептілік, әдепті адам, тәрбие, сәлемдесудің мәні;
	Талқылауға арналған сұрақтар: – Әдеп дегеніміз не? – Әдепті адамның бойында қандай қасиеттер болуы қажет?



Құнды-лықтарға баулу	Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық..
Пәнаралық байланыс	Әдебиет, өзін-өзі тану.
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Оқушылар тақырып бойынша өз ойларын білдіреді.

#### Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Ширату «Сәлемдесу» (оқушылар 1-2-3-ке саналып, 1-қолымен, 2-басымен, 3-иығымен бір-бірімен амандасады.) «Пазл» әдісі (сурет қиындыларын құрастыру арқылы топқа бөлінеді)	Сурет қиындылары
Сабақтың ортасы 30 минут	Оқу мақсаты және бағалау өлшемдері хабарланады. Оқылым алдындағы тапсырма 1-тапсырма. «Адами құндылықтар» бейнебаян көрсетіп, тақырыпты болжайды. - Әдеп дегеніміз не? - Әдепті адамның бойында қандай қасиеттер болуы керек? Дескриптор: - Бейнебаян мазмұнын түсінеді. - Өз ойларын жинақтайды. - Ойларын болжам түрінде айтып сипаттайды. ҚБ «Смайликтер» арқылы оқу мақсаты және бағалау өлшемдері еске түсіріледі. Оқылым кезіндегі тапсырма 2-тапсырма. Жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу. «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі. Оқушылар мәтінді әуелі жеке оқиды, содан кейін мазмұнын жұпта, топта меңгереді.	

	<p>«Әдептілік». Ы.Алтынсарин.  Бір жұрттың үлкен оқымысты кісісі екінші бір елдің байымен сөйлесіп тұрғанда, қастарынан бір жарлы адам өтіп бара жағып, басын иіп сәлем береді. Оқымысты басын одан да төменірек иіп, сәлемдеседі.  Қасындағы бай:  - Тақсыр, осынша біліміңіз бар ғалымсыз. Сөйте тұра жарлы адамға соншалық иіліп сәлемдесуіңіздің мәні қалай? – деп сұрайды.  Сонда ғалым тұрып:  – Ешбір ғылым-білім үйренбеген кісі әдептілік көрсеткенде, мен одан әдепсіз көрінсем, лайық па? – деген екен.  Дескриптор:  – Мәтін мазмұнын жеке, жұпта және топта меңгереді.  3-тапсырма ТЖ.  Нақты ақпаратты анықтау үшін оқу.  «Пирамидалық талқылау» әдісі.  Мәтіндегі көтерілген мәселе негізінде топ мүшелері өз пікірін жеке жазып, ортада талқылап ортақ пікір қалыптастырады. Әр топ таратылған флипчарт қағазға жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып ортақ пікірді қағаз ортасына жазып, ойларын қорғайды.   Дескриптор:  – Әр оқушы өз пікірін жазады.  – Ортақ пікір қалыптастырады.  – Пікірлерін қорғайды.  ҚБ «Бағдаршам» әдісі арқылы.   4-тапсырма. Ж.  «Сөйлемді толықтыр» әдісі.  Мәтіннен алынған сөйлемдердегі көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қояды.  1.... келіп, басын иіп сәлем береді.  2. .... басын одан да, ... иіп сәлемдеседі.  3. Сөйте тұрып ... соншалық иіліп ... мәні қалай? – ...  4. Ешбір ... үйренбеген ол кісі ... көрсеткенде, мен одан ... болып көрінсем, ... деген екен.  Саралау жұмысы:  1. Қабілетті оқушыларға мәтіндегі ақпараттың дұрыс-бұрыстығын тексеретін қосымша тест тапсырмасы беріледі.</p>	<p>Бейнебаян</p> <p>«Әдептілік»  Ы.Алтынсарин</p>
--	--	---

№	Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс	
1	Мәтін оқымысты мен байдың арасындағы диалогке құрылған.			Мәтін жазылған парак
2	Бір бай адам өтіп бара жатып, оқымыстыға келіп, басын иіп сәлем береді.			Флипчарт
3	Оқымысты жарлы адамға одан да төменірек басын иіп сәлемдеседі.			Жасыл, қызыл, сары түсті жетондар
4	Оқымысты байдың «Неліктен иіліп сәлемдестіңіз?» - деген сұрағына жауап бермеді.			Тапсырмасы бар карточкалар
5	Жарлы ғылым-білім үйренген адам.			Тапсырма жазылған карточкалар

2. Тапсырманы орындауға киналған оқушыларға көп нүктенің орнына қажетті сөздер жазылған карточканы ұсынамын.  
Қажет сөздер: ғылым-білім, жарлы адамға, оқымыстыға, әдептілік, лайық па, сәлемдесуіңіздің, деп сұрайды, әдепсіз, оқымысты, төменірек.  
ҚБ «Басбармақ» әдісі

5-тапсырма. ЖЖ.  
«Т» кестесі  
Берілген мәтіндегі орфоэпиялық норма бойынша жазылған сөздерді тауып, оны орфографиялық нормаға сай жазады.  
«Әдептілік» Ы.Алтынсарин

Бір жұрттың үлкен оқымысты кісісі екінші бір елдің байымен сөйлесіп тұрғанда, қастарынан бір жарлы адам өтіп бара жатып, басын иіп сәлем береді.  
Оқымысты басын одан да төменірек иіп, сәлемдеседі.  
Қасындағы бай:  
– Таксыр, осынша білімі бар ғалымсыз. Сөйте тұра жарлы адамға соншама иілгеніңіз қалай? – дейді.  
Сонда ғалым тұрып:  
– Ешбір ғылым-білім үйренбеген кісі әдептілік көрсеткенде, менің одан әдепсіз көрінгенім ұят емес пе? – депті.

	<p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мәтіннен орфоэпия нормасы бойынша жазылған сөздерді табады.</li> <li>– Сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады.</li> </ul> <p>Саралау жұмысы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қабілетті оқушылар өз біліміне сүйеніп жазады және осы сөздерді қатыстыра отырып әдеп тақырыбымен байланыстырып сөйлем құрайды.</li> <li>2. Тапсырманы орындауға қиналған оқушыларға орфографиялық сөздік ұсынамын.</li> </ol> <p>ҚБ.Мұғалімнің қолпаштау сөзі.</p>	<p>Орфоэпиялық норма бойынша жазылған мәтін.</p> <p>Тапсырмалары бар карточкалар, орфографиялық сөздік.</p>
<p>Сабақтың соңы. 10 минут.</p>	<p>Оқылымнан кейінгі тапсырма.</p> <p>«РАФТ» әдісі (оқушылар «Әдептілікті сақтайық» тақырыбында мақала немесе үндеу жазады)</p> <p>Роль – Аудитория – Форма – Тақырып –</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Сөйлемдерді мәнді, мазмұнды қолданады.</li> <li>– Тақырыпты аша біледі</li> <li>– Сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады.</li> </ul> <p>ҚБ «От шашу» әдісі.</p> <p>Оқу мақсаты мен бағалау өлшемдеріне кері ораламын. Кері байланыс. «Бағалау терезесі».</p>	<p>Флипчарт, стикерлер</p>

**С.НАБИЕВА,**  
**С.Оразалин атындағы**  
**орта мектеп.**  
 Ақтөбе қаласы,  
 Әйтеке би ауданы

## ТАСЫМАЛ

Сабақтың жабдығы	Тақта, суреттер, кеспе қағаздар.
Жалпы мақсаттар	<p>1. Оқушыларға ұлттық тіліміздің өркендеп оянуына сүбелі үлес қосу, ана тілімізді сүю, ана тілін аяққа баспай, мәртебесін биік ұстау жөніндегі түсініктерін кеңейту, соған дәріптеу.</p> <p>2. Жаттығулар, мазмұнды мәтіндер арқылы тасымал тәсілінің тасымалданбайтын бес түрлі жағдайын меңгерту, бекіту, дағды-машықтарын қалыптастыру, шешен сөйлеуге, мақал-мәтелдің оқушы тілінде қолданыс аясын кеңейту.</p> <p>3. Ақыл-ойларын, іскерлік белсенділіктерін арттыру, өз ойын дұрыс айта білу негізінде әдемі сөйлеуге баулу, адамгершілік тәрбиесін бойына сіңіру.</p> <p>Әдістері: жеті модуль, БЛУМ таксономиясы.</p> <p>Ресурстар: А3 форматтағы қағаздар, түрлі-түсті қанық бояулар, стикерлер.</p> <p>Көрнекілігі: тақта, бор, интербелсенді тақта, магнитті тақта, смайликті магниттер.</p>
Оқыту нәтижесі	
Ынтымақтастық атмосферасы	<p><i>Қоңырау біздің сиқырлы,</i>  <i>Сыңғырлап тағы ән салды.</i>  <i>Үзілістен шақырды,</i>  <i>Шеңберге тұр, – деп баршаңды!</i></p> <p>Оқушылар, бәріміз әдеттегідей бір-бірімізге жылы шыраймен қарап күлімдеп амандасайық.</p> <p><i>Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,</i>  <i>Бізге келсін қуаныш нұр іздеген.</i>  <i>Шуақ толы жанымыз, жүрегіміз,</i>  <i>Үлгі алсын көрген жан мына бізден.</i></p> <p>- Балалар, неліктен біз үнемі үшбұрыш не болмаса төртбұрыш емес шеңберге жиналамыз?          Өйткені бізді іздеп келген қуаныш, шаттық, достық сезімдері адасып кетпей, бұрышта қалып қоймай, өз иелерін дәл тапсын дейміз.</p> <p><i>«1» дегенім – жаман баға</i>  <i>Алады оны жаман бала.</i>  <i>«2» дегенім – нашар баға</i>  <i>Оқушым-ау, нашарлама.</i>  <i>«3» дегенім – орта баға</i>  <i>Алады оны орта ғана.</i>  <i>«4» дегенім – жақсы баға</i>  <i>Алады оны жақсы бала.</i>  <i>«5» дегенім – үздік баға</i>  <i>Оқитын бол үздік қана!</i></p>

Топка бөлу	«Білгірлер», «Тапқырлар», «Зерделілер» тобына бөлу үшін «Б», «Т», «З» әріптері жазылған парақтарды оқушыларға үлестіремін. Қай бала қай әріпті алса, сол топқа бөлінеді.
Үй тапсырмасын сұрау	1. Бағалау парағын үлестіру. 2. Үйге берілген 309-жаттығудың қаншалықты дұрыс орындалғандығын әр топтан бір оқушыға оқыту арқылы тексеремін, ал топ лидері тобындағы оқушылардың үй жұмысын орындап-орындамағандығын бағалау парағына білгілейді. «Бағдаршам» әдісімен бағалау.
Мағынаны тану.  БЛУМ таксономиясы:  Білу және түсіну (мәлімет оқу)  Қолдану. (топтық таныстырылым әзірлеу, қорғау)  Талдау.	- Балалар, жаңа сабаққа мұқият назар аударайық. Біз әр сөзді дәптер бетіне жазғанда өзге адам түсінетіндей анық та әдемі жазумен қатар қатесіз, яғни сауатты жазуымыз қажет. Ол үшін көптеген заңдылықтарды есте ұстағанымыз абзал. Сөздердің айтылу және жазылу заңдылықтары бар. Мысалы: <i>ағ лақ</i> деп айтқанымызбен <i>ақ лақ</i> деп жазуымыз қажет. Сол секілді дәптердің бір ғана емес, бірнеше жолы бар. Жазатын сөзіміз бір жолға ғана сыймас. Сондықтан келесі жолға жазғанда қандай тәсілді қолдануымыз қажет деп ойлайсындар... әрине тасымал тәсілін...  Жазып келе жатқанда сөз жолға сыймай қалса, тұтас бір буынды немесе бірнеше буынды екінші жолға көшіріп жазу тәсілін тасымал деп атаймыз.  Мына төмендегі сөз түрлерін тасымалдауға болмайды. 1. Бір буынды сөздерді тасымалдауға болмайды. Мысалы: <i>от, кел, ет, қарт</i> . 2. Сөздердің бір әрпін келесі жолға тасымалдауға немесе жолдың соңына қалдыруға болмайды. Сондай-ақ, <i>ата, аң, кең, еш, қия</i> сөздеріндегі <i>и, а, я, ю</i> әріптерін тасымалдауға болмайды. 3. <i>А.Құнанбаев, М.Жұмабаев</i> деген сияқты қысқартылып жазылған кісі аттарын оның фамилиясынан бөліп тасымалдауға болмайды. 4. Қысқартылып жазылған өлшем атауларын ( <i>км, кг, м, см, мм</i> ) алдындағы санынан бөліп тасымалдауға болмайды: <i>10 кг, 25 см, 1000 г, 60 см, 5 мм</i> . 5. Бас әріптері және бас әріп пен сөздің басқа буыны арқылы қысқарған сөздер тасымалданбайды. <i>АҚШ, ТМД, ҚАЗМУ</i> . Постерді бағалау: «Екі жұлдыз, бір тілек»

	<p>Оқулықтағы жаттығуларды топтарда орындау.</p> <p>311-жаттығу. Шарты: сөздерді әуелі буынға бөліп және жолға тасымалдап жазу.</p> <p>313-жаттығу. Шарты: берілген сурет-жазуды қазіргі әріп жазуымен жазып шығу.</p> <p>Бағалау: үш шапалақ.</p>	
<p>Сергіту сәті.</p> <p>(викториналық сұрақтар)</p>	<p><i>Орнымыздан тұрайық,</i>  <i>Алақанды созайық.</i>  <i>Оңға қарай иіліп,</i>  <i>Солға қарай иіліп,</i>  <i>Бір отырып, бір тұрып,</i>  <i>Сәл тынығып алайық.</i></p>	<p>1. Оқушылар денелерін жаттықтырады.</p> <p>2. Пәндік қызықты логикалық сұрақтарға жауап береді.</p>
Жинақтау.	Тест сұрақтарын үлестіріп, ауызша жауап берулерін сұрау арқылы білімдерін жинақтап пысықтаймын.	Тест нұсқаларын оқу арқылы ауызша жауап береді, талдайды
Үй тапсырмасы	Оқулықтағы 310, 312-жаттығуларды шарты бойынша орындауды тапсыру. Шартын түсіндіру.	Күнделіктеріне жазады.
Бағалау. (формативті, жиынтық)	Топ мүшелерін бағалау үшін топ басшысына сөз кезегі беріледі. «Бағалау парақтарын» жинап алып, қорытынды баға қоямын.	Топ лидері «Бағалау парағындағы» бағаларға талдау жасайды.
Кері байланыс	«Ашық микрофон» тәсілі.	Оқушылар бүгінгі сабақ барысы туралы өз ойларын ортаға салады.

Сабақты аяқтау	Мұғалім: сабақ аяқталды.	Оқушылар орындарынан тұрып құрмет көрсетеді.
Қосымша тапсырмалар.	<p>1. Жұмбақтар шешімін табу.</p> <p><i>Туа сала мұрт өсірген мырза,</i> <i>Пеи түбінде жатқанына ырза.</i> (Мысық)</p> <p><i>Үстінен тоны түспеген,</i> <i>Сонда да араз қыспенен.</i> (Аю)</p> <p><i>Санай алмай шаршадым –</i> <i>Найзасы бар қанша мың.</i> <i>Батыр емес бірақ та,</i> <i>Қашып жүрер жыраққа.</i> (Кірпі)</p> <p><i>Бітімі, тұрқы –</i> <i>Аумаған жылқы.</i> <i>Мәйкесі жолақ –</i> <i>Айыбы сол-ақ.</i> (Зебра)</p> <p><i>Басында көп-ақ бұтағы,</i> <i>Адамды көрсе зытады.</i> (Бұғы)</p> <p><i>Тұмсығы дөңгелек,</i> <i>Денесі он бөлек.</i> (Шошқа)</p> <p>2. Сөз ортасында «й», «ң», «у» дыбыстары келетін сөздер тауып айту. Олар сөз ортасында кездесе, сөздің қай буынына жазылады?</p>	<p>Жұмбақтардың шешімін тауып, жауап сөздерге ауызша дыбыстық талдау жасайды.</p> <p>Мысалы: Мы-сық: 2 буынды сөз. Мы-аб, сық-бб, мысық сөзінде 5 әріп, 5 дыбыс бар, оның 2-уі дауысты, Ы-жуан, қысаң, езулік, 3-і дауыссыз, м-ұяң, с-катаң, к-катаң.</p> <p><i>Қа-йық, Жа-йық, қа-йың,</i> <i>қа-уын, жа-уын, қа-ңыл-</i> <i>тыр, Жа-ңыл-сын, қа-уы-</i> <i>иу.</i></p>



**Г.ТУРАЛИЕВА,**  
**Қарабау орта мектебі.**  
 Атырау облысы,  
 Қызылқоға ауданы,  
 Қарабау селосы

## ДЕНСАУЛЫҚ - ЗОР БАЙЛЫҚ

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары: (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.Т/А6. Коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу. 7. О4. Идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау. 7. ӘТН2. Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану.
Сабақ мақсаты:	Барлығы: диалогке қатысып, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдау біледі. Көбі: мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды. Кейбірі: интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолданады.
Күтілетін нәтижелер	Адамның денсаулығының жақса болмағы өзіне байланысты екендігін, оған қоршаған ортаның әсері болатындығын түсінеді.
Сабақтың түрі	Кіріспе сабақ
Қажетті құрал-жабдықтар	Интерактивті тақта, тақырыпқа байланысты слайдтар, алты түсті қалпақ, суреттер, буклеттер, кестелер.
Оқыту әдістері	Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап, «Өз тобымды жасақтаймын», «Ой шақыру», «Ойлаудың алты қалпағы», «Жұптас, ойлан, пікірлес», «Шығу парағын», «Шағын шолу».

Дереккөздері	Әдістемелік құрал, дидактикалық материалдар	
Сабақтың жоспары		
Тапсырма	Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті
Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу. 2 минут. Топқа бөлу. 2 минут.	Мұғалім ынтымақтастық атмосферасын орнату үшін «Шаттық шеңберін» құрады. «Өз тобымды жасақтаймын» әдісі арқылы жүзеге асырылады. Шарты: мұғалім сұрақтар қояды, жылдам және дұрыс жауап берген оқушыларды тандап алады. Олар өз топтарын жасақтайды. Оларға төмендегідей сұрақтар қойылады: 1. Өз сырынды кіммен бөлісер едің? 2. Кімге топ басшылығын сеніп тапсырар едің? 3. Саған қиын жағдайда кім көмек береді? Вербальды бағалау.	Осылайша әр оқушы сұраққа жауап бере отырып, оқушылар топқа бөлінеді.
I. Жаңа білім Қызығушылықты ояту. 4 минут	«Ойтүрткі». Оқушылардың жаңа сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Ой шақыру» әдісін пайдаланып, «Денсаулық» сөзіне ассоциограмма құрғызады. Мысалы:	Жазылым. Әр оқушы тақтада ілулі тұрған плакатқа маркермен өз түсінігін жазады.  b i l i m l a n d . k z сайтынан алынған « Д е н с а у л ы қ » видеосын мұқият қарап, топта талқылау.

	<p>Адам ағзасының қалыпты, дұрыс жұмыс істеуі</p> <p>Таза ауада көбірек жүру дұрыс тамақтану</p> <p>Дұрыс ұйқы — Денсаулық — тазалық сактау</p> <p>жеке бас гигиенасы</p> <p>тамақты шамадан тыс тойып ішпеу</p> <p>bilimland.kz сайтынан алынған «Денсаулық» видеосын мұқият қарап, топта талқылау.</p>	
<p>II. Мағынаны тану</p> <p>2 мин.</p> <p>3 мин.</p> <p>2 мин.</p> <p>6 мин.</p> <p>5 мин.</p> <p>6 мин.</p>	<p>Білу. Түсіну.</p> <p>1-тапсырма. Денсаулыққа қоршаған органың әсері бар ма?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Мына суреттерде не бейнеленген?</li> <li>- Суреттердің айырмашылығы бар ма?</li> <li>- Неліктен табиғат ластанады?</li> <li>- Суреттердің қайсысында адамның денсаулығына кері әсерін тигізетіні және пайдалысы бейнеленген?</li> </ul> <p>2-тапсырма. Мәтінді ұнтаспадан тыңдап, сөйлеудің қай түрі екенін (диалог, монолог, полилог) ажырату. Дауыс сазының құбылуына назар аудару. (Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпінді еске түсіру. Мысалы: денсаулықтың 4 түрін анықтау)</p> <p>2. Талдау және қолдану.</p> <p>3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мақала қандай тақырыпқа арналған?</li> <li>2. Қандай мәселелер көтерілген?</li> </ol> <p>Мақала денсаулық тақырыбына, публицистикалық стильде жазылған. Себебі: бұл мақаладан денсаулық туралы ақпарат алдық және бізге соншалықты пайдалы.</p> <p>4-тапсырма. «Ойлаудың алты қалпағы» рөлдік ойыны.</p> <p>«Денсаулыққа әсер ететін факторлар» деген тақырыпта сұрақтар бойынша пікірталас ұйымдастыру.</p>	<p>Тыңдалым. Мәтінді тыңдап, сөйлеудің түрін ажыратады.</p> <p>Айтылым. Берілген сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Айтылым.</p> <p>«Ойлаудың алты қалпағы» әдісін қолданып, оқушылар қалпақтың тиісті түсін таңдап, өз ойын ортаға салады.</p>

<p>III. Ойтаразы. 5 мин.</p>	<p>3. Тілдік бағдар. Қос нүкте туралы мағлұмат беру.</p>	<p>Алдыңғы өткен тыныс белгілерді еске түсіру.</p>
<p>IV. Бағалау 2 мин.</p>	<p>Сөйлем ішінде кездесетін тыныс белгілердің ең бастылары: үтір, сызықша, қос нүкте.</p>	
<p>V. Үй тапсырмасы 1 мин.</p>	<p>1. Қос нүкте түсіндірмелі мәнде келген сөйлемдердің аражігіне қойылады. Мысалы: <i>Жамандық жалын секілді: өзін де, өзгені де жалмай береді.</i></p>	<p>Қос нүктенің қойылу себептерін меңгереді.</p>
	<p>2. Қос нүкте жалпылауыш сөз бірыңғай сөйлем мүшелерінің алдынан келген жағдайда, жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады. Мысалы: <i>Өнеркәсіпке керекті заттар мыналар: таскөмір, мұнай, мыс, болат, жез, темір, т.б.</i></p>	
	<p>3. Қос нүкте төл сөз автор сөзінен кейін келгенде, автор сөзінен соң қос нүкте қойылады. Мысалы: <i>Абай былай деді: «Баланың жақсысы – қызық, жаманы - күйік».</i></p>	<p>Айтылым. Жазылым. «Тіршіліктің төрт тірегі» мәтінін оқып, алған ақпараттар бойынша жұптасып диалог құрау.</p>
	<p>4. Қос нүкте салдар мәнді сөйлем себеп мәнді сөйлемнен бұрын келсе арасына қос нүкте қойылады. Мысалы: <i>Өзгеңнен гөрі менің жаным қаттырақ ауырар еді: бұл егін дәнін қолымнан септім ғой.</i> (С. Мұқанов)</p>	<p>Жаңа тақырып бойынша тыныс белгілердің қойылу себепін түсіндіреді.</p>
	<p>4. Жинақтау. 1. «Жұптас, ойлан, пікірлес» әдісін қолданып, «Тіршіліктің төрт тірегі» мәтінін оқып, алған ақпараттар бойынша диалог құрау.</p>	<p>Оқушылар жеке шығу парағын толтырады.</p>
	<p>2. Мәтіндегі қос нүкте мен үтір, сызықшаның қойылу себепін айту.</p>	<p>Тақырып аясында өзінің есінде қалған сөз, сөйлемдерін паракка жазады.</p>
	<p>«Шығу парағын» пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап беру.</p>	

**Л.БЕКБОСЫНОВА,  
«Н.Өмірзақов атындағы  
орта мектебі» КММ.**

Алматы облысы,  
Райымбек ауданы,  
Қаратоған ауылы

## КИИМ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛҒАМ

Осы сабақты меңгеруге қол жеткізетін оқу мақсаты	Жанрлық ерекшелігіне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу. 5Ж2		
Құндылықтарды игеру	Индустрияландыру және инновацияға негізделген экономикалық өсу.		
Пәнаралық байланыс:	Бейнелеу		
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар орындай алады: Жанрлық ерекшелігіне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазады.		
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Жарнаманы әсерлі, өнімнің пайдалы жақтарын жеткізе отырып жасай алады.		
	Кейбір оқушылар орындай алады: Кәсіпкерлікке қабілеттері бар, өздері шығарған өнімді жан-жақты хабарлап, жарнамалай алады.		
Тілдік мақсаттар	Кәсіп, кәсіпкер, сән, сәнгер, дизайнер, сән үлгісі, сәнді киімдер, талғам, көктемгі топтама, талғаммен киіну, т.б.		
Ойлау деңгейлері	Білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау.		
Алдыңғы оқу немесе бастапқы білім	Ұлттық киім-асыл мұра		
<b>С а б а қ т ы ң б а р ы с ы</b>			
Кезеңдер/ уақыты	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар	Бағалау

Сабақтың басы 3 мин.	1.Психологиялық ахуал калыптастыру.		
Сабақтың ортасы	<p>Жаңа сабақты түсіндіру. «Сән үлгісі» бейнетаспасын көрсетемін. Таспаны көріп болған соң сабақтың тақырыбы хабарланып, төмендегідей тапсырма беріледі: Оқулықтағы үлгіні негізге алатынын ескертемін. 1-тапсырма. Топпен орындалады. 1-топ «Қазақ халқының ұлттық киімдерін қазіргі кезде қалай сәнге айналдыруға болады?» тақырыбында шағын жоба әзірлейді. 2-топ. Сіз-ұлттық нақыштағы заманауи сәнді киім үлгілерін тігетін жаңадан ашылған сән үйінің басшысысыз. Қазақстандықтарға сән үйіңіздің ерекше қызметі туралы жарнама мәтінін қалай құрар едіңіздер? Жазылып болғаннан кейін бір топ екінші топтың жұмысына «Үш қошемет, үш ұсыныс» стратегиясы бойынша кері байланыс береді. Дескриптор: 1. Жарнама, хабарландыру оқулықта берілген үлгіге сәйкес рәсімделді. 2. Сән үйінің атауы, ондағы қызмет туралы ақпарат берді. 3. Оқырманның назарын аударатын лепті сөйлемдер қолданды. 2-тапсырма. Суреттердің ерекшелігін, тақырыбын айқындап, сурет бойынша өзара жұптық әңгіме құрастыру.</p>	Оқулық АКТ	Бас бармақ арқылы әр топ бір- бірін баға- лайды.

	<p>Дескриптор.</p> <p>1. Жұптық әңгіме құрастыру.</p> <p>Талапқа сай тілдік құралдар пайдалану.</p> <p>Жұптық әңгіме әсер етті ме? Қажетті тілдік құралдар пайдаланды ма? Сол жайлы пікір айтып, кері байланыс беріледі.</p>		«Бағдар-шам» әдісі арқылы әр топ бір-бірін бағалайды.
Сабақтың соңы	Сән мен талғам туралы «Венн диаграммасы». Топпен жұмыс.	Венн диаграммасы	«Екі жұлдыз, бір тілек».
Рефлексия	«Рефлексия пирамидасы»	Үлестірмелі пирамида	Мұғалім әр оқушыға кестені орындатып, жинап алып, тексеріп бағалайды. (Жарайсың, Тамаша, Толықтыр, Ізден!)
Үйге тапсырма.	Сән үлгілеріне байланысты қосымша ақпарат жинау.		
Қосымша ақпарат	«Сән үлгісі» бейнетаспасы.		
Саралау	Деңгейлік тапсырма: А-В-С деңгейі арқылы тапсырма беру; 1-Сән туралы сөйлем құра. 2-Аудио жарнама даярлау.		

**А.ЖҰМАҒАЛИЕВА,**  
**Амангелді орта мектебі.**  
Ақтөбе облысы,  
Ойыл ауданы

## **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ**

Оқу мақсаттары	5.1.1.1-тірек сөздер мен ұсынылған суреттер арқылы тақырыпты болжау; 5.3.5.1-оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу.
Сабак мақсаттары	Оқушылардың барлығы орындай алады: тірек сөздер мен ұсынылған суреттер арқылы тақырыпты болжайды. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады. Оқушылардың кейбірі орындай алады: анықтаған тірек сөздерді шығармашылық жұмыстарында еркін қолдана алады.
Тілдік мақсат	Оқушылар өз беттерімен жаңа тақырыпты талдай алады. Негізгі сөздер мен тіркестер: <i>қазақ халқының салт-дәстүрлері, сүйінші, сәлемдеме, байғазы, базарлық, жеті ата.</i> Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестері: <i>менің ойымша, мен бұл пікірмен келісемін/ келіспеймін, мен мынадай қорытындыға келдім.</i> Алған ақпаратты топ ортасында еркін талқылайды. Жазылым бойынша ұсыныстар: мәтінде берілген мәліметті қорытып, диалогке қатысады.
Алдыңғы оқу	Қонақ күту дәстүрі туралы біледі.



Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (ескертпелерді де жазыңыз)	Ресурстар
Басталуы	<p>Қызығушылықты ояту.</p> <p>«Бәйге» ойынының ізімен оқушыларға сұрақ қойылады.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңінің авторы кім?</li> <li>2. Қонақтың қандай түрлерін білесіңдер?</li> <li>3. Қонақжайлықтың белгілері қандай?</li> <li>4. Қонақ күту дәстүрі туралы қандай нақыл сөздер білесіңдер?</li> <li>5. <i>Мейман</i> сөзінің синонимі?</li> <li>6. Қонақ келгенде майға пісірілетін ұлттық тағам?</li> <li>7. <i>Төр</i> сөзінің мағынасы қандай?</li> <li>8. Құрметті кімге көрсетеміз?</li> <li>9. Ұлттық сусындарды ата.</li> <li>10. Амандасу нені білдіреді?</li> <li>11. Үйге келген қонақтан не сұрайды?</li> <li>12. Қазақ қандай халық?</li> <li>13. <i>Сыйлық</i> сөзінің қонаққа қандай қатысы бар?</li> <li>14. «Үлкенге-ізет, кішіге-құрмет» мақалының мағынасын түсіндір. (Шашу шашу дәстүрі арқылы сабақтың тақырыбын анықтау.) - Шашу қандай салт деп ойлайсыңдар?</li> </ol>	ОӘЖ материалдары

Ортасы	<p>1-тапсырма. Оқылым (ЖЖ) «Іштей оқу» әдісі бойынша мәтін мазмұнымен танысады, халқымыздың салт-дәстүр атаулары мен олардың мәнін түсіндіреді.</p> <p>Топтық тапсырма. 1-топ. Оқылым материалы негізінде «Әңгіме пирамдасы» әдісі бойынша білген ақпараттарын жазады. 2-топ. 3-тапсырма. Төмендегі жағдаяттар қай салт-дәстүрге сәйкес келетінін жазу. 3-топ. 4-тапсырма. Мәтіндегі қазақ халқының салт-дәстүрі туралы жаңа ақпаратты анықтау. Негізгі ойды өрбіте отырып, қысқаша мәтін жазындар. Тыңдалым. 2-тапсырма. Мұқағали Мақатаевтың «Наурыз» өлеңін тыңдап, сыбағаның кімге берілетінін анықтау. Өлеңді жаттап алу. (ЖЖ) Оқылым мәтінінен айтылғанда ерін үндестігіне сәйкес өзгеріске ұшырайтын сөздерді теріп жазып, орфоэпия заңдылығына қарай дұрыс оқу. Оқылым мәтінінен айтылғанда ерін үндестігіне сәйкес өзгеріске ұшырайтын сөздерді теріп жазып, орфоэпия заңдылығына қарай дұрыс оқу.</p> <p>«Қазақтың салт-дәстүрлері» атты слайд көрсетіледі, оқушылар жаңа ақпаратты табады.</p> <p>(Әр тапсырма сайын оқушыларға жұлдызша беріледі. Сабак соңында жұлдызды бала аныкталады.)</p>	<p>«Іштей оқу» әдісі материалдары</p> <p>(10.mp3)</p>
--------	--	---

Соңы	Рефлексия. «Еркін жазу» әдісімен сабақ бойынша ойларын толассыз жазу тапсырылады. Үйге тапсырма. Қазақ халқының салт-дәртүрлері бойынша сабақта алған ақпаратты «Қос жазба күнделігіне» түсіреді.	«Еркін жазу»әдісі Стикерлер ОӘК материалдары
------	--	---

Қосымша ақпарат		
Қосымша өлшемдер арқылы саралау	Үлкенге сәлем беру дәстүрі немесе жеті ата туралы диалог құрастырып жазу. Сөз аралығындағы ықпал түрлерін көрсетеді. «Тамаша идеялар» әдісі.	Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих.
Рефлексия	Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз. Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	
Қорытынды бағалау. Қандай екі нәрсе табысты болды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз) Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды? (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз) Тапсырмаларды уақыт мөлшеріне қарай таңдау, топтағы қарым-қатынасты бақылау. Жекелеген білім алушыларды топтық жұмыстарға тарту.		

**Ш.МАЛЬШУБАЕВА,**  
**Қалижан Бекқожин атындағы**  
**№12 жалпы орта білім беру мектебі.**  
Павлодар қаласы

## **СЫН ЕСІМНЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ**

*(6-сынып)*

Мақсаты:	Оқушылардың сын есімнен алған білімдерін нығайту, ұлттық ойындар арқылы тиянақтау, бір жүйеге келтіріп қорыту, теориялық білімін практикамен ұштастыру. Оқушылардың тапқырлық ізденімпаздық, танымдық қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа баулу, өз ойын тиянақты жеткізуге дағдыландыру. Ана тілінің заңдылықтарын сүйе білуге үйрету, пәнге деген қызығушылығын ояту, оқушыларды адамгершілікке, ізеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже:	Өткен тақырыпты өз белсенділіктерімен меңгереді; Өз ойын толық жеткізуге дағдыланады; Өз бетімен жұмыс істеуге талпынады; Қосымша деректер тауып, ізденеді.
7 модульдің қолданылуы	АКТ, «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», «Сыни тұрғыдан оқуға үйрету», «Оқуды басқару және көшбасшылық»
Табыс өлшемі:	Ұжымдасып еңбек ету қалыптасты. Оқушылар топтық жұмыста, сабақты меңгеруде, шығармашылық жұмыстарда белсенділік танытты. Бағалау өлшемдерін анықтай білді.
Негізгі идеялары	Сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасы артады, бір-бірімен әңгімелесу, пікірлесу арқылы топтық жұмыс жасауға дағдыланады, сын есім туралы білімдері кеңейеді.

Көрнекілік	Пакет, түрлі-түсті қағаздар, проектор, бағалау парақшалары, карточкалар, т.б.
Оқыту әдісі	Топпен жұмыс, жұптық жұмыс, диалог, сұрақ-жауап, деңгейлік тапсырмалар, карточкамен жұмыс, талдау, практикалық, мәселелік жағдаят, қайталау, іздендіру, шығармашылық жұмыс.

Сабақтың барысы:

Кезеңдері	Мазмұны	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Кіріспе 2 мин.	Ұйымдастыру кезеңі. Түстер арқылы топқа бөлу; Психологиялық ахуал.	1-2-3-4 сандар жазылған түстер арқылы топқа бөлінеді. Сандар жазылған түсті қағаздың артында өлең жолдары жазылған. Бір шумақ өлең шығады. Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз. Бірлігіміз жарасқан, Алда боламыз әрқашан.	Топқа бөлінеді. I топ: «Қызылдар». II топ: «Көктер». III топ: «Жасылдар» IV топ: «Сарылар». Топ ережесін еске түсіру.		Түсті қағаздар, пакет
Негізгі бөлім. Өткенді пысықтау. Қызығушылығын ояту. Түсіну. 3 мин.	Үй тапсырмасын қайталау.	«Арқан тарту» ойыны бойынша топтар сағат тілімен бір-біріне сұрақтар қояды. Қай топ көп сұраққа жауап берсе, сол топ жеңіске жетеді.	Топтар бір-біріне сұрақтар қойып, жауап береді.		

<p>Қолдану. 12 мин.</p>		<p>«Бәйге» ойыны. Қай топ бірінші орында болса, мәреге сол топ озып келеді. I топ: «Қызылдар». Негізгі, туынды сын есімдерді екі топқа бөліп жазу. <i>Терең, тайғақ, сыйлас, таулы, зерек, кең, өткір, алғыр, ұрысқақ, өтімді, ұзын, аянишақ, көшпелі, қызба, намысқой.</i> II топ: «Көктер». Бір зат есімге бес сын есім жазу. <i>Табиғат, ана, мектеп.</i></p> <p>III топ: «Жасылдар». Берілген мақалдардағы көп нүктенің орнына лайықты сын есімдерді қойып, орысша-ағылшынша аудар.</p> <p>1. ... адамның танысы көп, ... адамның жақыны жоқ. <i>(Жақсы-good; Жаман-плохой-bad)</i></p>	<p>Топпен бірігіп тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Топпен бірігіп тапсырмаларды орындайды.</p>		
-----------------------------	--	---	---	--	--

		<p>2. ... қыз – ауыл көркі. (Ақылды-умный-smart)</p> <p>3. Ел іші – ... бесік. (Алтын-золотой- golden)</p> <p>4. ... үйдің тамағы ... . (Тату-дружный- friendly; Тәтті-вкусный-tasty)</p> <p>5. Көз – ... , қол – ... . (Қорқақ-трусливый- cowardly, Батыр-храбрый- brave)</p> <p>IV топ: «Сарылар». Сын есім мен зат есімдерді сәйкестендіру.</p> <p><i>Жазғы</i>            <i>Оқушы</i> <i>Сары</i>             <i>Ырым</i> <i>Ауыр</i>             <i>Бала</i> <i>Биік</i>               <i>Дауыс</i> <i>Жаман</i>           <i>Балапан</i> <i>Әдепті</i>            <i>Адам</i> <i>Көтеріңкі</i>       <i>Жүк</i> <i>Білімді</i>           <i>Сөз</i> <i>Қабілетті</i>       <i>Актер</i> <i>Түйінді</i>          <i>Үй</i> <i>Дарынды</i>        <i>Демалыс</i></p>			
Сергіту сәті. 1 мин.		<p>Сенде төзімділік, шыдамдылық, еңбеккерлік дамыған. Өз айналаңа адамдарды жинап ұйымдастыру, реттеу және жүйелеу қабілетің баршылық. Сенен үздік ұйымдастырушы (администратор) шығады.</p>			

		<p>Сенде адамгершілік жоғары дамыған. Сен өз әріпте-сіңді тындай аласың және оның қайғысы мен қуанышын бірге бөлісесің, басканың ауыртпалығына жәрдемдесу қабілетін жоғары қалыптасқан. Саған басқарушылық қасиет тән. Өз көздеген мақсатына қол жеткізуге барлық мүмкіншілігіңді жасайсың. Өзіңе сенімдісің және жеңіске, жетістіктерге, ұтыстарға оңай қол жеткізесің. Айтқаныңнан шықпайсың, абыройлысың.</p>	<p>Топпен жұмыс жасайды. Сөзжұмбақты шешеді.</p> <p>Семантикалық картаны толтырады.</p>		
--	--	--	---	--	--



<p>Жинақтау. 9 мин.</p>	<p>Ойланады, корытады.</p>	<p>«Көкпар» ойыны. Бірінші орында болған топ, жеңімпаз болып есептеледі.</p> <p>I топ: «Қызылдар». Сөзжұмбақ шешу. Мына төркөздерді сын есімдермен толтыр.</p> <p>II топ: «Көктер». Семантикалық картаны толтыру.</p> <p>III топ: «Жасылдар» Көп нүктенің орнына төмендегі жұрнақтардың тиістісін қойып, туынды сын есім жасаңдар: <i>Жұз, қап, көтер, тербел, бас, жылт, кіші, ұрыс, от, көйлек, қара, тұса, жала, тас, тұз, жаз, күз, шоқпар.</i> Жұрнақтар: <i>-палы, -іңкі, -мелі, -палы, -ыңқы, -рек, -ғыш, -дай, -гі, -ғы, -қақ, -шең, -тай, -мыс, -қор, -ды, -ді.</i></p> <p>IV топ: «Сарылар» Сөз құраңдар. <i>идәбе-әдеби, слыжа-жасыл, мұдыты-ұтымды, лпажқа-жалтақ, разпөне-өнерпаз, ңроық-қоңыр, кнелү-үлкен.</i></p>	<p>Карточкамен жұмыс жасайды.</p> <p>Карточкамен жұмыс жасайды.</p>		
-----------------------------	----------------------------	---	---	--	--

Кері байланыс 2 мин.		<p>Проектордағы сөйлемдерді аяқта...</p> <p>Оқушылар проекторда көрсетілген сөйлемдердің біреуін таңдап, оны әрі қарай жалғастырып, аяқтайды:</p> <p><i>Мен мынаны білдім ...</i></p> <p><i>Маған қызық болғаны ...</i></p> <p><i>Маған қиын болғаны ...</i></p> <p><i>Мен енді ...</i></p> <p><i>Менің ойым мынадай ...</i></p> <p><i>Мен мынаны сезіндім ...</i></p> <p><i>Мен мынаны жасадым ...</i></p> <p><i>Мынаған таң қалдым ...</i></p> <p><i>Қолымнан мынау келді ...</i></p> <p><i>Мен мынаны жасағым келеді ...</i></p>	Оқушылар сабақтан алған әсерлерімен бөліседі.		
Бағалау 2 мин.	Өзін-өзі бағалау	Мұғалім бағалау парақтарын таратады.	Балалар өзін-өзі бағалайды.		Бағалау парақшалары
Үйге тапсырма 1 мин.		<p>Эссе: 1) «Егер де, мен президент болсам ...»</p> <p>2) Сын есімді қатыстырып, еркін тақырыпта өлең шығару.</p>	Күнделіктеріне үй тапсырмасын жазып алады.		Күнделік

**Л.ӨМІРБАЕВА,**  
**«Санаторий типтес №11**  
**арнаулы мектеп-**  
**интернаты» КММ.**  
 Оңтүстік Қазақстан облысы,  
 Қазығұрт ауданы

## ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ ЖАЙЫНДАҒЫ ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАР

Мақсаты:	Төрт түліктің төлдері: құлын, бота, козы, бұзау өлеңдері туралы түсінік алады, шапшаң мәнерлеп оқуға дағдыланады, тілін, сөздік қорларын дамытады.		
Жалпы мақсат:	Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру.		
Күтілетін нәтиже:	Тіршіліктің көзі болып табылатын төрт түлік жайлы мәліметтер алды және шығармамен жұмыс істей білу дағдыларын одан әрі дамыта білді.		
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	Кім жылдам?, Кім алғыр? Ойлан, бірік, бөліс, Дебат.		
Қолданылатын ресурстар:	Флипчарт, маркерлер, портреттер, тақта, стикерлер.		
Ұйымдастыру кезеңі:	Барлық оқушыны ортаға шығарып, шеңбер құрғызамын. Сәлемдесемін, Сыныптағы оқушыларды түгелдеймін. Топқа бөлдіремін. Қалай отыратындықтарын түсіндіремін. Алтын ереже құрудың жолдарын айтып түсіндіремін.		Мұғаліммен сәлемдеседі. Шеңбер жасап, бір-біріне жылы сөздер айтады. Сыныптың топ басшысы жоқтарды айтады. Түрлі-түсті қағаздарды алып, сол бойынша топ құрып орындарына отырады.
Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті

Білім. Қызы- ғушы- лық- та- рын ояту.	«Кім жыл- дам?»	Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы диалогқа түсіру, 1. Қазақ әдебиетінің қандай түрлері бар? 2. Халық ауыз әдебиетінің түрлерін ата. 3. Ауыз әдебиетінің тәрбиелік тағылымы.	Мұғалім берген тапсырманы орындау. Слайдта жазылған барлық қайталау сұрақтары мен тапсырмалар интерактивті тақтада беріліп, әр топ өз білгендерін, білетіндерін нақты дәлелдермен жауап береді.
Түсіну	«Кім алғыр?» әдісі.	Жаңа сабақты бастамас бұрын ой қозғау мақсатында оқушыларға өткен тақырыпты еске түсіруге байланысты бірнеше сұрақтар дайындау. 1. Тұрмыс-салт жырлары дегеніміз не?  2. Тұрмыс-салт жырларының түрлерін ата. 3. Қазақ халқының негізгі тіршілік көзі.	Оқушылардың мұндағы мақсаты берілген сұрақтарға жауап беріп, өз ой-пікірлерімен санаса білуі.
		Сұрақтар дайындау	Топпен жұмыс жасау
Қолдану	«Ойлан, бірік, бөліс?» тақырып- тар қолдану	Тақырыптардың мағынасы мен ойын ашын түсіну үшін әр топ өз тапсырмасын орындаған соң екінші топқа ұсынады	Өзін-өзі топпен бағалайды.
Рефлексия	Стикер- лерді толтыру	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну.	Ұсынылған стикерлерді толтыру.

		2. Төлдер туралы таппак айту.  3. Төрт түлік туралы жұмбақ, мақал-мәтелдер, тыйым сөздер айту.	Берілген сұрақтарға нақты жауап беру керек. Тапсырмаларын бір-біріне көрсету арқылы ой бөліседі, тақырыптың мағынасын аша отырып өзара топпен талдайды.
Сергіту сәті	«Балапандар биі» атты жаттығу жасау	Оқушылармен бірге серігу сәтін жасау	Интербелсенді тақтадағы бейнетаспадағыдай жаттығулар жасайды.
Талдау	Топпен жұмыс  «Дебат» әдісі  Төрт түлік	Топтарға жаңа тақырып бойынша және өткен сабақты толық меңгерту мақсатында тапсырмалар беріледі. Сұрақтар мен қосымша тапсырмалар жаңа тақырып бойынша, сабақты қалай түсінгендігін тексеру және жұмыс істеу. Төрт түлік малдың қасиеті туралы не айтар едіңдер? Төрт түліктің адамға пайдасы қандай?	Берілген тапсырманы өз уақытында орындау; топпен тапсырмаларды талқылау; әр топтан оқушы ортаға шығып, өз ойын және пікірін бүгінгі тақырып бойынша жеткізу, талдау және бағалау; Берілген сұрақтар бойынша бір-біріне сұрақ қою арқылы диалогке түседі.
Жинақтау	Шығармашылық тапсырма «Тақырыпты біз былай түсінеміз» (кітап, суретпен жұмыс, бағалау)	Мұғалім жаңа тақырыпқа байланысты тапсырма қағаздарын таратады.	Оқушылардың мақсаты берілген сұраққа байланысты ойларын қағазға жазып береді.
Бағалау	Өзін-өзі бағалау. (2мин.) Бағдаршам, бағалау парақшалары.		

Әдеби кеш

**А.ҮМБЕТӘЛІ,**  
**№ 190 орта мектеп.**  
Қызылорда облысы,  
Қазалы ауданы  
Ақтан батыр ауылы

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНАН  
ШЫҚҚАН ЕҢ ҮЗДІК ӘЛЕМ АҚЫНЫ**  
*(М.Шахановтың 75 жылдық мерейтойына арналған  
әдеби-сазды кеш)*

Мақсаты: қазақтың аса көрнекті ақыны Мұхтар Шахановтың өмірі мен шығармашылығынан жалпы мәлімет беру, азамат ақын екенін дәлелдеу, оқушылардың эстетикалық сезімін ояту арқылы адамгершілікке, музыканы түсініп, сүйеге, әдебиетті тереңірек ұғуға үйрету.

Көрнекілігі: М.Шахановтың суреті, жыр жинақтары, ақын туралы айтылған қанатты сөздер.

Барысы:

1-жүргізуші:

- Құрметті жыр сүйер қауым! Қазақтың аса көрнекті ақыны Мұхтар Шахановтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Түркі халықтары арасынан шыққан ең үздік әлем ақыны» атты әдеби-музыкалық кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Мұхтар Шаханов 1942 жылы Отырар ауданы Шілік ауылында дүниеге келеді. Жеті жылдық мектепті бітірген соң трактордың тіркеушісі қызметін атқарады. Кейін

облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректор, әдеби қызметкер болды. «Лениншіл жас» газетінде оңтүстік облыстар бойынша меншікті тілші, Қазақстан жазушылар одағы басқарма хатшысы, Республикалық «Жалын» журналының бас редакторы, КСРО халық депутаты, КСРО Жоғары Кеңесінің мүшесі, ҚР халық депутаты, Қырғыз Республикасының Халық ақыны (1994ж.)

Қазақстанның халық жазушысы (1996ж.)

Осыдан 75 жыл бұрын асыл қазынамыз «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабы жарыққа шығыпты. Ұлы шығармамен қатар дүниеге келіп, кіндігі кесілген перзенттердің бірі – Мұхтар Шаханов.

Өз есімінің Мұхтар қойылу себебін ақын «Әкем «Абай жолы» роман-эпопеясын оқып отырып, мені Мұхтар Әуезовке ұқсасын деген оймен Мұхтар деп қойған екен», - деп еске алады. Ендеше «Мені неге Мұхтар қойған?» атты өлеңін оқу үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Үмбетәлі Айгүл апайды шақырамыз.

2-жүргізуші:

«...Тоғыз жасыма дейін әкем мені тізесіне отырғызып, Отырарды қорғаған өзінің бабалары туралы, олардың ерлік істері туралы әңгімелеуден жалықпайтын. Сондықтан мен қолыма қалам алған кезімнен бастап Шыңғыс хан туралы жазуға бел будым...»- дейді ақын өз естелігінде.

«Отырар» өлеңі бойынша сахналық көрініс.

1-жүргізуші: - Ақынның айтуынша, Отырарда ұлы бабамыз Әбу Насыр Әл-Фарабиден басқа жиырмадан астам Фарабилер ғұмыр кешкен. Оларды кейінгі ұрпақ

білмейді екен. Осы тақырыпта ой қозғайтын өлеңі – «Арман». Оқитын-Жақасай Бәйтерек.

2-жүргізуші: - Халқымыз қашан да сөз қадірін түсініп, ақынын ардақтаған. Ақынның кей өлеңдерінде ақынын сыйламай астамшылықпен сөйлеп, кейін тәубесіне түсіп жатқан кей адамдардың жағымсыз қылығы суреттеледі.

«Қасымды қабылдамаған адам хақында» оқитын Бираш Мұқағали.

«Тайыр Жароков көшесінде». Оқитын Шарапат Берікбол.

1-жүргізуші: -М. Шаханов ақын, қоғам қайраткері, сонымен қатар сазгер. Ақын өлеңдеріне жазылған әндер және өз әндері халық жадынан еш шыққан емес. Ақын:...«Туған күн кешінде» деген әнімді мен кешке таман ыңылдап отырып шығардым. Сөзін әлі жазбаған болатынмын. Анам да тыңдап жүрді. Таңертең тұрсам әнді ұмытып қалыптын. Сөзін жаза қояйын десем, әнін есіме түсіре алмай-ақ қойдым. Бірнеше күн өткеннен кейін анам ұршық иіріп отырып, жаңағы әнді өз-өзінен ыңылдап айтып отыр екен. Ой, қуанып кеткенім-ай!» - дейді естелігінде. Бүгінде бұл ән әлі күнге ескірмей туған күн кештерінде айтылып келеді.

Ән: «Туған күн кешінде». Орындайтын-Көшербай Жансая.

2-жүргізуші: -Достық – қасиетті ұлы сезім. Оны әр ақын өзінше жырлайды. Ал, Мұхтар ақынның қай өлеңін оқысаң да үлкенді-кішілі оқиғаға кезігесің. Ақын өлеңдері сонысымен құнды, бағалы.

«Достық өлкесінің заңы». Оқитын-Әбілсейіт Ақбота.



1-жүргізуші: -Ақынның досы әрі замандасы Шыңғыс Айтматов «Менің өмірімде екі Мұхтар болды. Бірі – әкемдей болған ұлы жазушы Мұхтар Әуезов те, екіншісі – ақын, айтулы тұлға, менің іні досым – Мұхтар Шаханов» - деп жазады Ш.Айтматовпен бірге жазған «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабында.

Олай болса, қырғыз халқының ұлы жазушысы Ш.Айтматовқа арнаған «Алтын, күміс, қалайы» атты өлеңін тыңдайық. Оқитын-Оралхан Уайысбай.

2-жүргізуші:

*-Тек мына аман тұрсын нұрлы Отаным,*

*Туламас көңіліңді тулатамын.*

*Әніммен, ала құйын жырымменен,*

*Мен әлі құлағыңды шулатамын, -*

деп өзі айтқандай, ендігі кезекті әнге берсек.

Ән: «Айналайын».

1-жүргізуші: -Евгений Евтушенко «Мұхтар Шаханов ұлттық шектеушілікке бағынбайтын шын мәніндегі қазақ ақыны және оны үлкен болашақ күтіп тұрғанына сенемін ...» - деп ақынға баға береді.

«Рух мектебіндегі мұң». Оқитын-Жүрсінбай Нұрперзент.

2-жүргізуші: -Мұхтар Шаханов Арал тағдырын мәселе етіп көтерсе, Олжас Сүлейменов «Невада-Семей» қозғалысының ұйымдастырушысы болды. О.Сүлейменовке арналған өлеңі - «Біз қазақтың екі ақыны біргеміз». Оқитын-Бираш Мұқағали.

1-жүргізуші: -Қоғамдағы бар іске етене араласып, өзіндік ой-пікірін тура айтумен қатар халық сеніміне ие болған ақын келелі істердің басшысы бола білді. Соның бірі – желтоқсан оқиғасы. Ақын тәуелсіздікті аңсаған

жастарды қолдады.

«Желтоқсан алаңы». Оқитын-Қалменов Бекжан.

2-жүргізуші: -Ақын өз естелігінде «Мектепте жүрген кезімде мен өлеңдерімді әнге қосып айтып жүретінмін. Т.Молдағалиевтің өлеңдерін өзімше бір әнге салып отыратынмын. Ал, кейін қарасам, сол әндердің өзі басқа әндерге мүлдем ұқсамайды. Бірақ ол кезде ән шығарамын деп те ойламағанмын», - дейді. Ендеше ендігі кезекті әнге берсек.

Ән: «Ақ бантик».

1-жүргізуші:

*-Нарық-ғасыр бәрін сатып жібере ме алтыңға,  
Кім қалады сол алтыңға сатылмайтын қалпында?  
Жалғандық бар ұлтсыздардың беделі мен даңқында,  
Ана тілін сыйламаған сыйламайды халқын да, -*

деп ақын жырлағанындай, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе иеленуіне зор үлес қосқан ақынның бір топ өлеңдері туған тілге арналды. Сондай өлеңдерінің бірі – «Төрт ана» өлеңі. Оқитын-Уайсбай Жанна.

2-жүргізуші: -М.Шахановтың өмірін, шығармашылығын, атқарған істерін бір кештің өн бойына сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан

*« ... Әлі талай биіктерге бірге шырқап,  
асқақтаймыз,*

*Дос сезімді өлім жеңбес.*

*Сондықтан біз қоштаспаймыз»* - деп, ақын өзі жырлағанындай, ақын жырлары ұрпақ жадында мәңгі сақталады деген тілекпен бүгінгі М.Шаханов шығармашылығына арналған әдеби-сазды кешімізді аяқтаймыз.

**Н.МАТЖАНОВА,**  
**Айбергенов атындағы**  
**орта мектебі.**  
Ақтөбе облысы,  
Байғанин ауданы,  
Миялы селолық округі

## **КӨКТЕМНІҢ ЖАЗҒА ҰЛАСАР ЖАЙСАҢ ЖАНЫ**

«Дүниеге өзінің аппақ, тап-таза пейілімен келіп, сол көңілмен кеткен сағыныштың ақыны Төлеген Айбергенов 3-наурызда Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында туған» деп басталатын ақ жаңбыр атанған Төлеген ақынның туғанына 80 жыл толып отыр. Құйрықты жұлдыздай жарқ еткен қысқа ғана ғұмырында өзінен кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырған Төлегеннің тойы түкпір-түкпірде тойлануда. Сондай тойлардың бірі 2014 жылдың 31 желтоқсанында ақынның есімі берілген Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Миялы селолық округіне қарасты Т.Айбергенов атындағы орта мектебінде «Көктемнің жазға ұласар жайсаң жаны» атты 80 жылдық мерейтойына арналған ақсақалдармен кездесу, әрі әдеби-сазды кеші болып өтті.

«Көктемнің жазға ұласар жайсаң жаны» атты поэзиялық кештің мақсаты:

1) Оқушыларға Т.Айбергенов шығармашылығын таныту, ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін ұғындыру.

2) Ақын өлеңдері арқылы оқушыларды адамгершілік

қасиеттерге баулу, Отанын, туған жерін, туған тілін құрметтеуге және сөз өнеріне, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

3) Мәнерлеп оқу дағдысын, логикалық ойлау қабілеттерін, ой-өрісін жетілдіру, оқушылардың әдеби көзқарасын қалыптастыру.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, Т.Айбергенов шығармашылығына арналған кітап көрмесі, бүктеме, музыкалық аспап.

Жүргізілу барысы.

**2-жүргізуші:**

*О, адамдар, біргемін мен сендермен*

*Ықыласыңа ешнәрсені теңгермен.*

*Сендер менің бақытымның бұлағы,*

*Сендер менің дарыныма жел берген.*

Құрметті қонақтар, ұстаздар мен оқушылар, Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты ақын Т.Айбергеновке арналған «Көктемнің жазға ұласар жайсаң жаны» атты кешімізге қош келдіңіздер.

**1-жүргізуші:** -Қазақта ақын көп. Атақтысы да жеткілікті. Бірақ, табиғи құбылыстар сияқты күдіретімен, риясыз аспани болмысымен қазақ өлеңін жаңа бір сатыға көтеріп, ақындықтың эталонына айналғандар сирек. Төлеген Айбергенов–сол сиректің бірі, бірегейі. Арғы тегі Ақтөбе топырағынан тараған Төлеген биыл, тірі болса, сексенге толар еді. Күллі қазаққа ортақ ақын, Қарақалпақстан перзенті.

Ақынның «Біргемін мен сендермен» өлеңі. Оқитын 6-сынып оқушысы Мұқанбетсадықова Ақтілек.

«Ауылым» өлеңін 8-сынып оқушысы Бақтығали

Инабат оқиды.

**2-жүргізуші:** -Ия, дүниеге өзінің аппақ, тап-таза пейілімен келіп, сол көңілмен кеткен сағыныштың ақыны Төлеген Айбергенов 1937 жылдың 8 наурызында Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында дүниеге келген.

**1-жүргізуші:**

*-Ей, адамдар, айналайын тугандар,*

*Жалғыз минут тыңдаңдар!*

*Мен сендерге көп болды сыр шертпедім,*

*Қазір түгел көкірегім өрт менің!*

**2-жүргізуші:** -Ақын Төлеген Айбергенов ең құрығанда отыз жасқа да толмай қыршыннан қиылды. Қамшының сабындай қысқа ғұмыр сүргеніне қарамастан оның артында мәңгі өлмейтін жырлары қалды. Төлеген жырларын оқыған сайын адам баласы таба алмай жүрген бір жұмбақ әлемге кетіп қалғың келеді.

Ол жұмбақ әлемнің аты – Сағыныш.

**1-жүргізуші:** - Көкіректе сағынышы жоқ, сарғайып сағынбайтын адам қандай бақытсыз. Адам бойындағы ең асыл қасиет – сезімнің бірі сағыныш селдеткенде алдына ештеңе тосқауыл бола алмай қалады екен ғой. Сағыну деген неткен бақыт!

«Сағыныш» өлеңімен ортаға 11-сынып оқушысы Ерғалиев Темірланды шақырамыз, «Туған жер» өлеңін 9-сынып оқушысы Қызылғұлова Светлана оқиды.

**2-жүргізуші:** - Ақынның асқақ арманы орындалып, Қазақстанға келген соң шабыты шалқып, арманы тасып Атырау мен Алтай арасына туған елінің келбетін

көруге сапарға шықты. Оның «Маңғыстау саздары» деген өлеңдер циклі сол сапардан туған еді.

«Сырласу», «Шевченко-мұнай ордасы» өлеңдері оқылады.

**1-жүргізуші:** -Ақын болу үшін дүниені жан-тәнімен құлай сүю керек. Сол кезде ғана өмір сізге құшағын жайып, тылсым тіршіліктің талай құпиясы ашылады. Дүниені сүю арқылы адамның Аллаға деген сағынышы оянды, жүрегінде өлең оты тұтанып, ұлы Жаратушымен сырласуға мүмкіндік алды.

**2-жүргізуші:** -Міне осылайша ұлы мәртебелі поэзия адамның Алладан кейінгі фәни мен бақидың арасын жалғап тұрған дәнекершісіне айналды. Жалғыздықтан жалығып, мына бес күндік жалғаннан түңіліп, аңқасы кеуіп, имандылықтың нұрлы сәулесін аңсаған адамның шөлін тек өлеңнің мөлдір бұлағы ғана қандыра алатыны содан болса керек.

**1-жүргізуші:** - Өлеңінің әр шумағынан сағыныштың сазы есетін Төлеген Айбергеновтың поэзиясында ерекше бір қуат бар. Ол басқа түскен қайғыға мойымайтын, қайта онымен тірескенде бел омыртқасын морт сындырып жіберетін – күрескерлік қуат. Ол адамды жеңіп, жігерін құм қылғысы келетін қасіретпен арпалысып, қолын қайырып, мойнын бұрап тастайтын – батырлық қуат.

«Бір тойым бар...» өлеңі 7-сынып Салман Бөкенбай  
«Үстірт басында» өлеңі 6-сынып Кенжеғали  
Шатнұр

**2-жүргізуші:** - Ақынның «Ақерке Жайық»  
«Жаңғырған Маңғыстау», «Қазақстан», «Сені

ойладым», «Мені ойла», «Ақ қайыңдар», «Бір тойым бар», т.б. өлеңдеріне жазылған әндер ел арасына кеңінен танымал.

«Мені ойла» әнімен 6-сынып оқушысы Мұхитұлы Алмаз

**1-жүргізуші:** -Ана! Дүниедегі ең қасиетті ұғым. Ақын көктем мезгілінде, аналар мерекесінде дүниеге келгендіктен де ана тақырыбына жырламауы мүмкін емес. Анаға Төлегендей теңеу беріп, суреттей алған ақын өмірде сирек кездесетіні анық.

«Ана» өлеңі 9-сынып Мұқанбетсадықов Есентүгел,  
«Апаларым» өлеңі 10-сынып Қалберген Махамбет,  
«Анама» 9-сынып. Кенжебаева Нұршат өлеңдер оқылады.

**2-жүргізуші:** -Төлеген Айбергенов лирикасы - өмір шындығын сол бір табиғи қалпында бейнелейтін көркем шежіре. Оның өлеңдері өмірдің өзінен алынған көркем туындылар деп қарау әбден орынды болар еді. Төлеген Айбергенов - өзін толғандырған тақырыбының ішіне бойлай еніп, оны ұтымды, жаңа бейнелеулер арқылы әсерлі етіп, шеберлікпен бейнелей беретін сезімтал ақын. Оның басты лирикасының басты тақырыптарының бірі – туған елге сүйіспеншілік пен сағыныш, махаббат.

«Махаббат! Неткен алып, қайратты едің...» өлеңі 9-сынып Бақыт Назерке,

«Ана туралы жыр» әні Шырын Айсара

**2-жүргізуші:** - Енді ақын жайында естеліктерге назар аударайық.

«... Әр түрлі гүлзарлармен, даланың самалымен,

жусанның иісі, таудың бұлағы мен - өзі мен өзі тыныш жатқан поэзиясының қалғымалы тірлігіне кенет көтерілген мұхиттың жал-жал толқындарындай асау ағысты екпінмен әсер еткен Айбергенов поэзиясы қазақ өлеңінің өресін биікке көтерді».- деп еске алды Фариза Оңғарсынова

**1-жүргізуші:** - Ұлы ақын өмірден өткенімен оның өлеңдері болашақ ұрпақтың жадында сақталуымен қатар кейінгі буын ақындарға үлгі-өнеге болды. Ақынды ұстаз тұтқан ізбасарларының арнауларына кезек берсек.

«Т.Айбергеновке ескерткіш». М.Шаханов. 9-сынып Ерғалиева Ақтоты.

«Т.А.ға»М.Мақатаев.10-сынып.Мұқанбетсадықова Ақбота өлеңдері оқылады.

**1-жүргізуші:** - Ақынның өміршең өлеңдері мен оның сөзіне жазылған әндер бүгінгі күннің биік өнер сахнасынан түспей талғампаз тыңдарман көңілінен лайықты орын алып келеді. Өнердің қос таланты Шәмші Қалдаяқов пен Төлеген Айбергенов Атырау мен Маңғыстау даласына жасаған арман сапарында туған «Жаңғырған Маңғыстау», «Ақ ерке Ақжайық» өлеңдері қазақ даласында мәңгі шырқалып келеді.

Ән: «Ақ ерке Ақжайық» әнімен ортаға Шырын Айсараны шақырамыз.

**2-жүргізуші:** - Қазақ әдебиетінде өзіндік талантымен танылған ақын өлең құрылысына да ерекше құбылыс әкелді. Қазақ өлеңдері көбінесе 7, 8 және 11 буынды болып келсе, Төлеген 18-19 буынды өлеңдер жазған. Сонымен қатар Төлеген өз жырларын



басынан аяғына дейін, соңынан басына дейін жатқа айтатын болған. Бұл да дарындылықтың белгісі емес пе?

**1-жүргізуші:** - Т. Айбергенов – қазақ әдебиетінде өзіндік бет-бейнесі бар, қомақты орны бар, қазақ поэзиясына жаңашыл өрнектер мен айшық, түрлер әкелген, қазақ әдебиетінің мәртебесін биіктеткен, ұлттық рухани қазынамызды әсем де әсерлі, байыпты да байсалды жырларымен толықтыра түскен ерекше талант, ерекше ақын.

**2-жүргізуші:**

*Өле берсін күншілдер күйігінде,*

*Өз гасырым өзімнің иімінде.*

*Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты,*

*Мен өлемін өзімнің биігімде!»* деп ақынның өзі жырлап кеткендей, ол әлі де сол өзі айтқан биігінде тұр.

**1-жүргізуші:** - Иә, Төлеген Айбергенов жүз жылда, тіпті мың жылда бір туатын дарын, көркем сөздің құдыретті иесі. Олай болса, Төлеген өлеңдері болашақ ұрпақ санасында ұмытылмақ емес. Ақынның өзі айтпақшы «Мен марттағы найзағай күркірімін» деп ол нөсер жырларын өз ғұмырында ұрпақ ғұмырына жетерліктей төгіп өткен жан.

**2-жүргізуші:** - Осымен біздің ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты ақын Төлеген Айбергеновке арналған «Көктемнің жазға ұласар жайсаң жаны» атты поэзиялық кешіміз өз мәресіне жетті. Уақыт бөліп келгендеріңізге алғыс білдіреміз.

**П.АБДИШЕВА,**  
**Қаптанбек аграрлық-**  
**техникалық колледжі.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Сарыағаш қаласы

## **АҚЫН ДЕГЕН КИЕЛІ АҚҚУ САМҒАҒАН...**

Мақсаты: қазақ поэзиясында өзіндік орны бар Мұхтар Шаханов шығармашылығының терең иірімдеріне үңілу, тарихи шындықты, сөз өнерімен өрнектелген әсемдікті түйсіне білуге баулу;

Адамгершілік, рухани қасиеттерді оқушылар бойына сіңіру, отансүйгіштік сезімдерін шыңдау;

1-жүргізуші:

Көкірегімде төрт сәуле бар  
Төрт бақыттан тұратын,  
Төртеу- менің мұратым,  
Төртеуінен алма кезек нұр алам.

2-жүргізуші:

Біріншісі-туған елім-ұлы анам  
Екіншісі-ғазиз анам, саулығымды сұраған  
Бірақ маған екеуі де- бір адам.

1-жүргізуші:

Даласындай дарқан халық , дархан ел,  
Білгің келсе бізге досым, жақын кел,  
Қазақ халқы – Мұхтарымен жазушы  
Қазақ халқы – Мұхтарымен ақын ел.

2-жүргізуші:

Кім еліне Мұқанша сыр ағытты,  
Кім Мұқанша бағындырар бағытты  
Қазақ халқы Мұхтарымен Алатау  
Қазақ халқы Мұхтарымен бақытты.

1-жүргізуші: Қазақстанның халық ақыны,  
жазушысы, «Түрік халықтары арасынан шыққан

ең үздік әлем ақыны » атағының иегері Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналған «Ақын деген киелі аққу самғаған» атты әдеби – сазды кешімізге қош келдіңіздер!».

«Төрт ана» өлеңі тыңдалады.

2- жүргізуші: Өз елінің намысын ту қып ұстаған ақын өмірбаянына тоқталсақ...

Туған жылы: 1942 жыл 2 шілде

Туған жері: Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шілік ауылы

Қызмет жолы:

– трактордың тіркеушісі;

• Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректор, әдеби қызметкер;

• «Лениншіл жас» газетінде оңтүстік облыстар бойынша меншікті тілші;

• Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы;

• Республикалық «Жалын» журналының бас редакторы;

• КСРО халық депутаты, КСРО Жоғары Кеңесінің мүшесі, ҚР халық депутаты;

• Қырғыз Республикасының Халық ақыны (1994ж.)

• Қазақстанның халық жазушысы (1996ж.)

1- жүргізуші: Ақын аға есімінің Мұхтар болуының да өзіндік сыры бар. Өз есімінің Мұхтар қойылуын ақын «Мені неге Мұхтар қойған» өлеңінде былай деп жырлайды...

«Мені неге Мұхтар қойған» өлеңі (Асқар)

Ән. «Гүлдаурен» өлеңі М. Шахановтікі (Оразхан, Таңшолпан)

1-жүргізуші: «Бала кезімнен бастап әкем мені алдына алып отырып, Отырарды қорғаған ұлы бабалардың ерлігі мен Шыңғыс ханның зобалаңы жайлы әңгімелейтін. Анамның «Бала әле жас қой, түсіне қояр деймісің?» дегеніне әкем: «Жоқ, түсінуге тиіс, түсінбесе өзіне қиын. Тамырын тереңге жібере алмаған

дарактың ғұмыры келте» дейтін. Менің бірнеше дүркін Отырар жайлы жазуыма тура келсе, осының барлығы әке сөзінің маған берген әсері»- дейді ақын.

«Арман» балладасы (Бакнұр, Ақерке, Оразхан, Айтмырза)

Ән. «Ақ бантик » өлеңі М. Шахановтікі, әні Ш. Қалдаяқовтікі (Айтмырза, Малика)

2-жүргізуші : Атақты «Қорлан» әнінің авторы Естай ақын 72-келіп, тіршілікпен қоштасар шағында аласұрып, жан досы Нұрлыбекті іздепті, екі күндік қашық жерде тұратын Нұрлыбек аттан құлап, аяғын сындырып алғанына қарамастан арбаға жамбастай жатып, досына жеткен екен. Сонда Естай әбден жұқарып тозуға айналған сұқ саусағындағы жүзігін көрсетіп: «Сүйегіме кіретін қарттарға ескерт. Мына жүзікті жарты ғасыр қолымнан тастамай келгенімді білесің. Ендеше, қалған ғасырларда да саусағымда жарқырап жатсын, ұлы сезімін кішкентай жүзігіне сидырған қайран Қорланым-ай!» - деп ағыл-тегіл жылапты.

«Ғашықтық ғаламаты» (Арайлым)

«Махаббат жайлы» өлеңі тыңдалады.

«Жанерке» балладасы (Малика)

2-жүргізуші: Ақын өлеңдеріне жазылған әндерді әнсүйер қауым қалай әуелете шырқайды десейші! М.Шахановтың «Арыс жағасында», «Кешікпей келем деп ең», «Өмір- өзен» өлеңдері қазіргі таңда халық арасында кең тарап, үнемі айтылып жүр. Мұндағы айтылатын басты тақырып-ол махаббат.

Ән: «Өмір- өзен» өлеңі М.Шахановтікі, әні Ш.Қалдаяқовтікі (Таңшолпан)

1-жүргізуші: Мұхтар шығармаларының негізгі лейтмотиві – адамдықты, адалдықты, әділдікті, тазалықты, пәктікті паш ету; ездікті, зұлымдықты әшкерелеу. Тегінде, бұл – бүкіл ақ ниетті өнер атаулының мұраты болса керек. Бірақ, Мұхтар осы жайларды ешкімге ұқсамай, өз даусымен, өз дәлелімен өрнектеуге тырысады. Мысалы:

«Өмір жайлы сан толқыдым, толғандым,

Достар, достар менен үміт үзбедер  
Мені кілең адал ойлы жандардың  
Қатарынан іздендер», -

дейді ақын. Оның өлеңдері бірде осылайша жан сезімін алдыңызға бар ақиқатымен жайып салған адамның сырындай қабылданса, енді бірде жігерлендіруші күш танытып отырады:

М.Шаханов «Жігерлендіру» (Жансая)

2-жүргізуші: Мұхтар Шаханов - өз әріптестерінің арасында да өте жоғары бағаға ие болған ақын. Ол туралы лебіздерді тыңдасақ:

1-оқушы. Мұхтар Шаханов - өзінің адасқақ дүлей дәуірінің белсенді ар-ожданы. Оны билік тұғырындағылар бағалай қояр ма екен? Бірақ мен осындай азаматтың өзіме жақын дос екенін мақтан етемін.

Расул Ғамзатов

2-оқушы. Ашық айтар болсақ, бүгінгі өз замандастары арасында Еуропада Шахановқа тең келер ақын жоқ.

Роберто Чиули

3-оқушы: Ол – жаңаша ойлау дүниесінің өрені. Менің пайымдауымша, мұндай өзгеше мән-мазмұнға ие ақын бүгінге дейін күллі Азия әдебиетінде болған жоқ... Нақ осындай заңғар деңгейдегі ақын XX ғасыр мен XXI ғасыр аралығында бой көрсетуі керек-ақ еді. Ол ақынның Мұхтар Шаханов екені даусыз.

Шыңғыс Айтматов

1-жүргізуші: Мұхтар Шаханов «Желтоқсан оқиғасына» орай азаматтық әрі парасаттылық көрсетті. Шаханов жайлы қандай еңбек жазылса да, Желтоқсан оқиғасы мен ақын Мұхтар есімі қатар айтылары анық.

2-жүргізуші: Қазақ халқының басына түскен сол ауыр жылдары Мұхтар Шаханов етегі жасқа толған қазақ аналарының рухани демеушісі, жұбатушысы болды.

Өлең «Желтоқсан алаңы» (Ұлбосын)

Ән: «Желтоқсан тағлымы» сөзі мен әні

М.Шахановтікі (Арайлым, Айтмырза, Малика)

1-жүргізуші: Анам марқұм Ұмсын Айтбайқызы «Неше перзентіңіз бар?» - деп сұрағандарға: «Ұлым үшеу, үлкені – Шәмші Қалдаяқов, ортаншысы – Төлеген Айбергенов, кішісі – Мұхтар Шаханов» - дер еді. Бірде үйде қонақта отырғанда Дінмұхаммед Қонаев: «Жеңеше, қазақтың үш мықтысын дүниеге бір өзіңіз әкелген екенсіз ғой», - деп әзілдегенде, «Екеуінің мықты екені рас, ал үшіншісінің шынайы биікке көтерілуі үшін әлі көп тер төгуіне тура келеді», - деп жауап бергені есімде қалыпты. Анам Шәкенді де, Төкенді де өзгеше аналық парасатпен жақсы көрді. Ол екеуі де анам дегенде ішкен асын жерге қоярдай құрметінен танған емес.

2-жүргізуші: «Достық- шын мәнінде махаббатпен тең тұратын талант. Ол ерекше қабілетті, ерекше талантты, ерекше жанкештілікті талап етеді.

1-жүргізуші: «Түркияда ұлттық, тілдік мүдде алға шыққан кезде мүмкіндігі бар қалталы адамдар аянып қалмайды екен. Біздің сорымызға қарай, қазақ байларының көпшілігі космополит, ана тілін мойындамайды. Үш ғасырлық құлдық сана заңды сипат иеленіп, жұрт күтпеген деңгейде ұлттық намысты құлдыратып жіберді, сөйтіп қазақ халқы арасында төртінші топтың қалыптасуына, олардың қысылмай еркін түрде ұлтсыздық идеясын іске асыруына жол ашты»- дейді М. Шаханов.

Ән: «Рух пен тіл» сөзі мен әні М. Шахановтікі (Айтмырза, Оразхан, Асқар)

Ұйымдастырушы: Мұхтар Шаханов поэзиясы – бұл адамгершілік поэзиясы, бұл – намысты жанитын, рухты оятатын поэзия. Бүгінгі кешімізден соң ақын шығармашылығына деген қызығушылықтарыңыз оянса, біздің мақсатымыздың орындалғаны.

1-жүргізуші: Өмірде өзімізді жоғалтып алмай, арманның биік асуларынан көріне берейік деген тілекпен бүгінгі М.Шаханов шығармашылығына арналған әдеби -сазды кешімізді аяқтаймыз

2-жүргізуші: - Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

**Г.КАРМЕНОВА,**  
**«№ 3 жалпы орта білім**  
**беретін мектеп-кешені» КММ.**  
Семей қаласы

## **ЕСЕЛІ ЕҢБЕК - ЕРДІҢ ІСІ**

Қазақтың ұлттық құндылықтарын бойына сіңіріп, ұстаз деген құрметті атқа лайық тұлға – Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеттің профессоры Айман Омарқанқызы. Ұрпақ тәрбиелеудегі үлгісімен оның болашағына сеніммен қарайтын парасатты да, зерделі педагогтың мұндай құрметке лайық екенін осы бір қысқа мақаламызда сөз етпекпіз.

Айман Омарқанқызының қызығы мен қиындығы мол ұстаздық белесіне, мерейлі мерейтойына орай сыр бөліссек артық болмас. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме атам қазақ. Жақсылардың көшін бастап, ақжарқын мінезімен, сабырлы сарқылмас жігерімен, талайды ауыздықтар қайраткерлігімен танымал тұлғаның өсу, өркендеу жолы жайдан-жай келе салмаған.

«Ұстаз деген жүректің батылдығы» демекші, алға қойған мақсатына жетуде ұстаз міндеті шаш етекпен. Олай дейтінім өз-өзіне қатаң талап қоя білетін, тасты жарып шығар қабілеті, жақпар тастардай текшелей білетін қасиетімен еңбек жолы, ғылымды бағындырған белестері дәлел.

Әдебиет - өмір айнасы. Бұл саланың биік шыңына жету еңбектің, телегей-теңіз күш-қуаты, қажымас қайраттың нәтижесі дер едім. Сондай ұстаздардың бірі, бірі емес бірегейі - Тоқсамбаева Айман Омарқанқызы. Ауыз толтырып айтар еңбегін білетіндер де, ұлағатты тұлға ретінде сыйлайтындар да жетерлік.

Киелі Абай жерінің Саржалында балалақ бал дәурені өтіп, мектеп партасының ұмтылмас кезеңдерін артқа тастап, көп балалы отбасының қарапайым тәлім-тәрбиесімен қанаттанған Айман туған жердің қадір-қасиетін жете түсінген. Сол өзі өскен ортаның ықпалы да аз емес.

Семей жері қашанда қасиетімен, дара жолымен еліне елеулі, халқына қалаулы тұлғалармен толығып отырары да сөзсіз. Сондай ісімен ерекшеленген Семей жұрты емес, облыс, республика, шет елге дейін еселі еңбегінің жемісін көрсете білген қайраткер тұлға Айман Омарқанқызының еңбек жолына тоқталсақ, дара жол деп білеміз.

Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры атағына дейінгі өмір жолына шолу жасасақ, маржаны тереңде жатқан теңіздей әсерде боласыз. Өткенге көз салсақ, Семейдегі жоғары оқу орнын бітірген соң, еңбек жолын қарапайым ұстаздықтан бастаған Айман Омарқанқызы бүгін де Шәкәрім атындағы жоғары оқу орнында еңбек етіп жатқанына 27 жылдан асты.

Тоқсамбаева Айман Омарқанқызы Халықаралық педагогикалық білім ғылым академиясының корреспондент мүшесі (МАНПО), жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі «Зор еңбегі үшін» төсбелгісінің, Шәкәрім университетіне сіңірген ерекше еңбегі үшін «Шәкәрім» медалімен марапатталды. Ғылым мен педагогика саласындағы жетістіктері үшін 2011 жылғы «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері.

Қазағымның қалың тарихының беттерін парақтап, жыраулардың үнін жаңаша мазмұнда, жаңаша арнамен жазып шығу, ердің ері ғана атқарар еңбек десек, артық айтқандық емес. Әдебиеттің қыры мен сырының мол тереңін тізбектей келе жарыққа шыққан кітаптардың өзі бірталай. Еңбектің еленбей қалатын кезі бола ма, әрине, жоқ. 55 деген екі бестіктің иегерінің өткені мен бүгінгісі жарқын, да шынайы. Алланың берген қажыр-қайратын, білім-білікті, қадір-қасиетті төмендетпей ұстай білу де бір ғанибет емес пе?

Өріптестер арасында ақылшы-кеңесші, ағайын-туыс арасында аяулы жеңге, ардақты ана, асыл жар, мейірімді әже, ұл өсіріп, келін түсірген, қыз ұзатып, күйеубаланы сыйлаған абзал жүректің ұлағаты, берері таусылмай биіктеген сайын шыңдала, болаттай шымырлана түсер қасиет те жоқ емес. Ырыс-ынтымағы жарасқан берекелі отбасының Рысқалидай ел-жұртына қадірлі азаматтың ошағын түзу түтетіп отырған Айман Омарқанқызының алар асуы әлі де алда деген ойдамыз.

Ғылымның жолы, білімнің жолы қашанда қиын да күрделі, қазір еңбектің жемісін көргенмен сорғалап аққан ащы терінің өтеуін



біреу білсе, біреу білмес. Өз пәніне деген сүйіспеншілік сонау студент кезден қалыптасып, дипломның қызығымен жиналған іс-тәжірибе келе-келе ғылым жолына түсірді. Осы жолда тайсалмай талаптану, шырылдаған ақиқаттың ақ жолымен жүру кімге де болса оңай соқпасы анық. Мақала, ғылыми-танымдық зерттеу еңбектер қала, облыс, республика көлемінде ғана емес, шетелдік басылымдарда жариялаған материалдардың өзі 50-ге жуық.

Ерекше шеберлікті, икемділікті, шәкіртжандылықты қажет еткендіктен, жинақталған ғылым негіздерін білсем, үйренсем деген студентке көрсету, ұғындыру тап басып тани білу де өнер. Заманның қатаң бәсеке талаптарынан қалып қалмай шәкірттеріне білім, ақпарат кеңістігіне шығуға ықпал ету міндеті тағы бар.

«Ұстазсыз шәкірт - тұл» демекші, әр жылдың қатпарында қалқып шығып жатқан жас өскін әдебиетші буындардың талайы Айман Омарқанқызының ақыл-кеңесінің арқасында елге танылмал тұлға болып, еңбек етуде. Болар баланы сөз саптауынан байқағандықтан Айман Омарқанқызының шәкірттері де талай белесті бағындырып үлгерді. Осы уақыт ішінде талай шәкірттің қанатын қатайтып, өмір жолына шығарып салған студенттері бүгінде Қазақстанның түпкір-түпкірінде еліміздің өркендеуіне үлес қосып жатыр. Әрбір шәкіртіне жауапкершілікпен қарым-қатынас жасауы, мәдениетті киім-киісі, сөзі, әдеби, жинақы іс-әрекеті білімі, педагогикалық шеберлікті студенттер өте жоғары бағалайды, Студенттермен жүргізілетін «Мәшһүртану» үйірме жұмысы, «Дарын» ғылыми-зерттеу орталығындағы мектеп оқушыларының ғылыми жобаларына жетекшілік етуі де осының айғағы. Шәкірті Арман Шеризатов ұстаз туралы былай дейді:

*Анамдай қамқор жансыз зой,*

*Алдыңда қанша жаңылдым.*

*Тіл бітіп ақын жүрекке,*

*Ағымнан бүгін жарылдым.*

*Қызығын көріп жүріңіз,*

*Мағжандай асыл қара ұлды.*

*Тізбектей беріп қайтейін,*

*Тілегі осы жанымның.*

Мына бір жыр жолдары да, шәкірттің сыршыл жүрек толғанысы:

*Тарихтан тебіреніп айғақтарды,*

*Қанжығаға мол білім сайлап қалды.*

*Кітаптың құдіретін түсіндіріп,  
Қадірлейтін ұстазсыз қаймақтарды.*

«Ғылымға әркімнің де бар таласы» дегендей Тоқсамбаева Айман Омарқанқызы мазмұны бай жеті оқу құралын, екі электрондық құралды, екі монография, үш оқу әдістемелік құралдың авторы, сондай-ақ, жеті зияткерлік меншік объектісінің куәлік иесі. 1990 жылдан 2017 жылға дейінгі аралықта алпыс жеті халықаралық, республикалық конференция, семинарларда баяндама жасаған.

Web of Science, Thomson Reuters (Life Science Journal, Journal of Language and Literature) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда, шетелдік басылымдарда көптеген мақалалары жарық көрді. Айман Омарқанқызының авторлығымен жарық көрген «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет», «1940-1960 жылдардағы қазақ әдебиеті», «Жыраулық поэзия және ұлттық рух» оқу құралдары жаңа заманның әдіс-тәсілдерін ұтымды қолдана отырып, жазылып шыққандықтан құнды болып отыр. Бүгінгі күнде жоғары оқу орындарының ұстаздары мен мектеп ұстаздары үшін таптырмас оқулықтар деп білеміз.

«Шәкәрім», «С.Торайғыров» энциклопедиясы авторларының бірі. «Шәкәрім» энциклопедиясында отыз бес мақаласы, С.Торайғыров энциклопедиясында он алты мақаласы жарық көрді. Бұл жұмыстың барлығы кәсіби өсудің тамаша бір үлгісі емес пе? Педагогика институтының қарапайым оқытушысынан талмай талаптанып, еңбектенудің нәтижесінде Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры дәрежесіне жеткен Тоқсамбаева Айман Омарқанқызы жоғары оқу орындарында еңбек еткеніне көп жылдан асса да мен болдым, толдым демей, еңбегін еселей түсуде.

Білікті маманның 55 жас мерейтойы құтты болсын, шығармашылық толайым табыстармен, еліміздің өркендеуіне қосып жатқан еңбектің нәтижесі қанатын кеңге жая берсін, қарапайымдылықтың қасқа жолын бетке алған әріптестің беделі әрдайым үстем болып, ұстаздың денсаулығы мықты болсын!!!

**Г.ТЕМІРҒАЛИЕВА,**  
**Сарықұдық негізгі жалпы**  
**білім беретін мектеп.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Казталов ауданы,  
Сарықұдық ауылы

## **АНА ТІЛІ- ЖҮРЕК ҮНІ**

Мақсаты: 1) қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына байланысты, оқушылардың тіл туралы танымдық деңгейін көтеру.

2) Қазақстанның мемлекеттік тіліне деген қызығушылығын арттыру, елін, жерін, өз тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Барысы:

I жүргізуші: - Қайырлы күн, ұстаздар мен оқушылар!  
“Ана тілі- жүрек үні” атты кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер!

II жүргізуші: Қазақстан Республикасының Конституциясында “Қазақ тілі-Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі” деп жазылған.

I жүргізуші: - Қазақстан Республикасының Тіл туралы алғашқы заңы 1989 жылы 22 қыркүйекте қабылданды. Біздің елімізде тұратын барлық ұлт өкілдері қазақ тілін оқып үйренуде. Қазақ тілін үйреніп жүрген шетел азаматтары да аз емес.

II жүргізуші: - Қазақ тілі түркі тектес тілдерге соның ішінде қыпшақ тобындағы тілге жатады. Түркі тілдес халықтар: қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, татар, башқұрт, әзірбайжан, тува, хақас, алтай, құмық жатады.

I жүргізуші: - Жер шарының бірсыпыра жерінде көптеген қазақтар тұрады. Басқа шетелдерде тұратын қазақтар да өз тілін ана тілім деп есептейді. Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ол – халық тарихымен бірге жасап, ұрпақтан- ұрпаққа

қатынас құрамы ретінде қызмет етіп келеді.

II жүргізуші: - Ол енді толық мағынасында республикада білім, ғылымды, техниканы үйрену тілі, мәдениет пен экономиканы дамыту тілі болып отыр.

1-оқушы:

*- Ана тілі- бар білімнің қайнары,  
Аталардың өсиеті падалы.  
Алақаны мейірімді анаңның,  
Ұстазыңның жарқын жүзі-жайдары.  
Ана тілім- тастамайтын әліппем,  
Болғаным жоқ әріптерін танып мен.  
Өз тілімді жақсы көру арқылы,  
Достасамын басқа барлық халықпен.*

2-оқушы:

*- Сүйемін туған тілді-анам тілін,  
Бесікте жатқанымда – ақ берген білім.  
Шыр етіп жерге түскен минутымнан,  
Құлағым сіңірген таныс үнім.  
Сол тілімнен үйрендім нәрсе аттарын,  
Сол тілімнен әдетті мен жаттадым.  
Ең бірінші сол тілімнен сыртқа шықты,  
Сүйгенім, жек көргенім, ұнатқаным.*

3-оқушы:

*- Туған тілім тірлігімнің айғағы,  
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.  
Өссе тілім мен де бірге өсемін.  
Өшсе тілім мен де бірге өшемін.*

4-оқушы:

*- Тәубе, тәуба жаратқанға, мың тәуба,  
Біреу болсам қайтер едім жан сауға.  
Менің ұлтым – қасиетті киелі,  
Жасық емес асыл оның сүбесі.*

5-оқушы:

*- Ана тілім, жүрегісің анамның,  
Жүрек-ана, мен өзіңнен таралдым.  
Сағат сайын саулығыңды тілеймін,  
Сенсіз маған керегі жоқ ғаламның.*

6-оқушы:

- Сенің арқаң қанып ішсем тұнықтан.  
Сенің арқаң дүниеден сыр ұқсам.  
Анашымды ұмытқаным емес пе?  
Ана тілім, егер сені ұмытсам!

7-оқушы:

- Сенің әрбір танысыңнан күн көрем,  
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.  
Ел бетіне қалай тура қараймын,  
Ана тілім, егер сені білмесем.

8-оқушы:

Асан қайғы, Жиренше,  
Сөйлеп өткен қазақ тіл.  
Жәнібек пен Қойлыбай,  
Сыйлап өткен ғажап тіл.  
Ата-анамыз әлдилеп,  
Уатқан бізді баба тіл.

9-оқушы:

- Сол туған тіл атауы-  
Ежелгі біздің қазақ тіл.  
Осы тілді жек көрген,  
Дүниеден қалар құр.  
Бағаласаң шынымен.  
Баба тілің – шын асыл.

10-оқушы:

- Ана тілі-біздің туған анамыз!  
Анамыздай сыйлап, бағып – қағамыз,  
Ана тілін бағаласақ қалай біз,  
Өзіңіздің сондай болмақ қалай біз,  
Ана тілін кім аялай білмесе,  
Анасынан безген ұл деп қараңыз.

Ән: “Анамның тілі”

I жүргізуші: -Халық өзінің тілін ең ардақтысы деп санайды, оны ерекше сүйеді. Қырғыз ақыны Сарноғаеттың айтқанындай, “Ана тілін сүймеген адам, халқын сүйіп жарытпайды”.

II жүргізуші:

- Тілді жасаушы халықтың өзі. Сондықтан халыққа қызмет етеді. Ана тілін қадірлемеген халықтың болашағы жоқ. Қазақ тілі – дамыған, жетілген, бай, икемді тілдің бірі. Бұл пікіріміздің растығын кезінде кемеңгер Абай дәлелдеген болатын.

I жүргізуші:

- Қазақ тілінің байлығы- қазақ ұлтының байлығы. Осы байлықты бағалай білуіміз керек. Сонда ғана біздің Қазақстан кез келген жұртпен иық теңестіре алатын іргелі ел бола алады.

Ән: “Елім менің ”

II жүргізуші:

- Балалар, оқу, білім, тіл, өнер туралы қандай мақал-мәтелдер білеміз, ортаға салайықшы. (айтып болғанан кейін, - жақсы , өте көп білетінімізді көрсеттік, рахмет).

I жүргізуші:

- Енді, оқушылар, ұлы адамдардың ана тілі туралы айтқан нақыл сөздеріне тоқталсақ қайтеді.

1-оқушы: -Б.Момышұлы: “Тіл дегеніміз- қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана емес, ертеңгі де тағдыры”.

2-оқушы:

-М.Қашқари “Игі істің басы- тіл, тәрбие басы-тіл”.

3-оқушы: -М.Әуезов: “ Ана тілін білмейтін адам мәдиетті адам санатына қосылмайды”.

4-оқушы: - Ш.Айтматов: “Халықтың мәңгілік ғұмыры оның тілінде. Әрбір тіл - өзінің халқы үшін- ұлы”.

II жүргізуші:

*-Тілім менің!*

*Осы тілде шежірем, жырым менің,*

*Асан қайғы арманы, қорқыт күйі-*

*Тағдырыммен тамырлас мұңым менің.*

I жүргізуші:

*-Тілім менің!*

*Тіршілігім тынысым, құным менің!*

*Бас бергенмен, махаббат тіл берген жоқ.*

*Тіл кесілсе, не болмақ күнім менің.*

II жүргізуші:

*-Тілім менің!*

*Ұлы Абайдай Мұхтардай пірім менің!*

*Тұнығым, рухани жан азығым,*

*Ол бүлінсе, менің де бүлінгенім.*

I жүргізуші:

*-Тілім менің!*

*Тілім үшін мың өліп, тірілді елім.*

*Арыммен, арыммен қатар қойып,*

*Тілді қорғау – парызым бүгін менің.*

II жүргізуші: - Енді, балалар, сендердің шешендік өнерлеріңді сынайық. “Ұйқасын тап” ойынын ойнайық.

- Ана тілін білмеген адам.....(ештеңе сезбейтін надан!)

- Түк сезбеген балаң....(жақсылық көрме одан)

- Достарыңмен тату бол...(дұшпаныңа қату бол)

- Жүйрік тілді ақын бол....(жақсылыққа жақын бол)

- Ақындардың бірі бол.....(туған елдің ұлы бол)

- Туған жердің гүлі бол...( азамат бол, ірі бол).

Бәрекелді, болар елдің ұрпағы екендеріңді көрсеттіңдер.

Бәрі:

*Туған жері- түп қазығы, айдыны,*

*Туған тілі- сатылмайтын байлығы,*

*Туған дәстүр, салт санасы, тірегі,*

*Қадамына шуақ шашар үнемі.*

*Және туған тарихы.*

Ән: “ Қазақстаным ”

II жүргізуші: - Қазіргі таңда ана тілін білу, үйренудің қажеттілігі жайлы орасан зор жұмыстар жүргізілуде. Еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін ана тіліміз- қазақ тілі мемлекеттік тіл деп бекітілді. Қазақстан Республикасының “Тіл туралы заңы” күшіне енді. Ана тілінсіз іс өрге баспайды. Ана тілімізді құрметтей білейік деген тілекпен бүгінгі кешімізді аяқтаймыз.

**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы  
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.01.2018 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №1, 2018 ж., 144 бет, Алматы.